

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№4 (161),
СӘУІР
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 19.04.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1500.
Индекс – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Академик Т.Омарбеков – 70 жаста!.....	2
Меңдігүл Ноғайбаева, Әбділдабек Салықбай. Төл тарихтың тарланы.....	2
Ғалия Ысқақова. Түргеш қағанатының этно-географиялық сипаттамасы.....	4
Шымырбай Нартбаев. Қазақ хандығының қалыптасуы.....	8
Жарылқасын Жаппасов. Ауызша тарих айту дәстүрі.....	10
Арман Жұмаділ. Еуразия көшпелілері әскери ісінің тарихнамасы.....	12
Оразгүл Мұхатова. Отандық тарих ғылымының майталманы.....	15
Фатима Қозыбақова. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері.....	18
Медина Байдәулетова. Қазақ зиялыларының мектепте оқытуға байланысты көзқарастары.....	21
Данагүл Махат. Уақыт ұштастырған желі.....	23
Сәкен Серікбаев. Қазақстанның тұңғыш астанасы.....	26
Жамиға Таңатарова. Талас Омарбековтің методологиялық ұстанымы.....	28
Зере Майданәлі. Екінші аудандардағы жеке шаруаларды жою.....	30
Күлімкөз Сантаева. Жетісу жеріндегі қазақ байларының қасіреті.....	33
Жанат Әбішева. Тұғыры биік ғалым.....	36
Нұрзипа Алпысбаева. Архив құжаттарын сөйлеткен ғалым.....	39
Ардақ Әбдірайымова. Тың игеру мәселесінің тарихнамасы.....	41
Гульнара Хабижанова. Изучения истории великой степи.....	43
Кайрат Алимгазинов. Воспоминания как идеологический инструмент.....	46

Тарихи таным және ғылыми зерттеу

Р.Аймағамбетұлы, Е.Жармағамбетов. "Алаш қозғалысының" қайнар көзі.....	49
Әлібек Аман. Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстары.....	51
Анар Кәрімова, Болатбек Мұзафаров. Қаһарман тұлға – Ермұхан.....	54
Айжан Талман. Жүсіп Баласағұн және патриоттық тәрбие.....	55
Нурсан Алимбай. Традиционный порядок установки юрты "үй тігу" у казахов: некоторые этнографические и когнитологические уточнения и дополнения.....	57



АКАДЕМИК Т.ОМАРБЕКОВ – 70 ЖАСТА!

Құттықтаймыз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері Талас Омарбекұлы үстiмiздегi жылдың 29 мамырында 70 жасқа толады. «Қазақ тарихы» журналының ашылуына, мазмұнының баюына білек сыбана кіріскен көрнекті ғалымдардың бірі, белсенді, әрі тұрақты авторы, ақылдасар алқасының мүшесі, төл тарихтың қажымас, қайсар қара нары, Отан тарихының олқылығын толтырып, кемшілігін түзеуге қомақты үлес қосқан Талас ОМАРБЕКОВТІ редакция ұжымы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті 70

жылдық мерейтойымен құттықтап, алдағы өміріне зор денсаулық, қайыр мен береке, отбасылық бақыт және шығармашылық толағай табыс тілейді!

Осы мерейтойға орай Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің ұсынысымен «Қазақ тарихы» журналының кезекті саны танымал тарихшы-ғалым Талас Омарбекұлының ғылыми-зерттеу ізденістеріне арналып отыр. Онда Тәкеңнің жетекшілігімен ғылыми дәрежелерін қорғаған шәкірт-ғалымдардың еңбектері арқылы зерттеуші-ғалым отандық тарихнамада негізін қалаған, зерттеуге жол ашқан, тың тұжырымдар енгізген, ғылыми тұрғыдан негіздеген тарихи проблемалардың бірқатарын көрсету мақсат етілді. Әрине, ол ұстаз-ғалымның ұланғайыр ғылыми шығармашылық қызметінің бір ұшығы ғана.

ТӨЛ ТАРИХТЫҢ ТАРЛАНЫ

Талас Омарбеков 1948 жылы 29 мамырда Жамбыл облысының Байзақ ауданы Ақжар ауылында дүниеге келді. Ол орта мектептен соң сол кездегі Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетін бітіріп, 1971 жылы Жамбыл облысының Жуалы және Байзақ аудандарында тарих пәнінің оқытушысы, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1972 жылдан бастап жас тарихшы өзі еңбек ететін Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Чапаев атындағы орта мектепте алғаш рет «Тарих және археология» музейін ұйымдастырды. Бұл музейге өзінің кезінде Тараз қаласына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізгендегі, облыстық музейдің ғылыми қызметкерлерімен бірге жүргізген аудан өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдерге, ежелгі Охум қаласына қазба жұмыстарының нәтижелері, олардан табылған археологиялық ескерткіштер, ежелгі түркі тас мүсіндері және т.б. қойылған еді. 1972 жылы ол республикалық баспасөз беттерінде тарихты оқыту әдістемесіне арналған көлемді мақалаларын жариялай бастады. 1977 жылы өзі білім алған Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына іштей оқу бөліміне түсіп, оны аяқтаған соң осында оқытушылыққа қалдырылды. Ал

1982 жылы ол кандидаттық диссертациясын қорғады.

1991 жылы Компартияның тарауы Т.Омарбеков тәрізді ұлттық мүдде тұрғысынан ойлайтын тарихшылардың зерттеу жұмыстарына көңіл ашты. ОГПУ-дің құпия мұрағаттарынан алынған құжаттар мен деректерді көптеп жариялауға, қордаланған тарихи тақырыпқа кең құлашпен, тың ныспен, зор құлшыныспен мақалалар жазуға толық мүмкіндік туды. Төл тарихтың ділгір мәселелерін жан-жақты талдаған еңбектері республикалық ақпарат құралдарында дүркін-дүркін жарияланып жатты.

1994 жылы ол академик К.Нұрпейісовтың ғылыми кеңесшілігімен докторлық диссертация қорғады. Диссертациялық жұмыс «Қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру» тақырыбына арналды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Т.Омарбеков төл тарихтың 70 жыл бойы қордаланған мәселелерін көтеріп, олқылығын толтыруға білек сыбана кірісті. Осы жылдары ол «Ақиқат» журналының бөлім меңгерушісі, жаңадан ашылған «Қазақ тарихы» журналының қызметкері, әрі редакциялық алқа мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газетінің тарихи тақырыптарға байланысты ғылыми кеңесшісі

қызметтерін жоғарғы оқу орындарындағы оқытушылық қызметтерімен қоса атқарды. Бұл кезең зерттеуші ғалымның XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер, кеңестік модернизациялау саясатының ақтаңдақтарын ашып, бұрмаланған тарихи ақиқаттың шымылдығын түрген аса бір белсенді ғылыми жұмысының шоқтығы биік бөлігіне айналды.

Т.Омарбек 1991 жылы бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне қызметке ауысады. Осы кезеңнен бастап ғалым-ұстаздың тағдыры арадағы жеті ай мерзімді есептемегенде (1994 жылдың қазан айынан 1995 жылдың сәуіріне дейін М.Тынышбаев атындағы транспорт және коммуникация академиясында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланыста өрбіп келеді. Алғашында Білім жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі, Тарих факультетінде профессор, ал 2001-2010 жылдар аралығында Қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы кафедрасының, ал 2011 жылдан университеттегі үш кафедраны қосып жасалған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Танымал тарихшының ғылыми-шығармашылық қызметінің жаңа бір белесі қазақ халқының этникалық тарихын зерттеу мәселелерімен байланысты болды. 2005 жылы жеке демеушілердің қолдауымен «Алаш» тарихи-зерттеу орталығын ұйымдастырып, оның директоры қызметін атқарды. Осы орталықтан Т.Омарбековтің жетекшілігімен және авторлық қатысуымен *«Қазақ ру-тайпаларының тарихы»* жобасы бойынша 30 томнан тұратын монографиялық еңбектер жарық көрді. Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша да ғалымның жетекшілігімен және авторлығымен *«Қазақтың этникалық тарихы»* ғылыми жобасы негізінде 9 томнан тұратын еңбектер баспадан шықты. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулер жалғасын тауып, *«Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)»*, *«Қазақ түркілерінің шығу тегі» (IX-XIV ғғ.)* атты жеке монографиялары баспадан шықты.

Т.Омарбекұлының ғылыми-зерттеу жұмыстарының келесі кезеңі көшпелілер өркениетінің мәселелерін зерттеуге ұласты. Ол 2013 жылы Елбасының *«Халық – тарих толқынында»* атты мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанынан *«Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығын»* құрып, директоры әрі ғылыми жетекшісі ретінде тың бағыттағы тарихи зерттеулерді жүзеге асыруға кірісті. 2013 жылдан өз жұмысын бастаған бұл орталық профессор Т.Омарбековтің жетекшілігімен Орталық Азиядағы дәстүрлі мәдениеттерді зерттеудің методологиялық мәселелері; көшпелілердің далалық империяларының тарихы; қазақ халқының этногенезі; Орталық Азия көшпелілерінің көшпелі емес, көрші халықтармен қарым-қатынастары тарихы; Дешті-Қыпшақтағы дәстүрлі қоғамның әлеуметтік және этномәдени құрылымына байланысты бес ірі ғылыми бағытта жұмыс атқарды.

Профессор Т.Омарбековтің тікелей бастамасымен ғылыми жобаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңінде мәселенің теориялық-методологиялық жақтарын зерттеу қолға алынды. Қазіргі отандық

және шетелдік гуманитарлық ғылыми әдебиеттердегі Орталық Азияның көшпелі халықтарының дәстүрлі өркениетінің тарихын зерттеуді көздеген талдаулар жасалды. Мұндайда Орталық Азиядағы тайпалар мен болашақ қазақ халқын құраған әрбір қазақ тайпаларының этникалық, әлеуметтік-саяси және мәдени байланыстарын зерттеуге, осы аймақтағы көшпелілер қауымдастығының этно-территориясының тарихы мен халықтардың дәстүрлі шаруашылық жүргізу түрлерінің ежелгі дәуірден бастап, кейінгі ғасырларға дейінгі ағымдары мен бағыттарын талдауға баса назар аударылды.

Орталықтың айқын жетістігі – Т.Омарбековтің тікелей ұйымдастыруымен әрі ғылыми жетекшілігі, авторлығымен жарияланған 4 томдық монографиялық зерттеу және «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» оқулығы. «Орталық Азияның көшпелілер өркениетінің тарихы» деп аталатын зерттеудің жалпы көлемі 80 баспа табаққа жуық. Ал 4 кітаптан тұратын, ҚР БҒМ бекіткен «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» деген оқулық университет студенттеріне арналған. Бұлар шын мәнінде Қазақстанның тарих ғылымында бұрынсоңды жазылмаған, жаңа, көлемді де іргелі еңбектер.

Бүгінгі таңда да үнемі ізденіс пен шығармашылық шабыт үстінде жүретін ғалым-ұстаз *«Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылым-зерттеу орталығының»* директоры ретінде халықаралық және республикалық деңгейдегі зерттеу жобаларына қатысып, жаңа ғылыми еңбектердің көшбасынан көрінуде.

Академик Т.Омарбековтің бүгінгі таңдағы жарияланған тарихи және тарихи-танымдық еңбектерінің жалпы саны 500-ге жуық. Ғылыми еңбектері алыс және жақын шет елдерде өткен халықаралық конференцияларда баяндалып, материалдар жинақтарында және жоғарғы импакт факторлы беделді шет елдік басылымдарда жариялануда.

Т.Омарбековтің ғылыми-педагог кадрлар дайындаудағы еңбегі де біртебе. Оның 1997-99 жылдары ҚазҰУ жанындағы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беретін диссертациялық кеңестің алғашқы төрағасы болғаны белгілі. Сондай-ақ, оның өзінің тікелей ғылыми жетекшілігімен 31 ғылым кандидаты, 7 ғылым докторы, 3 PhD дайындалды. 2007 жылы ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды. 2009 жылы Елбасының шешімімен «Құрмет» орденімен марапатталды. 2008 жылы Байзақ ауданының «Құрметті азаматы» атағына ие болды. 2011 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің арнайы «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісі берілді.

Бүгінгі таңда мерейлі жетпіс жастың белесіне жетіп отырған белгілі ғалым, ардақты ұстаз Талас Омарбекұлына зор денсаулық, отбасына амандық, мол ырыс пен берекелі бірлік тілейміз! Төл тарихтың тарланы атанған ағамыздың келешекте мерейі тасып, мейманасы асып, ғылыми-шығармашылық табыстары молая берсін!

Мендігүл НОҒАЙБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих,
археология және этнология
факультетінің деканы,
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
жазушы, Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің
Бас жүлдесінің иегері.

ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ЭТНО-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Ғалия ЫСКАҚОВА (Искакова),
PhD доктор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

Қазіргі таңда түркі қағанаттарының саяси, этникалық тарихын жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген дарынды ғалым, өз ісінің нағыз майталманы, кемеңгер ұстаз Т.Омарбеков – Отан тарихын жаңғыртып, ақтаңдақтарды толтыруға аса зор үлес қосып келе жатқан бірден бір ғұлама ғалым. Отан тарихындағы тарихи географияның маңызын, мүмкіндіктерін түсіндіріп, идеялар мен шабыт беріп, осы бағытта зерттеулерге бағыттағаны үшін ұстазым Талас Омарбекұлына алғысым шексіз. Ол – Отанына адал, мамандығын жанымен сүйетін, шексіз энергия иесі.

Түргештер туралы алғашқы ақпарат (türk türgis jir түркі және түргеш елі») шамамен 629 жылы Индияға қытайлық будда тақуасы Сюань-цзанның сапарын сипаттайтын Хуэй-лидің баянында кездеседі. Қытай жазбалары түргештер туралы ежелгі көлемді мағлұмат бере қоймайды. Қытайдағы биліктің кезінде түргештерді мойындамағаны, мемлекет ретінде оларға ерекше мән бере қоймағаны осыдан байқалады. Ежелгі Дулулардың құрамында болған бес ұлыстың бірі – Түргеш-Алаш чор (Ту Шишы Хелюшы) ұлысы Іле өзенінің ортаңғы және төменгі аңғарын мекендегені белгілі [1, б.226].

Түргеш қағанаты – ежелгі Үйсін мемлекеті жерінде, Батыс Түрік қағанаты орнында шаңырақ көтерген әскери-феодалдық мемлекеттің бірі. Оның негізін қалап, туын көтергендер Батыс Түрік қағанатына қатысты бес арыс ел Дулаттың (Дулудың) құрамына кірген негізгі тайпасы түргештер болды.

Түргеш қағанаты Батыс Түрік қағанаты билік жүргізген аумақта шаңырақ көтергендіктен, халықтың этникалық құрамына ерекше өзгеріс әкеле қоймады. Сондықтан бұрынғы қалыптасқан үрдіс бойынша Түргештер құрған мемлекетті бұрынғыша «он оқ елі, он тайпа, он жебе қағанаты» деп те атай берді. Бұл этнонимдердің қалыптасу тарихы тым әріден басталды. VI-VIII ғасыр аралығында оның құрамы әлденеше рет жаңарып, толығып отырған.

Түргештер – Батыс Түрік қағандығындағы дулаттың құрамындағы тайпа. Олар Елжау бидің ортаншы ұлы Дулының (Дайонның) үлесінде болған он мың үйден шыққан. Бұлар шежіре деректерде «сары үйсін» деп те аталады. Батыс қағандығы дәуірінде дулат тайпасы болған Іле өзені мен Шу өзені аралығында Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрді [2, 126-б.].

Батыс Түрік қағанаты құрамындағы бес тайпа дула қағанаттың сол қанатын құраған. Шу өзенінен шығысқа қарай созылған жерлер мен Жоңғар алқабын бес тайпа дулу мекендеген. Яғни өріс-қонысы ежелгі үйсіндердің атамекені еді. Н.Мыңжанның еңбегінде Түргештерге қатысты мынадай мәлімет бар: «Түргештер Батыс Түрік қағанатындағы Бес арыс ел Дулаттың белді тайпасы болған. Дулаттар Үйсін Күнбйі Елжаудың ортаншы ұлы Дулының (Далонның) үлесіне тиген он мың үйден өсіп-өргізген. Дулы (Дұғлы) ұлысы дегеннен Дулат (Дұғлат) атанған. Демек Түргештер ежелгі үйсін-дулы ұлысының ұрпағы. Дулат ұлысы заманымыздан бұрынғы екінші ғасырдағы ежелгі үйсін заманынан Іле өзенінің өңірін мекендеген» [2, 121-б.].

Зерттеулер Түргештердің шын мәнінде о бастан-ақ Ашына әулетіне жатпағанын көрсетеді. Яғни Түргештер – қара бұқаралардан шыққан түркілердің ұлыстарының бірі. Дулу одағын ашыналар билегенін ескерсек, Түргештерді

Дулулардың ежелгі ұлыстарының қатарына жатқыза алмаймыз. Егер олар әу бастан Дулу одағына орнықса, әрине, бұрынғыша Ашына қағандарының билігін мойындай беретін еді. Бұдан шығатын қорытынды – түргештер Дулу одағына кірме.

Билікке келіп алған соң біртіндеп сары түргеш және қара түргеш руларына бөлінген түргештердің шын мәнінде, сарылары билікті басып алған түргеш хандарының рулары болса, ал қара түргештер негізінен жергілікті халық дулулар еді. Дегенмен, ежелден бері қалыптасқан билік дәстүрі бойынша үкіметті басып алған тайпа немесе ру сол мемлекет халқына өздерінің атауын беруге тырысады. Осыған байланысты түргеш билікке келгенге дейін дулу аталған рулар енді қара түргештер деп аталатын болған [3, 226-228-б.].

Батыс Түрік қағанаты да, Түргеш қағанаты да «он оқ елі», «он тайпа қағандығы» деп аталып кеткенімен, қағандық құрамында басқа да үлкенді-кішілі тайпалар болғаны қытай жазба деректерінде анық жазылған. Қытай тарихшысы Лин Ган «Түрік тарихында» «он оқ еліне» тағы да 11 тайпаның аты мен мекен-жайын көрсетті [4, б. 16-18].

657 жылы Ару қағанның Таң империясына қарсы көтерілісі басылып, Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін аталған мемлекетті аймақтарға бөле бастады. Түргештердің екі тайпасы белгілі болды. Олардың біріншісі согэ мохэ Уалу (Валу) түтігі құрамына кірді. Екіншісі алиш жерінде Цзе-шань (Таза немесе Ақ тау). Ю.А.Зуевтің пікірінше, аталған екі тайпа 651 жылы аталған халач бірлестігіне кірген көрінеді. Аталған автордың пікірі бойынша халач деп отырғаны алаш сөзі, яғни ала мағынасын білдіреді деп көрсетеді [5, 147-148-б.].

Аталмыш он төрт тайпа бірлестігіне жоғарыдағы 21 тайпаның ішіндегі шато, чуми, чу йо қатарлы ірі тайпалар енбей қалған тәрізді. Әйтсе де бұл тайпалар да Түргеш қағандығынан аулақтанып, басқа жаққа кете қойған жоқ. Шато бір кездері шу йоның құрамында Батыс Түрік қағанатына бағынып, Іле өзені аңғарын мекендеп тұрған уақытта түргештермен тығыз байланыста аралас-құралас өмір сүрген. Батыс Түрік қағандығы әлсіреп, ішкі қырқыс жиілеп, асқынған тұста шығысқа жылжып Баркөл мен ұлы қорған шебіне дейін жайылып қоныстанды. Осы замандарда олар шато түріктері деп атала бастады.

Шато – түргештердің көшбасшы тайпаларының бірі. Олар Батыс Түрік қағанаты құрамына кірген чу-юе-жігілдердің бір тармағы. Юлдус алабында қоныстанған. «Танхуйяо» еңбегінің «Вассалды княздықтардың жылқы таңбалары» деген тарауында шато тайпасының [3] таңбасы көрсетілген [6, 101-б.]. Ю.А.Зуевтің шато сөзін Тұрфаннан табылған түркі-манихей мәтіндеріне талдау жасай келе «жүз» деген мағынаны білдіреді деп қорытынды жасады. Батыс Түрік қағанатында жігіл (парсы сөзінен қырық деген мағына білдіреді) тайпасының әулет атауы Шато болатын. Олар Солтүстік Қытайда Хоу Тан мемлекетін құрып, қытайдың Ли атауын қабылдаған. Оның негізін қалаған Ли Кэюн Айдаһар тайпасынан шыққан. Бәлкім сол себепті шато түріктерінде айдаһар культі орын алған.

Жігіл-шато Зуевтің пікірінше, «жүз ер» дегені әскери категориядағы адамдар емес, діни адамдар да болуы мүмкін (жігіл-шатолар манихей дінін қабылдаған).

Ә.Дәулетханның пікіріне сүйенсек, Таң дәуіріндегі жазба деректерде шатоны ежелгі аты бойынша чу йо

деп жазған. Чу йоның мағынасы – шатоларды билеуші дегенді білдіретіндіктен де болар ұйғырлар «шато түріктері» дегенді «шөл түріктері» деп, кейде «сарт түріктері, сатарлар» деп жазып жүр. Шатолардың бір бөлегі IX-X ғасырларда қытайланып, бір бөлегі ұйғырланып, ал бір бөлегі түргештер құрамына кіру арқылы кейінгі орта жүз, найман, уақтардың қатарын толықтырады [7, 128-б.].

Шато сөзінің этнонимі құм-шөл, немесе құмдауыт, шөлдіктер дегенді білдіретіндіктен де болар ұйғырлар «шато түріктері» дегенді «шөл түріктері» деп, кейде «сарт түріктері, сатарлар» деп жазып жүр. Шатолардың бір бөлегі IX-X ғасырларда қытайланып, бір бөлегі ұйғырланып, ал бір бөлегі түргештер құрамына кіру арқылы кейінгі орта жүз, найман, уақтардың қатарын толықтырады [7, 128-б.].

Хэлу – Батыс Түрік қағанатында мемлекеттік билікке қол жеткізген тайпалардың бірі. Таншу мәліметі бойынша хэ-лудің тарих сахнасына шығуы 642 жылмен сәйкестендіріледі. Істемі қағанның немересі Ашина-Хэлу жабу дулулардың билігіне қарсы төңкеріс жасап, билікті иемденді. Хэлуды белгілі тайпалармен сәйкестендіру қиындық туғызады. Бірақ белгілі болғаны он тайпаның бір шамасын біріктіріп, жүз жылға тарта гегемон болғаны.

Зуевтің пікірінше, Хэ-лу – араб және иран авторлары жазған халлұх деген тайпа. Шығыс авторлары қарлұқтарды қарлұх, харлұх, халлұх деп те атайды. Сун әулетіне және моңғол дәуіріне дейінгі кезеңде қытай деректерінде батыс қарлұқтар ха-ла-лу немесе харлук деген атпен белгілі. 763 жылы алтайлық қарлұқтардың Жетісуға шапқыншылығынан бірнеше жыл бұрын солтүстік Тохаристанда Гэ-ло-лу-чжоу округі құрылды.

Түргештердің этникалық құрамы жөнінде өзгеше, тіпті бүтіндей басқаша дерлік көзқарастағы ғалымдардың бірі – Гумилев. Ол «Көне түріктер» атты кітабында түргештерге әлденеше жерде арнайы тоқталған. *«Түргеш халқы екі тайпадан мұқырлар мен абарлардан пайда болды... Абарлар мен мұқырлар сияқты олардың ұрпақтары Түргештер телестік те, шулық та, тегінде түріктік те (түркіттік) топқа жатқан жоқ»,* – деп тұжырымдайды [8, 32-б.].

Қарлұқтардың шығыс және батыс болып бөлінуі 766 жылдан бұрын болған көрінеді. Себебі, Тардуш Күлі Чүр бітіктасының (VIII ғасырдың басы) мәтінінде қарлұқтың қарлұққа қарсы соғыс ашқаны айтылады: *«Қарлұқ жаулағанда Тезде (өзен) сүңгілескенде: ...сонда: кейін қарлұққа: және: сүңгілескенде: Еділ ағын мініп: ұмтыла тиіп: шанши итеріп: топтай: кірді:»* [9, 122-б.].

Бұл екі қарлұқ тайпасы арасындағы ішкі талас-тартыс емес, саяси және әскери күрестің белгісін көрсетеді. Сондықтан да, VII ғасырдың соңында халлұхтардың федерациясы чу-юе – жігілдермен, чуми – чумулдармен, гусу – оғыздармен және т.б. тайпалармен қатар гэ-ло-лу-қарлұқтар да болған көрінеді [6, 125-126-б.]. «Вассалды княздықтардағы жылқылар таңбалары» мәтінінде «Гэ-ло-лу Цзинь-Шаньнан (Алтай тауынан) батысқа қарай орналасты» деп жазылған [6, 95-б.].

Түргеш Үшелік – Батыс түріктің басқа бір бұтағы. Қара күйрегеннен кейін екі жақтың қағандары да кіріптар болды. Үшелік Құшыраның қол астындағы Бағадұр тархан еді. Құшыраны зұлмы санап, ұнатпады. Үшелік халқының сеніміне ие болды. Ғұлар соның жағына өтіп, түтін саны біртіндеп көбейді [10, 194-б.].

Түргеш қағандығы (699-766 жж.) Батыс Түрік қағандығында билікке ие болған соң үлкен Ордасын Суяб қаласына көшіріп, кіші ордасын Іле алқабында қалдырды [11, 116-б.]. Түргеш Үшелік Батыс Түрікке бағынышты нәсілден шықты. Үшелік ұлысына алыс-жақындағы Ғұлардың барлығы берілді. Түргештер жиырма тайпаға бөлінді, ал әр тайпа көсемінің қол астында 7000 әскер болды, яғни 20 тұтықтық құрылды. Олар Суябтың солтүстік-батысына ірге теуіп, кейін бірте-бірте Суябты басып алып,

ордасын сол жерге көшірді. Шекарасы солтүстік-шығыста түрікпен, оңтүстік-батыста Ғұ елдерімен тұтасып, оңтүстік-шығыста Шижоу (Тұрфан), Тиңжоу (Бэйтин, Бесбалық) дуандарына дейін созылды. Батыс Түрік қағанатының соңғы билеушісі Құшыра Қытайға бағынып, оның жер-суын Үшелік өзіне қосып алды [10, 146-б.].

Үшелік қаған өз мемлекетін оң қанаттағы және сол қанаттағы екі ордаға (Бес Түрік Дулуға және Бес Нұшбеге) бөліп, Суяб қаласын негізгі астана жасады. Екінші кіші астанасын Іле бойындағы Қойлыққа (Күнгітке) орналастырды. Соғысқа түргештер 150 мыңнан астам әскер шығара алатын болған [3, 18-б.]. Үшелік қайтыс болғаннан кейін (705 жылы немесе 707 жылы) сол жылы оның үлкен ұлы Өрлік тұтығы Саға сол қол аду тоқсауыл тай санғұг тағайындалып, әке шеніне мұрагерлік етті. Осы кезде оның үш жүз мың салт атты әскері болды [10, 194-б.]. **Сұлу қаған заманы туралы қытай деректерінде:** *«Түргештерден Қабыш чор Сұлу деген адам қалған ел-жұртты айналасына топтап, өзін қаған деп жариялады. Ұлыс-тайпалар біртіндеп соған бығынып, халқының саны екі жүз мыңға жетті. Батысқа өктемдік ете бастады»,* – деп жазады [10, 194-б.]. Яғни мемлекеттегі ішкі араздықтан соң, тұтастығын қалпына келтіріп, халқының саны екі жүз мыңға қайтадан жетеді. Көріп отырғанымыздай, өз заманы үшін халқының саны біршама көп есептеледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, Сағаның тұсында әскердің саны ең жоғары шегіне 300 мыңға жеткен. Бұл санға түркештерден басқа қосалқы құрама әскерге кірген көрші тайпалар, Батыс Түрік қағанаты ыдырағаннан кейінгі Түргештердің билігін мойындаған халықтар құраған. Ал оның әкесі 140-150 мың әскерді ғана басқарған болатын. Л.Гумилев болжаммен халықтың әскерге қатынасы коэффициентін есептей келе, сол сияқты бұл әскери жүйедегі мемлекетте әрбір ер адам әскери болғанын есепке ала отырып, халықтың саны орта есеппен 500 мың – 700 мың болған деген тұжырым жасайды. Аталған халық санын Қытаймен салыстырсақ, Таң империясының гүлденген шағында (754 ж.) империяның барлық халқының саны 58 млн болған [12, 120-б.]. Бұл сол заман үшін халқы мол мемлекет ретінде қарастырылар еді.

Қазіргі Қазақстан мен Қытай арасындағы халық саны ара қатынасын есептесек, Қазақстан халқын 18 млн., ал қазіргі Қытай халқын 1,5 млрд десек, соңғысының саны 83 есе көп. Ал жоғарыда айтылған Таң империясының халқы да Түргеш мемлекеті халқынан 83 есе көп болған. Көшпелілер еуропаның отырықшы халықтары сияқты тығыз орналаспағанын ескерсек, жоғарыда көрсетілген халқының саны бойынша Түргеш қағанаты аумағының ауқымды болғанын да айтуға болады.

Л.Н.Гумилев моко мен соге туралы былай деп жазған болатын: *«Олар жөніндегі алғашқы мәліметтер VII ғ. екінші ширегіне жатады, онда бұлар Дулудың бес тайпасы құрамында атап көрсетілген, 659 жылы Батыс түріктік қағанатты қытайлықтар жаулап алған кезде түркештер екі әскери округі: Соге және моко рулары өмір сүрген Іле өзені алқабының жоғарғы бөлігіндегі Ву-Ләуды және Алишелер тұрған Іле өзенінің батысындағы Го Шаньді мекендеді».*

Түргеш қағанаты құрылар қарсаңда яғни, 659 жылдан кейін Батыс Түрік қағанатына қарасты ел мен жерді Таң патшалығы тізгіндеуші әскери әкімшілік аймақтар құру арқылы басқарған болатын. Мәселен, 659 жылы қайта құрылған Күнлин тұтұқ мекемесіне (кейіннен Бей тиң – Бесбалық) қарайтын 23 уәлилік құрылған еді. Солардың қатарында Түргештер қоныстанған өңірде құрылған уәли мекемелері, Л.Н. Гумилев айтқандай, екеу ғана емес, кейінірек түргеш қағандығына негіз болған *«Бес Дулат пен бес Нұшбені қамтыған алты уәли мекемесі»* құрылған болатын.

Олар жазба деректерде былай көрсетілген:

1. Бүгінгі Шыңжаң Тарбағатай өңірін мекендеген Шимойын Лүй ұлысын бақылайтын Хұң Ян уәли мекемесі.

2. Вен Лу уәли мекемесі – Іле өзенінің орта және төменгі ағысының терістік жағасын мекендеген Сақа Баға (Суге Мұхе) ұлысының аумағы.

3. Жие сан уәли мекемесі – Суге мұхе ұлысының батыс аумағын мекендеген түркеш Алаш – Али-ше ұлысы.

4. Екі өгіз уәли мекемесі – Ысты тон шор ұлысы мекендеген бүгінгі Шинжяңның Бұратала ауданына қарасты батыс Бұратала өзені бойында құрылды.

5. Иың Са уәли мекемесі – Жаныс Шопан шор ұлысы мекендеген ертедегі Агінй, Қарашер аумағындағы Жұлдыз өзені аңғарында.

6. Ян бо жу уәли мекемесі – Қойлау Күлүч чор ұлысы мекендеген Үрімжінің батыс солтүстігі мен Манас өзенінің батысында құрылды.

Біз бұдан Түргеш қағанаты құрылу қарсаңындағы туыстас түркі халықтарының этникалық орналасу жағдайын байқай аламыз. Түргештер, арысы хұн, үйсін, көк түріктер құрамында тұңғұс-манжұр текті, авар-моңғол текті халықтар болмаған дегендік емес. Түрік халықтары құрған үлкенді-кішілі мемлекеттік құрылым нығайған тұста мемлекет атын иемденген билеуші тайпалар төңірегіне алуан түрлі шағын ру-ұлыстар, бөгде халықтар өкілі көптеп шоғырланып отырды. Уақыт өте келе: бір-біріне сіңіп, кірігіп кетті. Түргеш қағанаты құрамында батысқа ауған аварлар (жүржіт-жужандар) мен мұқы-бөкріндердің көшке ілесе алмай қалған топтарының да бар екеніне күмән келтірмейміз. Бірақ, Түргеш қағанатының негізін қалап, өз атауын берген түркештердің түріктерге еш қатысы жоқ, манжурлардың орман-тоғайлық мүкрін, бакриндер болатын дейтін гумилевтік талдаудың тарихи шындыққа үйлеспейтін жерлерін арнайы атап көрсеткіміз келеді [7, 129-6].

Түргеш қағандығы сары түргеш және қара түргеш деп екі иелікке бөлінді. Сары түргештердің ордасы Шу өзені бойындағы Суяб қаласында, Қара түргештердің ордасы Талас өзені бойындағы Талас қаласында болды. VII ғасырда «Сары түргештер» (мұқрилердің ұрпақтары) және «Қара түргештер» (абарлардың ұрпақтары) болып екіге бөлінуі олардың әлеуметтік статусын білдірсе керек. [13, 103-6]. Яғни, Сағаның әулеті «сары түргештерге» жатса, мемлекетті қалпына келтірген Сұлу ұлысының адамдары «қара түргештерге» кірді. Гумилевтің тұжырымы бойынша қара түргештердің саны 300 мың адам (бейбіт халық, әскер емес) болған. Сонымен қатар, Моңғолияда табылған түрік бітіг жазуларына талдау жасай отырып сонда аталатын Талас өлкесіндегі Аз тайпасы қара түргештер екені белгілі [5, 150].

766 жылы қарлұқтар Жетісуды басып алғанда тухси/тухс тайпалары қаған ерекшеліктерінен айрылды, алайда аздарға қарағанда дәрежелері төмендеген жоқ. «Худуд әл-аламда» тухсилерге бөлек тарау арналған болатын. Тухсилер шығысында жігілдермен, оңтүстігінде халуухтар (қарлұқтар), батысында қырғыздардың бір бөлігі, олардың солтүстігінде жігілдер. Олардың жерлері жігілдікілерден ерекшеленді. Олардың байлығы қойы, жылқысы, баспанасы мен әр түрлі аң жүндері. Қысы-жазы көшіп-қонып жүреді. Лазина мен Ф.Рахия – тухсилердің екі тайпалары. Әрқайсысы өздеріне тиесілі жері бар. Екі қоныстары тайпа аттарымен аталатын көрінеді.

Суяб – ірі қоныстардың бірі, шамамен 20 мың әскер шығара алады. Оның диханы Йынал бек тегін. Оның 3 мың әскері бар. Жоғарыда аталған екі қоныстың ортасында Уркат орналасқан. Ол кішігірім қоныс болғанымен, халқы аз, жері жайлы, халқы бай еді. Бартольд «Худуд әл-аламның» түсіндірмесінде Гардизи еңбегін талдағанда жігілдер мен түргештерге барар жолды сипаттай отырып шығу тегі түрік болып келетін екі диқан жайында айтып кетеді. Яғни Түргеш қағанатының шығысында тухси дегендері, ал оларға параллель А (аз) деген тайпа өмір сүрген. Жетісу аймағын

нашар білген Гардизи Тухсилердің Шуға жақын аймақта орналасқанын жазса, Махмұд Қашқари Шу өзені аймағын жақсы білгендіктен, тухсилер Іле бойына жігіл мен яғма тайпаларымен бірге орналасты деп жазады [14].

Сондай-ақ «Худуд әл-аламда» сонымен қатар кездесетін аз тайпасы мұсылман авторларының еңбектерінде кездесетін аз тайпасымен сәйкес келеді. Мәселен, ибн Хордадбектегі азгиштер қыпшақтар мен түркештер арасында орналасты деп көрсетілсе, Махмұд Қашқари оларды Үзкент жанында орналастырады. Ал Идриси олардың Іле бойындағы Ика қаласы астанасы болғанын жазған болатын [5, 154-155-6].

Сол сияқты аталған тухсилердің таңбасы мәселесіне келсек, тайпалардың таңбалары, оларды идентификациялау көптеген ғалымдар еңбектерінде зерттеліп келе жатыр (Қызыласов, Зуев, Самашев, Рогожинский, Базылхан, Табылдиев, т.б.) және даулы мәселелердің бірі болып келеді [15, 60-6].

Ә.Дәулетханның талдауынша, «сарылар» байырғы тұрғындар – мұқырлар. Ал, «қаралар» – келімсек аварлар. Олар бірігіп, бір халық болып кетсе де өздерінің шыққан тектерін, нәсілі бөлектігін әлі ұмыта алмаған”, – деп жазады. Сайып келгенде, біз түргештің түрік екенін, «нағыз түрік» екенін, дулаттың белді тайпасының бірі ретінде Жетісу мен Еренқабырғаны мекендеп келген ежелгі халық екеніне күмән келтірмейміз. Сондықтан да VI ғасырдың алды-артында Жетісуға келіп қоныстанды делінген мұқырлардың (мохэ-мұқрилер) VII ғасырдың басында Жетісудың «байырғы тұрғыны» ретінде сарылар – ақсүйектер қатарына жатқызатын Л.Гумилевтің тұжырымына қайшы.

Ежелден бері қаған шығып келген түргеш, шеп тайпасы тұтастай алғанда ақсүйек «сарылар» аталуға хақылы. Олай болғанда «келімсек, қаралар» шимойындар болып шығады. Алайда олай деуге ешбір тарихи негіз жоқ. Яғни, түстер, оның ішінде сөз болып отырған VI-VIII ғасырдағы «азиялықтардың» сары, қара түстер жөніндегі ұғым-түсініктері тіпті де басқаша болса керек-ті.

Қытай тарихшысы Шуе Зұңжыңның пікірі «Қара» жөніндегі бұлдырлыққа сәуле түсіретін сияқты. Ол былай дейді: «Түргеш» қағандығының соңғы кезінде Сұлұқтың ұрпағы арасындағы тақ таласы өршіп кетті. Қағандыққа жол ашып, көш бастаған Сақал хан шыққан түркеш тайпасы сары шаштылар тұқымына жататындықтан, оны қолдаушылар сарылар деп аталды.

Ал, Сұлу болса қағандықты қалпына келтіріп, айбынын асырған қаған еді. Ол шыққан Шеп тайпасы қара шашты, нақ моңғолдық типке жататындықтан, Сұлұқты қолдаушылар қаралар болып аталды».

Бұл арада сөз – ақ сүйек, қара сүйек, бұратаналар туралы болып тұрмаған сияқты. Өйткені, Сақал да, Сұлұқ та тарихтан бері қаған шығып келген түргеш пен шеп сияқты билеуші – ақсүйек тайпаның өкілдері еді. «Келімсек аварлар» туралы бір нәрсе деуге орын жоқ тәрізді. «Қара, қара шаштың» дегдарлыққа, ақсүйектікке қатысы туралы ой кездірсек, сөз ұзаққа кетеді. Түйіндеп айтқанда Миллер мен Г.Е.Грумм-Гржимайлолар ғұндардың қара шаштыларға жататынын, ал, Х.Короглы «Оғыз ханның шашы мен сақалы қара болғанын» жазған еді. Грумм-Гржимайлоның анық жазғанындай түріктердің де шашы қара болған. Түріктердің дене бітімі мен түр-түсі қандай болғанына дауласпай-ақ, Күлтегін бейнесі түсірілген тас мүсінге бір қарау жеткілікті.

Сұлу қаған халықтың көпшілік сеніміне ие болып, мемлекет аумағын сақтап қалып, шекараларын берік ете білді. Ол әрбір жорықтан кейін олжаны әскеріне бөліп беріп, халықты риза ете білді. Сонымен қатар, түркі қағанымен, тибеттік цэнпомен және 722 жылы императормен дипломатиялық некелерге қол жеткізді. Ашина елінен шыққан ханшайымға үйленген Сұлу көшпелілердің ақсүйек қатарына

қосылып қана қоймай, империяның аристократиясы құрамына кірді. Сөйтіп, мемлекет тұтастығын 737 жылға дейін сақтай білді [8, 30-б.].

Көріп отырғанымыздай, **Түргеш қағандығы өзінен бұрынғы Батыс Түрік қағандығы сияқты Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейін территориядағы он оқ тайпасын түгел биледі.** Оның негізгі орталығы Үйсін аумағы болды [2, 134-б.].

Осы күні археологтар жақсы зерттеген аймақтардың бірі – Шу мен Іле өзендерінің алқаптары, Іле Алатауының солтүстік-батыс бөктері, Кіндіктас тауы, Шу-Іле тауларының оңтүстігі мен орталығы. Аталған аймақта жоғарыда айтқан уақыт аралығында 150 ортағасырлық таңба-петроглиф (300 бейне) орны табылды. Тарбағатай, Сарыарқа, Қаратау, Маңғыстауда, Шығыс Жетісу жерінде (Жоңғар Алатауы, Кетпен) 160 таңба 52 жерде анықталды [16, 30-б.]. Негізінен түркі дәуірі таңба-петроглифтері жартас беттерінде, стелаларда қоршаулары бар түркі мемориалды кешендерінде (Жайсаң, Құлжабасы, Қоғалы) кездеседі [17, 93-б.].

Бұлардың ішінде неғұрлым жиі кездесетіні – жылан мен «омега» пішіндес таңбалар. «Омега» пішіндес таңбаны Рогожинский археологиялық заттар мен Қошқар (Кочкор) өлкесінде эпиграфикалық ескерткіштермен салыстырып, Ферғана мен Шашта анықталған теңгелердегі династиялық таңбалармен сәйкестендіре отырып, олардың пайда болуы шамамен VIII ғасырдан ерте емес, сондай-ақ IX–X ғасырлармен байланысы бар деген болжам жасайды. [11, 93-б.].

Ал К.Табалдиев Қырғызстан аумағында Қошқар аңғарында (Көк-Сай, Чап), Ыстықкөл маңында (Тосор, Чолпон-Ата, Чийин-Таш, Алабаш), Алай аңғарындағы (Бөлелу) тастарда бейнеленген таңбаларды зерттеген.

Таңбалар негізінен ортағасырлық түркі жазбалары, жартастардағы суреттер және жерлеу кешендерінде зерттелген. К.Табалдиев жоғарыда аталған таңбаның [18, 54-б.] Батыс Түрік қағанаты құрамындағы жетекші тайпаға, яғни VIII ғасырдағы түргеш этникалық топтарына тиесілі екені туралы тұжырым жасады. С.Кляшторный К.Табалдиевтің пікірімен келісе отырып, Қошқар мәтіндері, яғни жазулары 716-739 жылдары жазылған дейді және олардың Жетісу мен Тянь-Шань бойындағы Түргеш қағанатының екінші кезеңімен байланыстырады [19, 75-б.].

Бұдан бірнеше тұжырым жасауға болады. Біріншіден, біз айтқандай, Батыс Түрік қағандығы құрылған кезде қол астындағы негізгі халқын он ұлысқа бөліп, әр ұлысқа бір оқ берген, сөйтіп, бұл ұлыс «он оқ бұдұн» (он оқ халқы) деп аталған. Яғни Түргеш қағанаты халықтың этникалық құрамына елеулі өзгеріс енгізбеген. Оларға оқ халқын билеп, мемлекеттің негізгі күшіне айналдыра білді. Сол себептен Түргеш қағанаты да қытай жылнамалары мен түркі жазбаларында «он оқ елі» деп аталады [2, 134-б.].

Екіншіден, VI–VIII ғасырларда Отырар оазисі, Шаш, Ферғана Батыс Түрік қағанаты құрамына енген еді, мұндай жоғарғы билік қаған қолында болды. Сюань Цзан Шаштың айналасында ондаған қалалар бар және оларды бір-бірінен тәуелсіз билеушілер басқарып отырғанын жазған болатын. Демек, өз аттарынан ақша шығарып отырған. Отырар оазисінде табылған үш түрлі монетаның бірінде (О.И.Смирнова бойынша түргештер Жетісуда VII ғасырдың 30 жылдарынан бастап ақша шығара бастады), бір жағында арыстанның бейнесі, екінші жағында рулық таңба –  «ат», О.И.Смирнованың тұжырымы бойынша, Жетісуда билік еткен түркештердің рулық таңбасы болып табылатын таңба бейнеленген. О.И.Смирнованың тұжырымы бойынша осы аталған арыстан мен түргештердің рулық таңбасының монетада бейнеленуі екі түрлі мағына беруі мүмкін. Бірі, монетаны түргештердің өздері жасап, алдында билік құрғандарға еліктеу сақталған, немесе, жергілікті халық өздерінің сюзеренге тәуелділігін көрсету болса керек [20,

370-б.]. Екі болжамның қайсысы шындыққа келсе де, мұнда анықталатын бір жайт Отырар оазисі, жалпы Оңтүстік Қазақстан аумағының Түргеш қағанатына тиесілі аймаққа жатқандығы.

Түргеш қағанатын құраған тайпалар аумағы мен жалпы мемлекет шекараларының қалыптасуы және өзгеріске ұшырауы тарихи оқиғаларға тәуелді болып, олар жазба және археологиялық деректерде көрініс тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Омарбеков Т.** Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – 192 б.

2. **Нығмет Мыңжан.** Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

3. **Омарбеков Т.О.** «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» Дулаттар XI том. Бірінші кітап. – Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2008. – 466 б.

4. **Дәулетханов Ә.** Түркеш қағанаты (саяси және мәдени тарихын зерттеу) 692-766 жж.: автореф. ... тар. ғыл. кандидаты: 07.00.02. – Алматы, 2002. – 26 б.

5. **Зуев Ю.А.** Ранние тюрки. Очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с.

6. **Зуев Ю.А.** Тамги лошадей из вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата: АН КазССР, 1960. – С. 95-128.

7. **Дәулетхан Ә.** Түркештердің этникалық құрамы және этноаумағының қалыптасуы // Отан тарихы. – 2012. – № 4. – Б.124-133.

8. **Гумилев Л.Н.** Древние тюрки. – М.: Астрель, 2010. – 575 с.

9. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Көне түрік бітік тастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 2. – 252 б.

10. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. – Алматы: Өнер, 2006. – Т. 2. – 344 б.

11. История Киргизской ССР: в 2-х томах. (ред. кол. Б.Д. Жамгерчинов и др.) – Фрунзе: Кыргызстан, 1968. – Т. 1. – 708 с.

12. **Грумм-Гржимайло Г.Е.** Западная Монголия и Урянхайский край. – Л.: Наука, 1926. – Т. 2. – 384 с.

13. **Искакова Г.** Түркеш қағанатының аумағы мен шекарасы // «Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу мәселелері және теориялық-методологиялық ұстанымдар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – Б. 103-105.

14. **Iskakova G.** Patterns of Turkic tribes, clans territory and borders formation (VI-VIII centuries) // Қазақ хабаршысы, тарих сериясы. – Алматы, 2013. – № 2 (69). – Р. 66-69.

15. **Смирнова О.И.** Сводный каталог согдийских монет. – Москв: Наука, 1981. – 548 с.

16. **Рогожинский А.Е.** Памятники наскального искусства как культурные ландшафты // Сборник материалов Международного семинара-тренинга по историко-культурному наследию стран СНГ, проведенного 19-23 сентября 2011 г. – Алматы, 2011 – С. 28-37.

17. **Рогожинский А.Е.** Тамги-петроглифы средневековых кочевников Казахстана: итоги новейших исследований и перспективы дальнейшего изучения // Сборник материалов международного научно-практического семинара «Историко-культурное наследие и современная культура». – Алматы: Service Press, 2012. – С. 91-103.

18. **Табалдиев К.** Изучение эпиграфики и знаков-тамг Кыргызстана // Сборник материалов международного научно-практического семинара «Историко-культурное наследие и современная культура». – Алматы: Service Press, 2012. – С. 52-61.

19. **Самашев З., Базылхан Н., Самашев С.** Көне түрік таңбалары. – Алматы: Abdicompany, 2010. – 168 б.

20. **Бурнашева Р.З.** Монеты Казахстана как один из источников изучения социально-экономического, политического и духовного взаимодействия городов Южного Казахстана и Средней Азии (VII-XII вв.) // Взаимоотношение кочевых культур и древних цивилизаций. – Алма-Ата: Наука, 1989. – С. 367-374.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: *тарихи зерттеулер негізінде*

Шымырбай НАРТБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақстан инженерлі-педагогикалық
Халықтар достығы университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-
гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Қазақ хандығының тарихы XIII ғасырдың I жартысында негізі қаланған, Көк Орда аталған Орда-Ежен ұлысынан басталады. Оны осыған дейін жарияланған «Қазақ жүздерінің пайда болу тарихы» деген мақалада атап өткенбіз (1). Осы ұлыс пен Шайбани ұлысының құрамындағы тілі, әдет-ғұрпы, айналысатын шаруашылығы бір қыпшақ, арғын, найман, керей, қоңырат тайпалары ХҮ ғасырдың 50-жылдары Орда-Ежен мен Шайбани ұрпақтарының билікті бөлісе алмай араздасуынан екіге бөлініп, Жәнібек пен Керей сұлтандар бастаған бір бөлігі, Әбілқайыр ханның Сыр бойындағы иелігінен Моғолстан жеріндегі Шу өзені бойындағы Қозыбасы жайлауына бөлініп келіп, қазақ атанды. Осы Шу бойында ХҮ ғасырдың II жартысында Қазақ атты хандықтың пайда болғандығы белгілі. XIII ғасырдың ортасындағы Көк Ордадан ХҮ ғасырдың II жартысындағы Қазақ хандығының айырмашылығы: бірінші, атауының Қазақ болып өзгеруі; екінші, халық санының аздығы. Орда-Ежен ұлысы мен Қазақ хандығының арасындағы бар айырмашылық осы ғана.

Алғашында 1458-59 жылдары Жәнібек пен Керей сұлтандарға еріп, Шу бойына көшіп келгендер мен осыларға 1468 жылы Әбілқайыр хан өлгеннен кейін келіп қосылған «өзбек-қазақ» немесе «қазақ» аталғандардың саны бар-жоғы 200 мың еді. ХҮІ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Қасым ханның тұсында оларға қазақтың болашақ Ұлы жүзінің бірқатар рулары қосылды. Алайда Қасым ханның 1517 жылы батысқа қоныс аударып, Жайық өзенінің төменгі ағысын мекендеуіне байланысты бұл рулар Қасым ханға ермей, ата қоныстарында, яғни Жетісуда қалып қойған (2). Қасым ханның тұсында маңғыттардың немесе ноғайлардың есебінен саны миллионға жеткен Қазақ хандығының халқы 1523-24 жылдары хан болып сайланған Тахирдің кезінде қайта 200 мыңға дейін азайып кеткен.

Дарынсыз Тахир хан ноғай мырзаларымен тіл табыса алмай, жанжалдасу нәтижесінде екі арадағы достық қатынас бұзылып, соғыс қаупі төнген. Соғысуға әскер күшінің жетіспейтінін түсінген Тахир хан шығыстағы Моғолстанға көшпекші болғанда, ноғайлар оған ермей, Жайық бойында қалып қойған. Тахир хан шығыстағы Моғолстанға Қазақ хандығының негізін қалаған 200 мың «қазақ» аталғандарымен бірге қайтып оралған (3). Қазақ тарихын жазуда елеулі орны бар Талас Омарбековтың «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты кітабында Тахир ханның билік басындағы қызметі қасіретті, ал оның жеке басы қазақтар арасында беделсіз болды (4) деп көрсетілген.

Егер де Қасым хан, Алаша аталған Ахмет хан 1503 жылы өлгеннен кейін өз халқымен Жетісуға көшіп келсе, оған қазақтың болашақ Ұлы жүзінің рулары қосылып, хандықтың халқы көбейген. Ал егер Қасым хан батыстағы Жайық бойына қоныс аударса, онда оған Ұлы жүз рулары ермей, ата қоныстарында қалып, қазақтардың саны енді ноғайлардың есебінен миллионға жетіп көбейген. Көрініп тұрғанындай, алғашқыда хандық құрылғанда, Жәнібек пен Керей хандардың тұсында қазақтардың саны 200 мың болса, ХҮІ ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы Қасым хан мен одан кейінгі Тахир хандардың тұсында да «қазақ» аталғандардың саны сол баяғы 200 мың күйінде қалған. Қазақтардың осы саны, тіпті Тахир хан болған 1524 жылдан 57 жыл өткеннен кейін 1582 жылы жазылған түрік Сейфи Челебидің «Тауарих» атты еңбегінде де 200 мың деп көрсетілген (5).

Осындай тарихи фактілерге сүйене отырып, біз 1600–1603 жылдары Ормамбет би өлгеннен кейін Үлкен Ноғайлы ұлысының бір бөлігі Жайық бойынан Арал теңізінің солтүстік-шығысы мен Сырдың төменгі ағысына қоныс аударуына және қалмақтардың 1603–1604 жылдардың қысында Жетісудағы болашақ Ұлы жүз руларын Қазақстанның орталығы мен оңтүстігіне ығыстыра Хорезмге шабуыл жасауына дейін, яғни қазақ жүздері пайда болғанға дейін «қазақ» атауымен тек қана қазақтың болашақ Орта жүзінің тайпалары ғана аталған деп санаймыз.

Жайық бойынан Моғолстанға ауып келген Тахир ханды 1526 жылдан кейін қазақтардың тастап кеткендігі, оның қырғыздар арасына барып жоқшылықтан өлгендігі Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашиди» атты еңбегінен белгілі (6).

ХҮІ ғасырдың 30–50-жылдары Қазақ хандығын Тоғым хан мен Бұйдаш хан билеген. Олар – Жәнібек ханның ұлдары Жәдік пен Әдік сұлтандардың балалары. Бұл хандар Қазақстанның оңтүстік-шығысында билік құрған. Тоғым хан 1537 жылы моғол ханы Абд-ар-Рашидпен болған соғыста, ал Бұйдаш хан 1557 жылы қайтыс болған (7). Осыдан кейін Қазақ хандығындағы билік Қасым ханның ұлы Хақназардың қолына көшкен. Аңыз бойынша Хақназар бір ноғай мырзасының қолында тұрған, яғни ноғайлардың арасында өсіп, ер жеткен (8).

Жәнібек пен Керей хандардың билік құрған кезінен бастап, Қазақ хандығының орталығы Жайық бойындағы Сарайшық қаласы болған. Сарайшық қаласын орталық ету дәстүрі Бұрындық пен Қасым хандардың тұсында да жалғасқан (9). Бұл дәстүр 1524 жылы Тахир хан болғаннан кейін бұзылып, қазақтар Моғолстанға қоныс аударған. Әкесі сияқты Хақназар да өз хандығын ноғайлардың әскери күшімен нығайтып отырған. Алғашқыда ноғайлардың күшімен хансыз қалған қазақтарды

өз қоластына біріктірген Хақназар 1556 жылы Ташкентке шабуыл жасаған. Осында және «Шарафнаме-йи шахи» атты ортағасырлық шығармада 1579 жылғы Ташкент билеушісі Баба сұлтан мен Мауреннахр билеушісі Абдоллах хан арасындағы қақтығысқа араласқан қазақтардың ханы Хақназар деп көрсетілген. 1583 жылы Шығай баласы Тәуекел сұлтанның Абдоллах хан қарамағынан Дешті Қыпшаққа кетіп, 1586 жылы қазақтардың әскери күшімен Ташкентті басып алуға әрекет жасауы (10) сияқты тарихи фактілер, кейбір зерттеушілерден: Жәнібек, Шығай, Хақназар қазақтарының арасында ешқандай генетикалық байланыс жоқ. Бұлар – үш бөлек қазақтар (11), дейтін пікірінің дұрыс еместігінің дәлелдейді.

Жәнібек пен Керей хандардан Есім ханға дейін бір ғана қазақтар болған, олар – 1468–69 жылдары саны 200 мыңға жетіп, «өзбек-қазақ» немесе «қазақ» аталған болашақ Орта жүз тайпалары. Осы қазақтардың алғашқы хандары болған Жәнібек пен Керейден кейін хан болған Бұрындық пен Қасым, Қасымның ұлдары Мамаш пен Хақназар хандардың кезінде Қазақ хандығының орталығы Жайық бойы болған.

Мұндай пікір айтуға мынадай тарихи фактілер негіз береді: бірінші, Бұрындық Сарайшық қаласын мекен етіп хандық құрған; екінші 1516 – 1517 жылдың қысында қазақтарға қарсы Көшім хан бастаған шайбани сұлтандарының бірлескен жорығына байланысты Қасым хан Жайық бойына қоныс аударып, осында қайтыс болып, Сарайшық қаласында жерленген; үшінші, Қасым өлгеннен кейін оның орнына хан болған ұлы Мамаш Жайық бойын мекендеген, ал өлгеннен кейін хан болған Тахир Жайық бойынан Моғолстанға қоныс аударған; төртінші, аңыз бойынша Хақназардың бір ноғай мырзасының қолында тұрғандығы; бесінші, XVI ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 50-жылдары тарих анналына тіркеле бастаған **Хақназар тек қазақтардың ғана ханы болмай, сондай-ақ, ол Астрахан және Қазан хандықтарын бағындырып, ноғай, татар, башқұрттардың да ханы болып, осы ғасырдың алпысыншы, жетпісінші жылдары орыс патшасы Иван Грозныймен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, Жайық бойын мекендеді; алтыншы, Хақназар туралы тарихи деректер, мұсылман тарихшыларының еңбектеріне қарағанда орыс патшаларының мемлекеттік құжаттарында көп кездеседі және ол туралы аңыздар башқұрттар арасында сақталған (12).** Осындай тарихи фактілерге сүйене отырып, біз, Бұрындық ханнан бастап, 1579 – 80 жылдары Хақназар өлгенге дейін Қазақ хандығының орталығы Жайық бойы болған дейтін қорытынды жасай аламыз.

1594 жылы Тәуекел хан орыс патшасы Федормен елшілік қатынас орнатып, 1598 жылы Сыр бойындағы қалаларды, Ташкентті қаратты. Осыдан кейін Қазақ хандығының орталығы Жайық бойынан Сыр бойына, ал хандықтағы билік Қасым ұрпақтарынан Жәдік ұрпақтарына көшті. XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында Жоңғар қалмақтары Қазақстанның солтүстік-шығысында, солтүстігінде, батысында көшіп қонып жүрді (13), ал, 1603 – 1604 жылдың қысында олардың бір бөлігі Жетісудағы болашақ Ұлы жүз тайпаларын Сарысу өзенінің арғы бетіне ығыс-

тыра отырып, Қазақстанның оңтүстігі арқылы Сырдариядан өтіп, Хорезмге шабуыл жасап, оны тонап, Каспий мен Арал теңіздерінің аралығымен жылжи отырып, Жем өзені бойына келіп тұрақтады. Сыр бойындағы қалалар мен Сайрам, Ташкентке оңтүстіктен Аштархани әулетінің хандары қауіп төндірді. Осылайша қалмақтардың жан-жақтан ығыстырып, тықсыруынан XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында «қазақ» аталғандарға Жетісудан ығысқан болшақ Ұлы жүз тайпаларының, батыстан Ормамбет өлгеннен кейін және қалмақтардың Жем бойына келуінен ығысқан ноғайлардың бір бөлігінің қосылуынан, яғни ортадағы бөлікке немесе бет-жүзге батыс пен шығыстағы екі бөліктің немесе бет-жүздердің қосылуынан үш жүзден тұратын біртұтас қазақ халқы мен Қазақ мемлекеті пайда болды.

Қазақ жүздерінің пайда болуы мен Қазақ хандығының тарихына жасалған талдаудан көрініп тұрғанындай, қазақтың үш жүзі – Жошы әулетінің үш ұлысы немесе мемлекеті құрамында үш жарым ғасыр бойы қалыптасқан. Аталмыш ұлыстар құрамында тек қазақ жүздері ғана емес, сондай-ақ қазіргі қазақ тілінің солтүстік-шығыс, батыс және оңтүстік диалектілері де қалыптасқан (14).

Егер де XIII ғасырдағы Моңғол шапқыншылығы болашақ Қазақ хандығы негізінің және қазақ жүздерінің пайда болуына себепші фактор болса, ал, XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында Жоңғар қалмақтарының Қазақстанның шығысын, солтүстігін, батысын басып алып, Жетісудан болашақ Ұлы жүз, батыстан болашақ Кіші жүз тайпаларын, оның орталығы мен оңтүстігіне ығыстыруы XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында үш жүзден тұратын бір тұтас қазақ халқы мен Қазақ мемлекетінің пайда болуына себепші фактор болды. XV - XVII ғасырлардағы қазақ хандығының тарихына жасалған талдауды осылайша қорытуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нартбаев Ш., Кәрібаев С., Нұржанов Б. Қазақ жүздерінің пайда болу тарихы. А.Яссауи ат. ХҚТУ халықаралық конференцияның материалдар жинағы 2003. 160 – 172-беттер.
2. Қазақстан тарихы. II том. Алматы. Атамұра 1998 376 бет.
3. Сонда 385 бет.
4. **Т.Омарбеков., Ш.Омарбеков.** Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы "Қазақ университеті" 2004.
5. **Бартольд.** Сочинение. Том II. ч.1.изд. Вост. лит. Москва 1963. Стр.97.
6. **М.Хайдар Дулати.** Тарихи Рашиди. Алматы. "Санат". 1999.324-бет.
7. Қазақстан тарихы II том387-бет.
8. Сонда395-396-беттер.
9. Бұлда сонда ... 373 – 374-беттер.
10. Бұлда сонда ... 396-бет.
11. **Тынышпаев М.** Великие бедствия.... Алматы "Жалын". 1992. Стр. 67.
12. Қазақстан тарихы. II том398-бет.
13. Сонда 429 бет.
14. **Аманжолов С.** Вопросы диалектологий и историй казахского языка. Алматы. "Санат". 1997. стр 229-261.

АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІ

және XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары

Жарылқасын ЖАППАСОВ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ халқы төл тарихын ұдайы жадында ұстап, оны сан алуан формада, әр түрлі жанрларда қалыптастырып, келер ұрпағына аман-есен жеткізіп отырған. Қазақтың батырлық жырларының, дастандарының бәрінде де тарихи шындықтың негізі жатыр. Ауызша тарихи деректердегі қазақ-орыс қатынастары мәселесі арнайы түрде зерттелмеген, маңызды тақырыптардың бірі екенін профессор Талас Омарбеков өзінің көптеген ғылыми еңбектерінде дәйектеп берген болатын. Аталған ғалымның «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты монографиясында ауызша деректердің маңызы туралы айтылып, орыс княздіктері мен Алтын Орда, орыс мемлекеті мен Қазақ хандығының қарым-қатынастарының кейбір өзекті мәселелеріне қатысты жаңаша тұрғыда пікірлер айтылады [1].

Қазақ тарихының дерек көздерінің бірі – ауызша тарих айту дәстүрі. Қазіргі кезеңде көшпелі қоғамда тарих айтудың мұндай дәстүрінің болғандығына ешкім дау айта алмас. Бұл мәселенің анықтамасы, дәстүрге жататын туындылар түрлері, олардың қазақ тарихының дерек көздері ретіндегі маңыздылығы тарихнамада біршама қарастырылды [2].

Қазақ фольклорындағы тарихи жырлардың көпшілігі ел өмірінде болған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Оқиғаның жалпы шындығы ғана емес, кейбір ұсақ жағдайлардың өзі де тарихи мәліметтерге дәлме-дәл келіп отырады. Адам аттары, оқиғаға қатысушылардың сол кездерде шын болған, сол күрес-тартыстарға қатысқан адамдар екендігін тарих арқылы айқындау қиын емес [3, 147-б.].

Атақты тарихшы Е.Бекмаханов: «Фольклорлық материалдың маңыздылығы сонда, ол тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады» [4, 42-б.], – десе, филолог-ғалым С.Қасқабасов: «Фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты, оның болмысының бір бөлшегі. Сондықтан ол адам өмірінің барлық жағын бейнелейді, шаруашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан толық мәлімет береді... халық тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтып, солардың негізінде жаңа шығармалар туындап, тарихи қайраткерлер жайында әңгімелейді» [5], – деп жырдың тарихи құндылығын негіздеген болатын.

Қазақ хандығының Орталық Азия хандықтары мен орыс елі арасындағы қарым-қатынас тарихын зерттеген М.Қ.Әбусейітова тарихшылар арасында алғашқылардың бірі болып бұл мәселеде қазақ халқының ауыз әдебиетін, шежіресін дерек көзі ретінде пайдалануды ұсынады. Зерттеуші қазақтың ауыз әдебиеті мен шежіресін даланың ауызша тарихнамасы деп бағалайды.

Қаһармандық жырлар – халқымыздың тарихи танымы мен рухани мұрасының кәусәр тұнығы.

Мұнда халықтың талай-талай тарихы жатыр. Қиысы мен бұралаңы мол ұлттық тарихымыздың қыр-сыры ашылмаған дүдәмал тұстары жетерлік. Солардың бірі қазақ-орыс байланыстары деп айтуымызға болады.

Біздің тарих ғасырлар бойы атадан балаға ауызша айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жаттатылып жеткен. Халқымыздың өмір салтының ерекшелігіне байланысты, оның мыңдаған жылғы тарихы негізінен сол ауызша тарих айту арқылы, яғни фольклор арқылы бүгінге жетіп отыр. Халқымыздың ауыз әдебиетіндегі аса бай салаларының бірі – батырлар жыры. Еліміздің ғасырлар бойғы тағдырын, ерлігі мен елдігін, ой-арманы мен мұң-мұқтажын бойына жинақтаған батырлар жыры қыры мен сыры мол қымбат қазына. Батырлар жыры өткен ғасырлардағы тарихи оқиғалар негізінде пайда болған. Эпикалық қаһармандар – Едіге, Қобыланды, Алпамыс, Тарғын, Шора, Қамбар, Ер Сайын және т.б. батырларымыздың аттары өмірде болған нақты тарихи оқиғалармен байланысты.

Ауызша тарихты Кеңес үкіметі тұсында зерттеуге қатаң идеология рұқсат бермеді. Сондықтан да қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерттеуде ауызша тарих айту дәстүрінің тамаша үлгілері мүлдем пайдаланылмай қалды. Сол себепті біз бұл тараушада қазақ-орыс байланыстарын зерттеуде ауызша мұрамыздың пайдаланылу дәрежесін талдап көрсетуді жөн деп таптық.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ Елінің Ресей мемлекетімен байланысын ашып көрсететін фольклордың өзін шартты түрде хронологиялық жағынан бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

-XV-XVII ғғ. жырлар: «Ноғайлы жырлары» Қырымның қырық батыры, т.б.;

-XVII-XVIII ғғ. қазақтың билері мен жырауларының қалдырған мұралары.

Тәуелсіздіктен кейін қазақ халқы өзінің өткенін дәстүрлі ауызша тарихынан іздей бастады. Бұл ретте бұрын-соңды тыйым салынған жырлар мен дастандар, аңыздар қайта жаңғыртылды. Осы кезде ортағасырлардағы билер мен батырлар, шешендер мен жыраулардың тарихи тұлғасы, олардың қайталанбас туындылары еліне қайтарылып, тарихшылар мен филологтар және т.б. саланың зерттеушілері осы мәселені жаңа тұрғыдан зерттей бастады.

XV ғ. өмір сүрген Асан қайғы бабамыз аса көрегендікпен орыстардың отарлау саясатын болжаған көрінеді. Ол:

...Аққу құстың төресі,
Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан,
Елге жау боп келеді.
Құлдық құсты өлтірсе,
Өз басыңа келеді.
Орыс сені өлтірер

Осыны Асан біледі [6], – деп біздің бабамыз келер заманның сипатын айна-қатесіз болжап берген.

Болашақта қиындықтың қыспаққа алатыны, ел ішінің азып-тозатыны, тіпті орыс билігінің үстемдік құратынына дейін айтылады.

Мына өлең шумағында:

*Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Бабалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орысқа бодан болып,*

Қайран есіл ел-жұртым сонда не етер?— деп [7, 81 б.], сонау ертеден-ақ орыстардың саясатын көрегендікпен айтып кеткен екен.

Асан қайғы «Жерұйықты» іздеу идеясымен халқына жайлы да қолайлы қоныс іздеп, төніп келе жатқан қатерді біліп, өз ханына:

*Бұл арадан көшпесең,
Айтқаныма түспесең,
Орыс алар қалаңды,
Шулатар қатын-балаңды* [8, 14 б.],— деген екен.

Асан қайғымен замандас болған Қазтуған жыр-рау Еділдің бойында туып, өскен болатын. Ол:

*Еділді қоныс етпеңіз,
Жағалай қалмақ алады.
Жайықты қоныс етпеңіз,
Сыдыра біткен көкжиек,
Көпірлер қала салады.
Аштарханды қоныс етпеңіз,*

Шәһерін оның алады [8, 15 б.],— деген көрінеді. Бұл сонау XV ғ. айтылған болжамдар кейіннен шынымен-ақ іске асырылды.

Қазақ жерінің жат қолына өте бастауын зар заман ағымының өкілі Мұрат Мөңкеұлы XIX ғасырдың соңында:

*Әуелі жеңіп орыс Еділді алды,
Сарытау, Аштарханның жерін де алды.
Артынан Еділден соң, Нарынды алды,*

Тоғайдың ағаш, қамыс, талын да алды [9], — деп, сонау XV-XVI ғғ. Асан қайғы, Қазтуғандардың айтып кеткендерімен сабақтас ой қозғап, отарлаудың күшейе түскендігін өз шығармасында бейнелейді.

Төңкеріске дейінгі қазақтардың ауызша тарихи шығармаларының қазақ-орыс қатынастарын зерттеуде деректік маңызы жоғары. XVII-XVIII ғғ. ақын-жыраулардың жырлары мен өлеңдері дені қазақ халқын жоңғарларға қарсы күресте бірігуге шақырып, олай болмаған жағдайда көрші жатқан орыс пен қытайға жем болатындығы баяндалған. Олардың ішінде Қожаберген жырау, Бұхар жырау, Тәттіқара, Үмбетай, Ақтамберділерді ерекше атап өтуге болады. Бұл сол кезеңде қазақ халқының мұң-мұқтажы мен қоғамдық-саяси жағдайын көре білген, көкірегі ояу, алысты болжаған ақын-жыраулар көшпелі екі елдің арасындағы күресті Ресей және Цин империялары пайдаланып кететіндігін жақсы түсініп, халықтың құлағына құйып, тәуелсіздігін сақтап қалуды, бірігуді насихаттаған тарихи тұлғалар.

XVII-XVIII ғғ. қазақтардың жеріне жоңғарлардың қайта-қайта шабуылдауы, елдің мазасын қашырып, саяси және экономикалық жағынан әлсірете бастады. Елді Ақтабан шұбырындыға душар етіп (1723 ж.), халқын қырып, босқыншылыққа ұшыратқан қалмақтарды орыстар айдап салып отырғандығы тарихи зерттеулерде айтылмай келді. Ресей империясының отарлау, арандатушылық саясатын 70 жылдан аса уақыт қорғаушы, қол ұшын берген ұлы орыс халқы деп бағалап келдік. Бұл ретте Ресейдің ұстанған отарлау саясатын ашып көрсететін

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырында мынандай шумақтар келтірілген:

*Қырылу Алакөлден басталып тұр,
Қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр —
Орыстар мен Қытайға арқа сүйеп
Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр...
Қаруын орыс, қытай қалмаққа сатты
Айдап сол малғұндарды қоқаңдатты.
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,*

Орыстар қамалдарын салып жатты [10]. Жыр авторы Қожаберген XVIII ғасырда өмір сүрген ақын, әнші, күйші, елшілікте де болған көреген адам екен. Демек, оның айтып отырғаны — тарихи шындық. Бұл жыр жолдарынан қалмақтардың Ресей мен Қытайдан күш алып, олардан қару сатып алып жатқаны, әрине қазақ халқын әлсіретудің бірден-бір жолы еді. Сол арқылы Ресей империясы Қазақ хандығын тезірек отарлап, өз бұғауын мойнына салудың әрекетін жасады. Сондай-ақ, қалмақтардан қорғаймыз деген сылтаулармен қамалдар мен бекіністер тұрғызып, оларға әскерін әкелді. Қожаберген жырау орыстардың бұл саясатын терең түсініп: «Қазақтың сахарасы жүз құлпырған, Қытай мен орыстарды қызықтырған» [10, 124 б.],— деген болатын.

Одан әрі жырау:

*Қаруын орыс, қытай сатпаған соң,
Қатынас арадағы тоқтаған соң,
Сенделді хандар, билер ақыл таппай,
Кенеттен қалмақ елді таптаған соң* [10, 159-160

бб.], — деп баяндаған жыр жолдарынан ол заманда қазақ-орыс байланыстары тоқтатылғандығын, ал орыстар қазақтарға қару сатпай, қалмақтарға жығып беріп отырғанын көреміз. Бұл мәліметтер орыс тарихнамасында айтылмайды, кеңестік дәуірде бұрмаланып, тыйым салынады. Алайда бұл тарихи фактілер қазақ халқының жадында мәңгі сақталып, келешек ұрпаққа жетті.

Жырау одан әрі:

*Дәу мылтықтан доп атып,
Қазақты қалмақ күйретті.
Қалмаққа мылтық атуды,
Орыс пен қытай үйретті...
Торғауыт, жоңғар, ойрат бәрі қалмақ,
Орыстар мен қытайлар қойған жалдап.
Сол екі ел қару-жарақ бергеннен соң,
Құртпақшы мұсылманның бәрін жалмап...
Қазақтың жағдайына болып қанық,
Байлаулы қазақ қолын пайдаланып.
Иесіз қалған жерге шатыр тігіп,*

Орыстар жанталасты қорған салып [10, 172-174 бб.],— деген жыр жолдары сол кезеңдегі Қазақ хандығының халықаралық жағдайын барынша ашып көрсетеді.

Орыстардың сол кезеңде қазақтарға қатысты ұстанған саясатын жазушы Ә.Көкілбаев 1992 жылы жарық көрген «Үш пайғамбар» кітабында: «Онсыз да жан-жағынан жау анталап, жаны алқымға келіп отырған Қазақ хандығымен қырғиқабақ жағдайы ол кезде Ресей үшін стратегиялық жағынан да, тактикалық жағынан да әбден тиімді еді. Сондықтан да ол Қазақ хандығының дипломатиялық табысқа жетіп, сыртқы факторларды пайдалана отырып, әлсірей бастаған ахуалын қайта күшейтіп алуына жол бергісі келмеді. Қазақ руларының Еділ, Жайық, Есіл, Тобыл, Ертіс бойындағы «казак бекіністерін жиі мазалайтындарын» тілге тиек етіп қабақ жылытпауға бел буды» [10, 124 б.],— деп, оның себептерін:

«Ресей өзінің негізгі бәсекелесі Қытаймен алы-

сып жатқан астыртын одақтасы Жоңғарияны әлсіреткісі келмеді;

Шығыстағы саясатын іске асыру үшін казактардың, Еділ қалмақтарының, башқұрттардың қазақ даласына біртіндеп басып кіруіне жағдай жасады;

Қазақ билеушілерінің арасында Ресеймен одақтас болуды қаламайтын қарсы күштердің бар екенін жақсы білетін», – деп қорытындылаған болатын.

Зерттеуші М.Құл-Мұхаммед еңбегінің «Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі» атты тарауында: «Ресей патшалығы да жоңғар-қазақ қатынастарының шиеленісуіне өте мөте мүдделі болды. Өзара соғыстан күйзелген екі айдаһардың ортасындағы ел үшін екеудің бірін таңдайтындығы Ресейліктерге ертеден мәлім еді» [11, 101-111-бб.], – деп, Ресейдің көшпелі екі елдің арасына жік салуын, екі елді қырқыстырып, әлсізін өз отарына айналдыру саясатын ашып көрсеткен еді.

Түйіндей келгенде, қазақтың дәстүрлі ауызша тарихы XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс байланыстарын жан-жақты зерттеуге, бұл мәселенің басқа тарихи зерттеулерде кездеспейтін қырларын ашып көрсетуде құнды дерек көзі екендігі анық. Қазақтың дәстүрлі ауызша тарих айту дәстүрінің туындыларын тарихи деректер мен ғылыми зерттеулерді пайдалана отырып кешенді зерттеу арқылы, тарихи құбылыстар мен оқиғалардың зерттелмеген тұстарын жаңа тұрғыда қайта қарау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына жөне тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388-б.

2. Айтбаева Р. Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғ. қазақ қоғамы тарихының негізгі мәселелері. – Тарих ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1992.; Жақыпбеков С., Қойгелдиев М. Жырмен өрілген шежіре // Қазақ тарихы. – 1994. – № 3. – 33-39-бб.; Елешова З. XY-XVIII ғғ. Қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы. – Тарих ғыл. канд. дисс. – А., 1999.; Жүгенбаева Г. Дәстүрлі ауызша тарих // ҚазҰУ хабаршысы. – 2005. – № 2. – 5-10-бб.

3. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328-б.

4. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416-б.

5. Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихылығы // Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 82-б.

6. Көпеев М. Екі томдық. Алматы: Ғылым, 1982. – 114-115-бб.

7. Омарұлы Бауыржан. Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. – Алматы: Білім, 2000. – 368-б.

8. Нар заман мен зар заман поэзиясы: Асанқайғыдан Әбубәкірге дейін. Жыр-толғаулар. (Құр. Е. Дүйсенбайұлы). – Алматы: Раритет, 2002. – 264-б.

9. Зар заман: жыр-толғаулар. – Алматы: Жалын, 1993. – 150 б.

10. Үш пайғамбар. – Алматы: Жазушы, 1992. – 157-158-бб.

11. Құл-Мұхаммед Мұхтар. Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 224-б.

ЕУРАЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІ ӘСКЕРИ ІСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Арман ЖҰМАДІЛ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Еуразия көшпелілерінің әскери ісінің тарихнамасы, 07.00.09 – тарихнама, деректану және тарихи зерттеу әдістері бойынша кандидаттық диссертация қорғалды. Жұмыс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасында. т.ғ.д., профессор Д.И. Дулатова және т.ғ.д., профессор Т.О. Омарбековтің ғылыми жетекшілігімен жасалды.

Бұл – Еуразия көшпелілері әскери ісінің тарихнамасын жүйелі түрде талдауға және теориялық тұрғыдан байытуға арналған Қазақстан тарихнамасындағы алғашқы арнайы ғылыми зерттеу.

Еңбек Еуразия көшпелі халықтарының әскери ісі мен қару-жарағын зерттеу, олардың әлеуметтік-саяси тарихына қатысты маңызды жақтарын ашуға мүмкіндік беруімен өзекті. Қару-жарақ кешенін және қару-жарактың кейбір түрлерінің таралуын зерттеу көшпелілердің көрші елдермен болған мәдени және саяси-әскери қарым-қатынастарының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған еңбекте Еуразия көшпелілерінің әскери ісіне қатысты тарихи зерттеулердің тарихы, әскери іске байланысты көшпелілердің саяси-әскери жүйесі, әскери құрылымы, ұрыс жүргізу тактикасы мен стратегиясы, қару-жарақ кешені мен көшпелі жауынгердің дайындығы сияқты мәселелер қарастырылады. Сондай-ақ Еуразия көшпелілері әскери

ісінің қалыптасуы мен дамуына тарихнамалық талдау жасалған.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізі ретінде жүйелі талдаудың дамуында синиргетикалық парадигмаға негізделген тарих ғылымы мен ғылыми әдістеменің заманауи талаптары алынған. Диссертацияның тарихнамалық сипаты информатика, түйіндеу, қазіргі интеллектуалды жүйе құралдары, статистика мен моделдеуге байланысты зерттеудің жаңа тәсілдері мен әдістерін қолдануды талап етеді. Сонымен бірге зерттеуде Еуразия көшпелілерінің әскери ісіне қатысты тарихи зерттеулердің даму тарихының ортақ заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылды.

Жұмыстың тарихнамалық сипаты оның тарихи және тарихнамалық шеңберін анықтауды қажет етеді. Зерттеудің тарихи шеңбері көшпелілердің алғашқы мемлекет құрған кезінен бастап (б.з.д. II және I мыңжылдық) XIX ғасырдың аяғы, қазақтардың саяси-әскери жүйесі жойылғанға дейінгі кезеңді қамтиды. Жұмыстың тарихнамалық шегі көшпелілердің әскери ісі зерттеле бастаған XVIII ғасырдың ортасынан көшпелілікті арнайы зерттеудің ғылыми жүйесі қалыптасқан бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды.

Аталған еңбекте тұңғыш рет көшпелілер әскери ісінің тарихнамасы жүйеленіп, теориялық жағынан байытылды. Сонымен бірге жүргізілген зерттеу жұ-

мысының нәтижесінде мынадай жаңалықтарға қол жеткізілді:

- көшпелі қоғамның пайда болуына қатысты ұстанымдардың дамуына талдау жасалды;
- көшпелілердің саяси-әскери құрылымының дамуына табиғи фактордың әсері тарихнамалық тұрғыда негізделді;
- еуразия көшпелілер әскери тарихы мәселелерінің тарихнамасы жан-жақты және жүйелі түрде зерттелді;
- көшпелілердің әскери жүйесі мен құрылымына, соғыс өнері және олардың дүние жүзі тарихына тигізген әсеріне тарихнамалық тұрғыдан талдау жасалды;
- көшпелілердің қару-жарақ кешені тарихнамалық тұрғыдан зерттелді.

Қазақстан тарихы мен тарихнамасына қатысты мәселелер зерттеу барысында кеңінен пайдаланылды. Жалпы көшпелі қоғамның дамуына әскери фактордың ықпалын әскере қарастырудың ғылыми танымдық маңызы зор. Ол көшпелі қоғамды өркениеттік даму тұрғысынан зерттегенде заманауи ұстанымдар мен түсініктерді тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихынан дәріс жүргізуде, жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқу құралын дайындауда және Еуразия көшпелілерінің әскери тарихына қатысты жекелеген тарауларын жазуда кеңінен қолдануға болады.

Мәселенің зерттелу деңгейіне тоқталсақ, ол көшпелілердің әскери тарихы, әскери ісі мен қару-жарақ кешені (номадология) пайда болған алғашқы кездің өзінде-ақ оның басты назарына айналды. XIX ғасырда моңғолдардың әскери өнеріне арналған М.И.Иванин еңбегінің шығуы көшпелілердің әскери тарихын зерттеуге бастама болды [1]. Еңбектің құндылығы сол автор көшпелілердің әскери құрылымы, жасақталуы және әскери стратегиясы жөнінде өзінің байқаулары негізінде жасаған өз ой тұжырымдары мен қортындыларын береді.

Сол сияқты **Э.Хара-Даванның** «*Чингис-хан как полководец и его наследие*» атты еңбегі үлкен қызығушылық тудырды [2].

А.С.Гринев пен **М.И.Марковтың** атты әскер тарихына арналған зерттеулері де әлі күнге дейін өз құндылықтарын жоғалтқан жоқ [3; 4]. Сонымен қатар орта ғасырлардағы соғыс өнерінің тарихына арналған **А.Пузыревскийдің** де еңбегін атап өту қажет [5].

Көшпелілердің әскери өнерін зерттеуге атақты орыс шығыстанушысы **В.В.Бартольд** та «*Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии*» және «*История турецко-монгольских народов*» атты еңбектерінде өз үлесін қосты [6]. XX ғасырдың 20-жылдары қазақтардың әскери ісі мен қарулы күштеріне қатысты біршама мәселелерді көтерген **А.Рязановтың** еңбектері жарық көрді [7]. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақтардың әскери тарихы мен әскери ісіне қатысты бірқатар мәліметтер **А.П.Чулошниковтың** еңбектерінде келтіріледі [8]. Ал моңғол қоғамының әскери құрылымы мен соғыс өнеріне қатысты мәліметтер бойынша **Б.Я.Владимирцовтың** еңбегі құнды болып табылады [9].

С.Д.Асфендияровтың еңбегінде де көшпелілердің әскери ісінен бірсыпыра мәліметтер беріледі. Ол XVI ғасырда қазақ хандарының әскери жасақтары туралы айтып, Кенесары хан әскерінің саны мен қару-жарағын сипаттап өтті [10]. Көшпелілердің әскери тарихының мәселелері **М.Әбдіқалықова**

мен **А.Панкратованың** редакциясымен шыққан «*Қазақстан тарихы*» кітабында келтіріледі [11].

Ал қырғыздардың әскери құрылымы С.М.Аб-рамзонның мақалаларында қарастырылады [12]. Тағы бір құнды зерттеу – **А.А.Росляковтың** еңбегі. Ол көшпелілерде әскердің жасақталу ерекшеліктерін, әскери құрылымын, соғыс жүргізу тәсілдерін, қару-жарақ кешенін, қорғаныс түрлерін және көшпелілер әскери жүйесінің басты сипаттарын ашып берді [13].

Әскери істің қалыптасуына шаруашылық фактордың әсері жайында **В.Н.Кун** өзінің «*Черты военной организации средневековых кочевых народов Средней Азии*» атты баяндамасында талдайды. Әсіресе, қаумалап аң аулау әдісінің көшпелі қоғамда әскери машыққа тікелей байланысты екені туралы алғашқы рет дәйекті түрде айтылды [14].

Қазақстанда көшпелілердің әскери ісі туралы мәселелердің зерттелуі **Е.Б.Бекмахановтың**, **Г.И.Семенюктың**, **Н.Е.Бекмаханованың**, **А.Н.Нүсіпбековтың** еңбектерінде жалғасын тапты [15-17]. **Н.Е.Бекмаханова** мен **К.И.Қобыландин** қазақтардың 1812 жылғы Отан соғысына қатысқанын қарастырып, олардың қару-жарағы мен сауыт-сайманын сипаттап берді [18]. Ал **Г.И.Семенюктің** еңбегінде XVII-XIX ғасырларда қазақтардың қару-жарағы, соғыс өнері мен әскери құрылымы арнайы зерттеу нысанына айналды [19].

Қазақтардың қару-жарағын зерттеу А.Т.Қайдаров пен А.К.Ақышевтің еңбектерінде жаңа екпінмен басталды [20; 21]. А.Т.Қайдаровтың еңбегі қару-жарақтың қазақша атауларын қарудың қалыптасқан классификациясымен салыстыруға мүмкіндік берді. Ал А.К.Ақышев «алтын адамның» киіміне сараптама жасаудың нәтижесінде б.з.д. II – б.з.д. I мың. басында Қазақстанда катафрактарилердің пайда болғаны туралы қорытынды жасады.

1970-90-жылдары Еуразия көшпелілерінің әскери тарихын зерттеуге Сібір ғалымдары көп үлес қосты. Көшпелілердің қару-жарақ кешені олардың басты зерттеу нысаны болды. Осының нәтижесінде қару тану бағыты дами бастады. Сібір көшпелі халықтарының қару-жарағын жүйелі және мақсатты түрде зерттеу 1970 жылдары **А.М.Кулемзиннің** сақ дәуіріне жататын тағар мәдениетінің қару-жараққа байланысты материалдарды зерттеуден басталды [22].

Еуразия көшпелілерінің әскери ісін зерттеуге үлкен үлес қосқан **Ю.С.Худяков** болды. Оның зерттеу жұмыстарының нәтижесінде көшпелі этностар мен мәдениеттердің әскери ісін зерттеуде қару тану зерттеу саласында кешенді сараптамалық модель жасалды [23-25]. Сол сияқты Еуразия көшпелілерінің қару-жарағын кешенді түрде зерттеу **М.В.Горелик**, **В.В.Горбунов** және **Л.А.Бобровтың** еңбектерінде жалғасын тапты [26-28].

1980-90 жылдары Сібір мамандарының қару тану мәселелеріне қызығушылығының артқаны сонша олар Солтүстік және Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының әскери ісіне қатысты бірнеше монографиялар топтамасы мен ғылыми мақалалар жинақтарын басып шығарды. Сонымен қатар сібір ғалымдары шығыстанушылар қоғамының жанынан Шығыс халықтарының әскери тарихына байланысты комиссия құрып, қару-жарақ тарихына және әскери өнерге қатысты тақырыпта ғылыми конференциялар өткізуді қолға алды. XX ғ. аяғы мен

XXI ғ. басында көшпелілердің әскери ісіне қатысты бірқатар монография мен мақалалар жинағы жарық көріп, көшпелілердің қару-жарақ тарихына қатысты бірнеше диссертация қорғалды.

XX ғ. соңында қазақстандық зерттеушілердің де әскери тарихқа қызығушылығы артып, қазақтардың әскери ісінің әр түрлі аспектілері зерттеле бастады. Мысалы, С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтанов шығыс жазба деректерінің негізінде XV-XVII ғасырларда қазақтардың әскері, оның саны мен әскери символика туралы мәліметтер келтіріп, әскери тұрмысты сипаттап берді [29]. Бұл зерттеу соңғы ортағасырда қазақстанның әскери-саяси тұстарын толықтырары сөзсіз.

1990 жылдардың екінші жартысында зерттеушілердің көңілі қазақтардың XVII-XIX ғасырлардағы әскери ісінің мәселелерін зерттеуге ауды. Әскери тарихтың жекелеген мәселелері зерттеліп, көшпелілер әскери ісінің генезисі мәселелерін зерттеуде жаңа бағыттар мен әдістер қарастырылды. Осы зерттеулердің нәтижесінде қазақтардың әскери ісінің генезисіне қатысты **А.К.Көшкенбаевтың** бірқатар мақалалары мен диссертациясы жарияланып, Қазақстан көшпелілерінің әскери ісінің тарихнамасына үлкен үлес қосылды [30]. Сонымен қатар қазақтардың әскери ісінің даму тарихнамасына өзіндік ерекше үлес қосқан **Қ.С.Ахметжанов** болды [31]. Оның еңбегінің құндылығы сол, ол жазба, археологиялық және этнографиялық деректердің негізінде қазақтардың қару-жарақ кешенін көрнекті түрде көрсетіп қана қоймай, қарумен байланысты салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды сипаттап берді. Ал **Т.К.Алланиязов** өз еңбегінде ежелгі заманнан XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақстан көшпелілерінің әскери ісіне сараптама жасап шықты [32].

Қорыта келгенде көшпелілердің әскери ісіне қатысты бірсыпыра зерттеулер болғанымен, бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді. Әсіресе, қазақстандық тарихнама бұл мәселе бойынша кенже қалып отыр. Қазақстанның әскери тарихына қатысты арнайы кешенді еңбектер алдағы уақытта болады деп үміттенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Иванин М.И.** Состояние военного искусства у среднеазиатских народов при Тамерлане / Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. - М.: Гураш, 1992. - С. 412-459.
2. **Хара-Даван Э.** Чингис-хан как полководец и его наследие: Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV вв. - Алма-Ата: КРАМДС-Ахмед Яссауи, 1992. - 272 с.
3. **Гринев А.С.** Конница Чингис хана и Батыя. - СПб., 1885. - 264 с.
4. **Марков М.Н.** История конницы. - Тверь, 1896. - Ч.2. - 312 с.
5. **Пузыревский А.** История военного искусства в средние века (V-XVI вв.). - СПб., 1884. - 368 с.
6. **Бартольд В.В.** Сочинения. - М., 1968. - Т.5. - 758 с.
7. **Рязанов А.** Исторические предпосылки к вопросу о формировании национальных киргизских частей // Советская Киргизия. - 1926. - № 3-4. - С. 29-42.
8. **Чулошников А.П.** Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. - Часть первая. Древние времена и средние века. - Оренбург, 1925. - 312 с.
9. **Владимирцов Б.Я.** Общественный строй монголов. - Л., 1934. - 189 с.
10. **Асфендияров С.Д.** История Казахстана (с древнейших времен). - Т.1. - Алма-Ата, 1935. - 210 с.
11. История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней / Под ред. М. Абдыкалыкова и А. Панкратовой. - Алма-Ата: КазОгиз, 1943. - 671 с.
12. **Абрамзон С.М.** Черты военной организации и техники у киргизов (по историко-этнографическим данным и материалам эпоса «Манас») // Труды ин-та языка, лит-ры и истории. - Фрунзе, 1945. - Вып. 1. - С. 26-34.
13. **Росляков А.А.** Военное искусство народов Средней Азии и Казахстана в VI-XV веках // Учен. зап. Ташкент. гос-го ун-та им. А.М. Горького. - Ашхабад, 1962. - Вып. XXI. - С. 15-21.
14. **Кун В.Н.** Черты военной организации средневековых кочевых народов Средней Азии // Учен. зап. Ташкент. пед. ин-та им. Низами. Сер. обществ. наук. - Ташкент, 1947. - Вып. 2. - С. 17-23.
15. **Бекмаханов Е.Б., Семенюк Г.И.** Казахи в крестьянской войне 1773-1775 гг. // Учен. зап. КазГУ. - Т.54. Сер. Историческая. - Вып. 12. - 1963. - С. 59-87.
16. **Бекмаханова Н.Е.** Участие казахов Среднего жуза в Крестьянской войне 1773-1775 гг. под предводительством Ем. Пугачева // История, философия, экономика: (Сб. ст. асп. и соиск.). - Алма-Ата, 1964. - С. 104-117.
17. **Нусупбеков А.Н.** Крестьянская война 1773-1775 гг. и ее историческое значение // Вестник АН КазССР, 1975. - № 11. - С. 41-48.
18. **Бекмаханова Н.Е., Кобландин К.И.** Участие казахов в Отечественной войне 1812 года и освободительном походе 1813-1814 гг. // Изв. АН КазССР. Сер. общественная. - 1984. - № 1. - С. 26-34.
19. **Семенюк Г.И.** Оружие, военная организация и военное искусство казахов в XVII-XVIII веках / Вопросы военной истории России XVIII и первой половины XIX века. - М.: Наука, 1969. - С. 263-272.
20. **Кайдаров А.Т.** Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском героическом эпосе и их этнолингвистическое объяснение // Изв. Каз. ССР. Сер.обществ. - 1973. - № 6. - С. 22-29.
21. **Акишев А.К.** Костюм «золотого человека» и проблема катафрактария // Военное дело древних племен Сибири и Центральной Азии. - Новосибирск: 1981. - 200 с. - С. 54-64.
22. **Кулемзин А.М.** История вооружения и военного дела племен тагарской культуры: автореф. ... канд. ист. наук. - Новосибирск, 1973. - 27 с.
23. **Худяков Ю.С.** Вооружение енисейских кыргызов VI-XII вв. - Новосибирск, 1980. - 176 с.
24. **Худяков Ю.С.** Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. - Новосибирск, 1986. - 226 с.
25. **Худяков Ю.С.** Вооружение центральноазиатских кочевников в эпоху развитого средневековья. - Новосибирск: Наука, 1991. - 336 с.
26. **Горелик М.В.** Ранний монгольский доспех (IX - первая половина XIV в.) // Археология, этнография и антропология Монголии. - Новосибирск, 1987. - С. 163-208.
27. **Горбунов В.В.** Военное дело средневекового населения Алтая (III-XIV вв.): автореф. ... д-ра ист. наук. - Барнаул, 2006. - 55 с.
28. **Бобров Л.А.** Защитное вооружение кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в период позднего средневековья // Наследие древних и традиционных культур Северной и Центральной Азии: Материалы 40-й Региональной археолого-этнографической студенческой конференции. - Новосибирск, 2000. - Т. III. - С. 80-88.
29. **Кляшгорный С.Г., Султанов Т.И.** Казахстан: летопись трех тысячелетий. - Алма-Ата, 1992. - 310 с.
30. **Кушкumbaев А.К.** Военное дело казахов в XVII-XVIII веках. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. - 172 с.
31. **Ахметжанов Қ.С.** Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). - Алматы, 1996. - 256 с.
32. **Алланиязов Т.К.** Военное дело кочевников Казахстана. - Алматы: Фонд «XXI век», 1998. - 140 с.

ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАЙТАЛІМАНЫ

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің профессоры

Отандық тарих ғылымының даму мәселелерін қарастыру – қазіргі ең өзекті мәселенің бірі. Себебі бұл – туған елдің, туған жердің құнды, асыл қазынасы. Елбасы «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Ұлт көшбасшысы: «Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» [1]. – деп атап көрсетті. Отан тарихын білумен қатар оны зерттеу, өткенін жаңғырту Ұлы Дала Елінің болашағы үшін аса қажет. Осы орайда төл тарихты терең зерттеп, оны өркендетуге үлес қосу түйткілі өзекті болып табылады. Тарихта өз елінің тарихын зерттеуге бар ғұмырын арнағандар туралы жиі айтыла да, жазыла да бермейді. Бұндай ғалымдарды нағыз Отанын сүйетін, елін құрметтейтін адамдар екендігі жөнінде ауызға ала бермейді. Дегенмен, ондай тарихшылар, тарихшы болғанда да нағыз кәсіби тарихшылар көп емес. Солар жайлы айту, ғылымға сіңірген еңбектерін бағалау ұрпақ парызы екендігін естен шығармаған абзал.

Танымал қазақ ғалымы Талас Омарбекұлының ғылыми өмір жолын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Оның алғашқы кестік жылдарға, соңғысы посткестік уақытқа сәйкес келеді. Коммунистік идеологияға, партияның басшылық рөлін дәріптеуге, таптық бағытқа негізделген тарихи зерттеулерді көпшіліктің бірі болып бастап, кандидаттық диссертация қорғады. Бұдан кейінгі жас ізденушінің келесі қадамы тарихтағы «қайта құру», қоғамды демократияландыру мен жариялық кезеңіне деп келді. 1990 жылдан басталған Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін және бұрмаланған тұстарын жаңа көзқараста зерттеуде Талас Омарбекұлы алдыңғы қатарда тұрды. Жариялаған еңбектерінің тақырыптары көзі қарақты оқырманды елең еткізді. Бұқаралық ақпарат құралдарының беттеріндегі «Қазақтардың Қытай асуы: дақпырт пен шындық» [2], «Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?» [3], «Талапайға түскен тарих» [4], «Тың тұмшалаған шындық» [5] және т.б. «пролетариат көсемінің сара жолымен дамып келе жатқан» халықтың өткен уақыттардағы тарихына күмәнін қоюлатты.

Ал Талас Омарбекұлы өткеннің ақиқатын ашуда архив қойнауындағы құжаттардың сырын ақтаруда ерінбей еңбек етті. Сөйтіп, Кеңес Одағы ыдырап, ғылым дағдарысқа ұшыраған тұста қазақ тарихының сан қырлы қатпарларын ашып, республикадағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру және көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшыландырудың ащы шындығын айқындауда кеңестік кезеңде эталондық ой-тұжырымдар, салмақты қорытындылар жасап

келген тәжірибелі, білікті аға буын ғалымдарды артқа қалдырып, озық ойларымен алдыға шығып, дараланды. Маман-зерттеушілер, ғалымдар ескі ұстанымдардан бас тартып, жаңаша ойлауға бет бұра алмай, тіпті басым көпшілігі ғылыми зерттеулер жүргізуге ықылас таныта алмай, ғылымнан қол үзіп жатқан тұста Талас Омарбекұлы «Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағлымы» [6] атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Диссертанттың қорғауға ұсынған тұжырымдары бұрын-соңды ғылымда орын алмаған еді. Тәуелсіздіктің тұғыры ғалымға батыл да, дәйекті қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Ең алдымен тарихшы «жаңа ғылыми-методологиялық тұрғыдан өткендегі бұрмалауларды, догмаларды сын көзбен бағалау, жаңа, көп қырлы концепциялар... ұсыну мүмкіндігін толық пайдалана отырып, жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландыру тарихнамасын үш кезеңге бөлуді» ұсынды: «алғашқы кезең 20-жылдардың орта шенінен басталып, жаппай коллективтендірудің және зорлап отырықшыландырудың басталуына дейін, яғни 1929 жылдың соңына дейін барады; екінші кезең 1930 жылдан 1985 жылдың басына дейін; үшінші кезең 1985 жылдың орта шенінен бүгінгі күнге дейін созылады» [6, 42-43]. Бұл жерде автор: «соңғы кезеңді «қазіргі кезең» деп атайтын әдеттен арылғанымыз жөн. Бүгін «қазіргі» аталған кезеңнің ертең ескіретінін, яғни тарихты қайта жазуға тура келетінін ұмытпайық», – деген пікір айтты [6, 43].

Т.Омарбеков өз диссертациясында кеңестік кезеңдегі «жартылай феодалдардың» мал-мүлкін тәркілеу тақырыбын терең зерттеді. Тәркілеудің мақсаты «... байларды түп-тамырымен жойып жіберу» болатындығын айқындады [6, 127]. Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу тәртізді тәркілеудің де экономикалық нәтижелерінің мәз еместігін «... байларды көмпескелеу нәтижесінде малға қарық болып, «байимыз» деп дөмеленген көптеген батырақ пен кедей үміті ақталмады... малға ие болған кедей-батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Олардың өсіп-өркендеуіне малдан басқа материалдық құрал-жабдық, қора-қопсы, қыстау, азық-түлік, жемшөп және т.б. қажет еді» [6, 141], – деп көрсеткен болатын. Мал иелері тағдырының қайғылы аяқталғанын тарихшы «Ресми мәліметтер бойынша 696 көмпескеленгеннің 669-ы өз округтерінен басқа жаққа жер аударылған. Түрмеде өлгендіктен және өлімші ауру болғандықтан аман қалғандар бұл санға еңбеген. Тағы бір назар аударатын нәрсе – көшпелі аудандарда 61 қожалықтың ғана көмпескеленуі. Мұның өзі бұл жылдары қазақта мыңдаған малы бар ірі байлардың шамалы болғанын тағы да дәлелдей түседі. «Жартылай феодалдар» дейтіндердің барлық ауқаттылардың 19,4 проценті ғана болуы осының куәсі», – деп жазды [6, 139].

Ғалым тәркілеу шараларын сабақтарын,

қасіретін қорытындылай келе **«...коммунистік партия мен кеңес өкіметінің дәрежі де қате саясаты»** деген қорытындыға келді. Мұндай тұжырым 1990 жылдардың орта кезінде отандық тарих ғылымы үшін ғылыми жаңалық, ірі мал иелерінің жеке меншігін жою мәселесінің методологиялық негіздерін қалыптастырудағы бағыт деп танылса, қоғам үшін жарылған атом қаруына тең еді. Шындығында Қазақстанда ірі мал иелерін меншігінен айыру және тәркілеу 1920 жылдардың соңындағы әлеуметтік-саяси мәнді тарихи үдеріс болды. Сталиндік-голощекиндік билік қазақ ауылын **«қансорғыш қанаушылардан азат етуді»** көздеп, ауқатты шаруаларды түп-тамырымен жоюды мақсат етті. Ірі мал иелерінің қожалықтарын жоюдағы большевиктік партия мен кеңес өкіметінің қатыгез әрі ұрдажық саясаты ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізбеді.

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік ұрдажық саясаттың бір ұшы саяси төтенше шаралар, яғни астық және ет дайындау науқандары кезінде айқын көрінді. Мұндай шаралар қазақ шаруаларын малдан айырып, ақыры күштеп ұжымдастырып, жантүршігерлік апат – ашаршылық пен ақтабан шұбырындыға айналуына жол ашты. Мәселенің саяси өткірлігі зерттеушілер назарын өзіне аударғанымен, батылдық танытып, ақиқатты айқындауға дәрмендері жетпеді. Дегенмен, кеңестік тарихшы Ә.Б.Тұрсынбаев 1928, 1929 жылдардағы астық дайындау науқанын кулактар мен байларға қарсы күрес аясында қарастырып, оның таптық маңызын ашты [7]. **Тәуелсіздік жылдары Т.Омарбеков отандық тарих ғылымында тұңғыш рет экономикалық қатынастарды тежеу және ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау барысындағы саяси төтенше шараларды арнайы зерттеп, оның сорақы тұстарын анықтады.** Мәселен, төтенше шаралардың басталуына партияның нұсқау-қарарлары негіз болды дей келе **«... жергілікті жерлерде барлық билікті өз қолдарына жинаған ... «үштіктер» және «бестіктер» құрыла бастады... Конституциялық заңға қайшы органдар бола тұрса да, барлық мемлекеттік мекемелер бұларға сөзсіз бағындырылды»,** – деп жазды [8, 47]. **Автордың: «... астық дайындаудың сталиндік «Сібір әдісі» шаруаларды жаңадан қалыптасып келе жатқан әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйеге басыбайлы етіп тәрбиелеуге негіз қалады. Бұл сталиншілердің өз халқына қарсы күрестегі ең басты «жетістігі» болды»,** – деген тұжырымы бұрын ғылымда айтылмаған тарихи шындық екенін баса көрсеткен жөн. Себебі сталиндік-большевиктік билік және әміршіл-әкімшіл жүйе адам құқығын аяққа басып, зорлық-зомбылық көрсетті. Астық дайындау науқаны кезінде шаруаларға қарсы қолданған қысым көрсету, айыптау тәрізді әдістер 1930-жылдары жаппай жазықсыз жазалауға ұласты.

Астық дайындау науқанының өткір тұстары Т.Омарбековтің мына мақалаларында қарастырылды: «Коллективтендіру: өкініш пен үміт жылдары» [9], «Қос уыс астық үшін жазаланған» [10], «Шаруаларға шабуыл қалай басталды?: И. Сталин Сібір сапарының Қазақстандағы салдарлары» [11]. Бұл зерттеулерде ет проблемасын шешуге байланысты төтенше шаралардың ауыр зардаптары жан-жақты ашылды. 1929-1933-жылдар ішіндегі қазақтарды ашаршылыққа ұрындырған мал басының шұғыл кему үдерісінде: **«36 миллионға жуық шығын**

болған бас малдың шамамен 15 млн-ны мал, ет дайындау науқандарында сойылып, басым көпшілігі Қазақстаннан сыртқа тасылып әкелінген», – деген қорытынды жасады [519]. Ет дайындау науқанында үздіксіз қысым жасау әдісін жеделдете жүргізудегі партияның шаралары, ондағы бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеулер Талас Омарбековтің **«Шаруаны малдан айыру қалай жүргізілді?», «Қазақтың жер қайысқан малы қайда?»** және т.б. мақалаларында көрсетілді [8,78]. Ғалым өзі көтерген проблеманы терең зерттеу мақсатында оны шәкірттері Ф.Қозыбақоваға, Б.Түменбаеваға, Ж.Жұмабаеваға арнайы кандидаттық диссертациялар түрінде бекітіп берді.

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік саясаттың жалғасы қазақтың дәстүрлі шаруашылығын біржола бүлдіріп-қиратқан күштеп ұжымдастыру шараларынан көрінді. Шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру әкімшіл-әміршіл тәсілдермен жүргізіліп, бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеулерге жол берілді. Күштеп ұжымдастыру әлеуметтік-экономикалық және саяси сипатқа ие болды. Қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясаты – ұжымдастыру нәубетінің қасіреті аса қайғылы болып, тарихта бұрын-соңды болмаған аштыққа әкеліп соқты. Өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыру, әкімшіл-әміршіл өктем саясат қыспағына қарсы халықтық наразылықтар мен көтерілістер етек жайды. **Осы мәселелер Т.Омарбековтің жоғарыда аталған диссертациясынан және «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті», «Зобалаң» [12], «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» [13] атты еңбегінен және ғылыми мақалаларынан [14] көрініс тапты.**

Ғалым ұжымдастыру мәселесінің әр түрлі қырларын толық қамтып, бір жүйеге келтіріп, жан-жақты зерттеді. Автор Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және оған қарсылық туралы былай деп жазды: **«Бандиттік» бас көтерулер мен ата қонысты тастап ауа көшулерді шығарып тастағанның өзінде 1929-31 жылдары Қазақстанда 372 рет шаруалардың бұқаралық бас көтерулері болды. Жылдарға шаққанда олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-сі 1931 жылы орын алды»** [8,126]. Осылайша тарихшы кеңес дәуірінде ғылымда берік орын алған қарақшылық, бандиттік көтерілістерге байланысты қағиданың іргесін сөкті. Зерттеуші орын алған бас көтерулердің себептерін, қозғаушы күштерін тың архив құжаттары негізінде анықтай келе, олардың сипатын айқындады. Ол көтерілістерді ұлт-азаттық дей келе: **«Кеңес өкіметіне тәуелсіз хандық жүйені орнықтыруға тырысып, ислам дініне бостандық талап етіп, байлар мен ортасаларды тәркілеуге қарсы болып, рулық негізде жасақ құрып, қарулы күреске шыққан қазақтардың қозғалысының ұлт-азаттық сипатын теріске шығару қиын»** [8, 28], – деп тұжырымдады.

Автор ұжымдастыру кезіндегі жағдайды шиеленістіре түскен жәйт көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылын тым қысқа мерзімде күштеп отырықшыландыру әрекеттері болғанына баса назар аударды. Тоталитарлық жүйе кезінде жарияланған зерттеулер негізінен мәселенің күнгей тұстарын көрсетуге тырысса, Т.Омарбеков еңбектерінде оның көлеңкелі жақтары ашып көрсетілді. Осыған орай автор отырықшыландыру барысындағы кемшіліктер мен қателерді терең ашты. Мәселен, республика басшыларының жүйелі, жан-жақты ойластырылған тиянақты көзқарастарының болмауы, бюрократиялық және біржақты әрекеттердің орын алуы,

отырықшыландыру жөніндегі комитеттің жұмысқа немкетті және атүсті қарауы, т.б. Т.Омарбеков өз зерттеулерінде отырықшылан-дырудың саяси сипаттағы қылмыс түрін, әр түрлі ағымдарды айыптаумен қатар жүргізілуі әкімшіл-әміршіл тәртіптің «заңдылықтарына» айналғанын дәйектеді. Автордың «Отырықшыландыру нашар жүргізіліп жатқан аудандардағы басшылар егер де басқа ұлттың өкілдері болса әдетте ұлыдержавалық шовинизмге, ал олар қазақтар болса онда жергілікті буржуазиялық ұлтшылдарға айыпталатын» [8, 226], – деген пайымдауы осының дәлелі.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарын отырықшыландыру барысындағы қателіктер мен бұрмалаулар жөнінде Т.Омарбековтің ұстазы Ж.Жұмабеков: «мұның өзі малды сою және айдап өкетуде бай үгітінің күшеюі түрінде көрінді. Мал шаруашылығына ауыр шығындар әкелінді... 1928 жылмен салыстырғанда 1933 жылы мал басы: түйе – 92,3, жылқы – 87,9, қой мен ешкі – 87,7, ірі қара мал – 78,5 процентке азайды», – деп көрсеткен болатын [15, 200]. Ғалым-тарихшы: «ауыл тұрғындары өмір сүруінің қайнар көзі мал шаруашылығының азық-түлігі болғандықтан мал басының айтарлықтай азаюы еңбекшілердің материалдық жағдайын күрт нашарлатты. Оған 1931 жылы егіннің шықпай қалуы қосылды... Нәтижесінде малшы және бірқатар отырықшы-егінші аудандар еңбекшілері азық-түлік қиындықтарын бастан кешіріп, ауылдарда көптеген адамдардың аштығы мен қырылуына әкелді. Әсіресе, 1932-33 жылдың қысы өте ауыр болды», – деп, тарихи шындықтың бетін аша отырып, ғылыми батыл тұжырым жасаған [15, 201]. Ұстазының тоталитарлық кезеңде айта алмаған ақиқатын шәкірті ашып, отырықшыландыру барысындағы кемшіліктер мен қателерді көрсетіп берді. Аштық жылдары қырылған қазақтардың санын 2 млн адамнан асып кеткендігін дәлелдеді [16, 49].

Тарихшы-ғалым ауқатты шаруаларды тап жауы ретінде жою мәселесін де зерттеп, бірқатар еңбектерін арнады. Әсіресе, оның М.Қойгелдиевпен бірлесіп жариялаған «Тарих тағлымы не дейді?» [17] деген еңбегінде жаппай ұжымдастырудағы жартылай әскери тәртіптің орын алғандығы, бай-кулактарға күрестің саяси сипаты туралы тұңғыш рет айтылды. 1930-жылдың бас кезінде елдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайдың трагедиялық сипат алуына автор пікірінше: «... Голощекин бастаған саяси әпербақан, ұрдажық, есер топтың әлдеқашан жойылып кеткен, түрмеде өліп, жер ауған бай-кулактарға қарсы аяусыз «соғыс» жариялауы да себеп болды» [17, 109-110]. Авторлар «агрономдардың, дәрігерлердің, орманшылардың, мектеп қызметкерлерінің де кулактарға жатқызылып, тәркілене бастағанын» архив құжаттары негізінде көрсетіп берді.

1990 жылдардан бастап республикада тың игерудің оңы мен солын айқындайтын зерттеулер жарық көре бастады. Оларда тың игерудің кемшіліктері мен қателіктері ашылып, қалыптасқан кеңестік қағиданың іргесі сәгілді. Осындай үдеріске Т.Омарбеков те қосылып, бірқатар ғылыми мақалалар жариялады. Ол «*тың игеру тым шұғыл және өте асығыс, экстенсивті*» сипатта жүргізілгендігін ашып көрсетті. Тыңның ондаған жылдар бойы тасада қалып келген көлеңкелі тұстарын аша отырып, тыңды игерген тек алғашқы екі жылдың ішінде ғана жалпы саны 25 мыңдай болған келімсектердің – арнайы жіберілген партия мүшелерінің жер-

гілікті кадрларды басшылық жұмыстардан ығыстырып, шеттеткенін жазды. Кеңестік дәуірде тың өлкесі халқының өсуі жалпылама көрсетіліп, демографиялық жағдайдың қазақ халқы есебінде шешілмегендігі жайында жұмған ауыз ашылмады. Ал Т.Омарбеков мақаласында орын алған ақиқат былайша айқындалды: «...қазақтар тың игеру жылдарында 8%-ке кеміп, республикадағы басқа ұлттардың үлес салмағы бұрынғыдан өсе түсті. Республикада қазақтар 30-ақ процент, ал орыстар 42,7% болғанын 1959 жылғы санақ көрсетіп берді» [5, 131]. Автор сонымен бірге «бағындырылған» тыңның әрбір гектарының интенсивтілігін арттырудың ескерілмеуін, 200-ден астам селолық және ауылдық кеңестердің атауларының орыс тілінде қайта өзгертілгендігін, өлкенің табиғатын түлете алмағандығын, керісінше орны толмас қасірет алып келгендігін, мал шаруашылығының құлдырауын дәлелдеді. Мәселен, «...*тың игеруге сәйкес келетін 1951-65 жылдары ...жылқының саны 365,7 мың басқа түсіп, шұғыл азайып, ...қой басының өсімі мардымсыз болып, ол өзінен бұрынғы 10 жылдағы өсу қарқынынан үш есеге кеміп кетті*», – деп өз пікірін шыңдады [5, 126].

Талас Омарбекұлы отандық тарих ғылымының методологиялық негіздерін жетілдіруге де айтарлықтай үлес қосты. Ғалымның кезеңдеу немесе дәуірлеу проблемаларының түйінін шешудегі тұжырымдары салмақты. Оның дәуір, заман, кезең, саты ұғымдарының мәнін ашып, анықтап алмай өткенді зерттеу мүмкін еместігі туралы пікірі жаңа форматтағы Қазақстан тарихын дайындауға айтарлықтай септігін тигізді. Ғалым 1917 жылдан басталатын қазіргі заман тарихын үш дәуірге бөліп қарастыруды ұсынды. Олардың біріншісі, жол таңдау: 1917 – 1920 ж. 2) 1920-1991 жж. тамыз: Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл империя құрамында. Үшіншісі, Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде тәуелсіздік кезеңін мынадай сатыларға бөлуді ұсынады. Олар:

1-кезең «ТМД және Қазақстан» (1991–1993 жж.).
2-кезең «Тәуелсіздікті орнықтыру қадамдары» (1993–1995 жж.).

3-кезең «Қазақстан – дүниежүзілік қауымдастықтың мойындаған егеменді ел» (1995–2004 жж.) [18, -15-6].

Ғалым маркстік-методология дағдарысқа ұшырап, жаңасын қалыптастыруда қиындықтар орын алған тұста «Тарих – адам қызметі» деген принципті басшылыққа алуды ұсынды. «*Бұл қағиданың ескі маркстік «Тарих – таптар күресі» деген принциптен әлдеқайда ауқымды екені күдік тудырмайды. Тарих – адам қызметі»* принципі сонымен қатар саяси, географиялық, ұлттық этностық, жалпы адамзаттық көзқарастың бәрін аясына сыйғызып жіберетін түсінік. Бұл принцип бізді маркстік-лениндік «аурудан» айықтыруы мүмкін. Бірақ тарих ұлттық санамызды көтеруге, ұлттық мемлекетімізді нығайтуға тірек болды деп үміттеніп жатқанымызда бұл қағида тікелей қызмет ете ала ма?» деген сұрағы күдік тудырмас» [18, 20 б.], – деген пікірі өзінің маңызын әлі күнге дейін жоймай келеді.

XXI ғасырдың бас кезінен, дәлірек айтқанда 2005 жылдан бастап Талас Омарбеков қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеуді қолға алған. 2005-2017 жылдар аралығында осы тақырып ауқымында жүзден аса ғылыми зерттеулері жарияланды. Қазақ

халқын құраған тайпалардың өткенін зерделеуде көптомдық ұжымдық еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болды.

Бар ғұмырын төл тарихты зерттеуге арнаған ғалымның отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі қомақты. Тарихшының жарық көрген зерттеулері ғылымилығымен, тұжырымдарының салықалығымен, стилінің көркемдігімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытқа дейін ғалымның төрт жүзге жуық еңбегі ғылыми ортаға танымал. Оларды мынадай тарихнамалық кесте түрінде көрсетуге болады.

Отандық тарих ғылымының теориялық және методологиялық проблемалары бойынша	Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және отырықшыландыру, тың жерлерді игеру тарихы бойынша	Қазақ ру-тайпаларының тарихы бойынша	Өзге де мәселелер бойынша
34	128	83	92

Білімді де тәжірибелі ғалымның ғылымға берері әлі де мол. Талас Омарбекұлының есімі республикада бірегей тарихшы-ғалым ретінде аталады, өйткені ол – қазақстандық тарих ғылымының тарланы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293
2. Омарбеков Т. Қазақтардың Қытай асуы: дақырт пен шындық//Қазақ әдебиеті. – 1991. – 24 көкек.
3. Омарбеков Т. Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?// Егемен Қазақстан. – 1991. – 26 қараша, 5 желтоқсан.
4. Омарбеков Т. Талапайға түскен тарих// Егеменді

Қазақстан. – 1991. – 27 қыркүйек.

5. Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық// Жұлдыз. – 1991. - №6. – 118-131-бб.

6. Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру тарихы мен тағлымы. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның қолжазбасы. – Алматы., 1994.

7. Турсунбаев А. Великий перелом в сельском хозяйстве Семиречья.- А-Ата., 1950.

8. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997.

9. Омарбеков Т. Коллективтендіру: өкініш пен үміт жылдары//Қазақстан коммунисті. – 1990. - №10. – 16-23-бб.

10. Омарбеков Т. Қос уыс астық үшін жазаланған// Ақиқат. – 1994. - №10. – 43-50-бб.

11. Омарбеков Т. Шаруаларға шабуыл қалай бас-талды?: И.Сталин Сібір сапарының Қазақстандағы салдарлары//Ақиқат. – 1993. - №6. – 61-65-бб.

12. Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы, 1994.

13. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақпарат, 2001.

14. Омарбеков Т. Отырықшыландыру неге сәтсіздікке ұшырады? (Екінші мақала) // Ақиқат, 1994, №1.- 37-44-бб; Қазақ босқындары қайда орналасты? // Ақиқат, 1994, №2. -52-57-бб.

15. Жумабеков Ж. Ленинской дорогой. – А-Ата, 1975.; Ленинские идеи руководства массами в действии – Алма-Ата, Казахстан, 1969.

16. Омарбеков Т. Аштық апатын анықтай алдық па? // Ақиқат, 1994, № 5. -Б.45-50.

17. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағлымы не дейді?». – Алматы: Ана тілі, 1993.

18. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ және Талас Омарбеков

Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультеті, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Қазақстан тарихы кафедрасының құрметті кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның Құрметті академигі, белгілі ғалым, көрнекті тарихшы, «Құрмет» орденінің иегері, ұлағатты ұстаз Талас Омарбеков – жаңа белеске жетпіс деген кемел жасқа жетіп отыр.

Талас Омарбекұлы – Қазақстан тарихы ғылымының іргетасын нығайтып, оны дамытуға ат салысқан, саналы ғұмырын Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін жан-жақты зерттеп, қазақ халқының шынайы тарихын жазып, еліне ерен еңбегімен кең танылып, халық құрметіне бөленіп келе жатқан азамат. Ғалым ағамыз ұзақ жылғы ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесінде

одақ көлемінде және шет елдерде Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін таныту ісінде де еңбек сіңірді. Еліміздің тәуелсіздік алуы қазақ халқының ақтаңдақтарға толы бұрмаланған тарихын қайта қарауға, шындық тұрғысынан зерттеуге жол ашып берді. Осыған орай халқымыздың өткен тарихын жан-жақты терең саралап, объективті бағалайтын тарихшылардың жаңа тобы қалыптасты.

Осы топтың ішінде қазақ халқының төл тарихын бұрмалаусыз қайта жазу жолында өзіндік үлес қосқан ғалым, Талас Омарбековтің алатын орны ерекше. Ғалымның зерттеу ауқымы барынша кең, әрі сан салалы. Қазақстан тарихының әр түрлі кезеңдерінен тың тақырыптарды көтерген, күрделі мәселелерді қозғап, өз пайымдауларымен, ой тұжырымдарымен үлес қосқан 15-тен астам іргелі монографияның, 500-ден астам ғылыми мақалалар мен ғылыми-көпшілік жұмыстардың авторы болға-

ны еңбектерінен белгілі. Т.Омарбековтің ғылыми еңбек жолы 1977-1980 жылдары өзі білім алған Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аспирантурасына қабылданған кезінен басталады. Осында ол Кеңестік кезеңдегі Қазақстан колхоздары тарихын зерттеумен айналысып, 1982 жылы «О возрастании роли первичных трудовых коллективов в жизни колхозов Казахстана (1966-1977 гг.)» атты кандидаттық диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. Ал 1980-1989 жылдары өзі білім алған Абай атындағы ҚазПИ-де белгілі ғалымдар Н.Киикбаев, И.Шәмшатов, Қ.Шүлембаев, Әділгереев сияқты аға ұрпақтан тәрбие алып, оқытушы, аға оқытушы, доценттік қызмет атқарды.

1988 жылдан бастап барша қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістерге сәйкес өткен тарихымызды жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеу, Қазақстан тарихын қайта жазу туралы мәселелер көтерілді. Осы тұста Т.Омарбеков жаңа тарихи сананы қалыптастыруда және тарихи-зерттеу жұмыстарына жаңа серпін беруде күрделі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұрыннан ауыл халқының тарихи өркендеу жолын зерттеумен белсене айналысқан жас ғалым, партия тарихының құпия мұрағаттарын тереңдете зерттеп, бұрындары жазуға тыйым салынып келген проблемалық мәселелерді көтеріп, сол кезге дейін жазылған түрлі концепцияларға батыл қарсы шықты. Осылайша Кеңес дәуіріндегі қарама-қайшылыққа толы күрделі тарихымызды зерттеуге кірісті. Ғалым кеңестік жүйе тұсындағы сталиншілдіктің, әкімшіл-әміршіл жүйенің күштеп ұжымдастыру жылдарындағы жан түршігерлік зобаландарын әшкерелейтін салмақты да негізді ғылыми мақалаларын жазуға ден қойды.

1994 жылы ұзақ жылғы ғылыми зерттеуінің нәтижесінде академик К.Нұрпейісовтың ғылыми кеңесшілігімен докторлық диссертация қорғады. Диссертациялық жұмыс «Қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру» тақырыбына арналды. Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының Ғылыми кеңесі сол кездегі жас ғалымға бірауыздан ғылым докторы дәрежесін берді. Осы докторлық диссертацияда қазақ тарихының «ақтаңдақтарына» жататын 1929-1931 жылдардағы қазақ байларын қуғындау саясатын және қазақ байларын ғылыми тұрғыдан ақтап алуға бағытталған алғашқы еңбектер де ақиқат тұрғысынан жазылды. Нақты тарихи деректер негізінде ғалым мұнда да тарихи шындықты қалпына келтіруге көп үлес қосты. Осылайша ол алғашқылардың бірі болып 1928 жылы тәркіленген қазақ байларын ғылыми тұрғыда ақтауға бағытталған жаңа көзқарасты қалыптастыруға негіз қалай отырып, «феодал», «буржуа», «қауіпті элемент» деген жаладан аршып алып, қазақ шаруаларының қасіретін, оларға қарсы саяси репрессияны әшкерелеуде жалтақтамай, батылдық танытып, осынау өткір тақырыптарды зерттеуге бет бұрған шәкірттерін берік қолдап, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Солардың бірі – қазақ байларын тәркілеу тарихынан ғылыми диссертация қорғаған осы мақала авторы.

Осы жылдары Т.Омарбекұлы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі жанындағы мемлекеттік комиссия құрамында жазықсыз тәркіленген қазақ байларын ақтау жұмысымен белсенді айналысты. Бұл комиссияның нақты деректерге негізделген ғылыми қорытындысы кезінде Республикалық баспасөз беттерінде жарияланды [1]. Оның мол ғылыми

зерттеулерінің ішіндегі «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» (Алматы, «Санат», 1997), «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» (Алматы, «Қазақпарат», 2001), «Тарихпен өрілген тағдыр» (Астана, «Ана тіл – ата тарих» баспа зерттеу орталығы, 2007) және т.б. [2] шығармалары – шоқтығы биік туындылар. Ғалым осы еңбектерінің нәтижесінде Отан тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері жаңа тұрғыдан қойылып, оның негізгі бағыттары айқындалды. **Т.Омарбековтің жалпы ғылыми ізденістері айқындалған негізгі бағыттары:** еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыстар, XX ғасырдағы Қазақстанның аграрлық және шаруалар мәселелері, саяси қуғын-сүргін тарихы. Осы тақырыптарға қатысты ізденістер жүргізген жас зерттеушілер үшін бұл ғылыми тұжырымдар ең басты теориялық-методологиялық ұстанымдар болып қала береді. 1997 жылы оны Республиканың белгілі тарихшыларымен бірге президент Н.Ә.Назарбаев қабылдап, тарихқа байланысты өзекті мәселелерді талқылауға шақырды. Дәл осы жылы Т.Омарбековтің «XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстан қасіреті» атты монографиялық зерттеуін президенттің нұсқауымен ҚР Ақпарат министрлігі қаржыландырып, «Санат» баспасынан шығарды. Ғалымның осы монографиялық еңбегінде XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстанда байларды тәркілеу және шаруаларды күштеп ұжымдастыру тарихы, өз еліміздегі және Ресейдегі мұрағат құжаттарына сүйене отырып, нақты деректермен жан-жақты ашылды, мәселенің деректері жаңа методологиялық тұрғыдан бағаланды. Ғалым XX ғасырдағы тоталитарлық жүйе «ақтаңдақтарын» анықтап, оны өз шәкірттерінің ғылыми-зерттеу диссертацияларына тақырып етіп ұсынды.

1998 жылы Кеңестік тоталитарлық жүйе жылдарындағы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» мәселелеріне арналған өзінің «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» атты көлемді монографиялық еңбегі баспадан шықты. Осы еңбегінде Қазақстандағы жаппай кеңестендіру, «Кіші қазан», сауатсыздықты жою, қазақтандыру науқандарының астарлары, саяси «ауытқушылыққа» айыптау науқандары, босқындар мәселесі, депортация, сталиндік саяси террор, тың және тыңайған жерлерді игеру және оның айтылмаған ақиқаты зерттеліп жазылды. Ғалым кітабының оқырмандар сұранысына орай, екінші басылымында тәуелсіз Қазақстанның өтпелі кезеңдегі тарихын талдады. Онда Қазақстандағы президенттік билік, Қазақстанның өзіндік саяси даму жолы, идеология, экономика мәселелері қамтылды. Т.Омарбеков алғашқылардың бірі болып XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс, 20-30-жылдардағы шаруалар тарихы, Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе, XX ғасыр басындағы қуғын-сүргін, XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси өмір, XX ғасырдың «ақтаңдақтары» мәселелері, XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс тарихын объективті тұрғыдан зерттеу мәдесін көтерді. Алайда қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау тұрғысынан жазылған мұндай еңбектер қоғамда бірден түсіністік таба алған жоқ. Дегенмен, жариялылық пен тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқының ақтаңдақтарға толы бұрмаланған тарихын қайта қарауға, терең шындық тұрғысынан зерттеуге, Т.Омарбеков тәрізді ұлттық мүдде

тұрғысынан жаңаша ойлайтын тарихшылардың зерттеу жұмыстарына кең жол ашылды. 1991-1995 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің доценттік қызметіндегі ғылым ағасы қажырлы да жемісті еңбек етіп, жаңа зерттеулерді дүниеге келтірді. Оның алғашқысы «Голощекин геноциді» атты көлемді тарихи зерттеуі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді [3].

1993 жылы «Ана тілі» баспасынан тарихшы, белгілі алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев екеуінің тың ғылыми зерттеулері «Тарих тағылымы не дейді?» деген атпен кітап болып басылып шықты. Осы еңбектің II бөлімінде Т.Омарбековтің 30-жылдардағы ашаршылық, жеке басқа табынушылық себебінен халқымыздың басынан кешкен ауыр тарихы баяндалған ғылыми зерттеуі берілді [4].

Олардың ішінде қазақ тарихының XX ғасырдағы «ақтаңдақтар» қатарына жататын 1929-1931 жылдардағы Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстары алғаш рет ОГПУ-дің құпия мұрағаттарынан алынған құжаттар мен деректер негізінде терең зерттеліп, өзінің ғылыми бағасын алды. Сол кезеңде Т.Омарбековтің күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістері туралы ғылыми еңбектері «Жұлдыз» журналының бірнеше сандарында жалғастыра үздіксіз жарияланып отырды [5]. Осы зерттеулері негізінде 1994 жылы «Зобалаң» деген атпен арнайы жазылған монографиясы «Санат» баспасынан жарық көрді. Осы еңбегі 1929-1931 жылдары қазақ елінде жүргізілген күштеп ұжымдастыруға сталиндік қылмысқа қарсы тұрған Қазақстандағы халық наразылығы, бас көтерулері тарихы нақты деректермен ОГПУ архивтерінен алынған құнды мәліметтермен толықтырылған. **Бұл туралы ғалым: «Тарихымызға әлі күнге дейін зерттелмей келген осы «ақтаңдақты» зерттеу, одан тарихы тоғылымдар алу кейінгі ұрпаққа қажет. Сондықтан біз бұл күрделі тақырыпқа арнайы қалам тартып отырыз», –** деп көрсетеді [6].

Зорлық-зомбылық пен қуғын-сүргін саясаты шаруалар қожалықтарын күштеп ұжымдастырудың алғашқы кезеңі 1920 жылдардан бастап кең өріс алған. Осы күштеу, зорлық әдістері о бастан-ақ еркіндік сүйгіш шаруа қауымының ашық наразылықтарын туғызды. Бұл туралы ғалым 1929 жылдың өзінде Қазақстанда халықтың 30-дан астам үлкенді-кішілі бас көтерулері және толқулары болды деп көрсетеді. Осындай тарихи зерттеулер қазақ халқының «Қой аузынан шөп алмас» момын болғандығын, сталинизмнің қылышынан қан тамып тұрса да, қатал төртіпке бірден мойынсына қоймай, атқа мініп, батыл қарсы шыққанын көрсетіп отыр. Т.Омарбеков 1929-1931 жылдардағы дүрбелең оқиғаларды жан-жақты зерттей отырып, шынайы тарихи бейнесін көрсетті. Бұлтартпас тарихи деректерді, П.П.ОГПУ-дың көтеріліске байланысты қорытынды мәліметтер беретін кесте құжаттарын есептеп отырып осы жылдар аралығында 372-ге тарта бұқаралық бас көтерулер болғаны дәлелденді.

Осы санның өзі-ақ, күштеу мен зорлауға негізделген сталиндік режимнің халық тарапынан жаппай қарсылыққа кездескенін дәлелдесе керек. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңес үкіметінің жүргізген саясатын тарихи әдістер арқылы әр қырынан терең зерттеген ғалым кеңес үкіметінің зорлыққа негізделген билігін айқындап, тарихи бағасын берді.

Бүгінгі күнге дейін Т.Омарбековтің сұхбаттары, пікірлері және мақалалары тарихи үрдістерге деген жаңаша көзқарасымен ерекшеленеді. Республикалық «Ана тілі», «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тарихы», «Ақиқат» тәрізді басылымдарда ғылыми мақалалары жүйелі түрде жарияланды.

«Мәңгілік ел» идеясы халықтың тарихи санасын қозғап, туған тарихымызға деген зор құлшынысты, үлкен ынтаны туғызды. Осыған байланысты ақпарат құралдары да, тарихи тақырыптарды, тарихи очерктерді, әр түрлі ғылыми мақалаларды көптеп жариялауға кірісті. Осы салада да тарихи ғылыми еңбектер жазуда Т.Омарбеков бүгінгі күнге дейін белсенділік танытуда. Оның әр түрлі сұхбаттары, пікірлері және мақалалары өзіндік орын алып, тарихи үдерістерге деген жаңаша көзқарастарымен ерекшеленеді. Олардың көп бөлігі 2007 жылы шыққан «Тарихпен өрілген тағдыр» атты кітабында жарияланды. Кәсіби тарихшы жолын таңдаған тарихшылардың жаңа буынына бұл кітаптың берер тағылымы көп.

Ғалым, Қазақстан тарихының қай дәуірі болса да жаңа тұрғыдан қайта зерттеліп, тың мұрағаттық деректермен толықтырылған көптеген монографияларын жарыққа шығаруда. Профессор Талас Омарбековтің қоғамдық-саяси істердегі белсенділігі, тарих ғылымының дамуына қосқан ерен еңбегі жоғары бағаланып Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Құрмет» орденімен, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» екі мәрте марапатталды. 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің «Үздік оқытушы» грантының иегері, 2015 жылы «Әл-Фараби» күміс медалімен, 2016 жылы «Кітап ісіне қосқан үлесі» атты төс белгісімен марапатталды. Талас Омарбеков ғылыми салада үлкен жетістіктерге жеткен, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған ірі ғалым. Ғалымның жетекшілігімен 31 тарих ғылымдарының кандидаты, 7 ғылым докторы, PhD бағдарламасы бойынша 3 философия докторлары дайындалып шықты.

Талас Омарбеков – Қазақстан Республикасының тарих ғылымын жаңа белеске көтеруде тың жаңалықтарға толы өзінің зерттеу жұмыстарымен сүбелі үлесін қосқан белгілі ғалым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Егемен Қазақстан», 1992, 22 желтоқсан.
2. **Т.Омарбеков.** «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері», Алматы, «ҚазАқпарат», 2001, -404, «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», Алматы, «Санат» баспасы, 1997, -350., «Тарихпен өрілген тағдыр», Астана қ., «Ана тілі – Ата тарих», 2007, -460 б.
3. **Талас Омарбеков.** «Голощекин геноциді», Қазақ әдебиеті, 6 шілде, 1996 жыл, 10 бет
4. **Қойгелдиев М., Омарбеков Т.** «Тарих тағылымы не дейді?», Алматы, «Ана тілі», 1993, 205 бет.
5. **Талас Омарбеков.** «Халық қаһары», «Жұлдыз», 9 қырк, 1991 ж., 115 б., Адай көтерілісі «Жұлдыз», 7 шілде, 1992 ж., 157-бб, Бостандық ауданындағы көтеріліс, «Жұлдыз», 3 наурыз, 1993, 164 б, Қарақалпақстандағы көтеріліс, «Жұлдыз», 4 сәуір, 1993, 130 б. және т.б.
6. **Т.Омарбеков.** «Зобалаң», Алматы, «Санат» баспасы, 1994, 272 б.
7. **Т.Омарбеков.** «Зобалаң», Алматы, «Санат» баспасы, 1994, 4 б.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Мәдина БАЙДӘУЛЕТОВА (Байдавлетова),
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Қазақстан тарихы кафедрасының PhD докторы

Кеңестік кезеңде ұлттық тарихымыз бұрмаланып келгені мәлім. Ал Қазақстан өз тәуелсіздігін алған соң төл тарихымыздың ақтаңдақтары, алаш зиялыларының өмірі, қызметі және шығармашылығы еліміздің қоғамдық ғылым мамандары тарапынан жан-жақты және ұлттық көзқарас тұрғысынан зерттеле бастады. Сондықтан да тарих ғылымының дамуына жаңа леп берген тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген зерттеу еңбектерінің маңызы зор. Осы орайда, ұлт зиялыларын зерттеуде тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбековтің еңбектері ерекше атап өтуді қажет етеді. Әсіресе, ғалымның Ш.Омарбековпен бірігіп жазған «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» еңбегінде [1] қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи мәселелерге байланысты көзқарастарына жан-жақты талдау жасалған. Сондықтан да бұл еңбектегі көзқарастар мақаламыздың жазылуында өзіндік рөлге ие болды.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі – мектептерде білім беру. Ресейдің отарлауынан, кеңестік биліктің қуғын-сүргінінен көз аспаған қазақ халқы аса ауыр кезеңдерді басынан өткеріп жатқан еді. Осындай заманда қазақ ұлтын, халқын сақтап қалудың, тәуелсіздікке қол жеткізудің бірден-бір жолы – қазақ жастарына сапалы білім беру болды. Мұндай маңызды мәселелерді, оны шешудің жолдарын қазақ зиялыларының еңбектерінен табамыз. Сондықтан, осы мақаламызда біз, қазақ зиялыларының Қазақстандағы оқыту ісіне байланысты көзқарастарын қарастыра отырып, ондағы оқыту тілі, пәндер құрамы сияқты мәселелерді талдаймыз.

Аталған кезеңдегі Қазақстандағы білім беру ісі күрделі мәселелердің бірі болатын. Себебі, қазақ балалары көбінесе жергілікті ауыл молдаларынан ғана сауатын ашып, көрші елдерге, әсіресе, Ресейге барып оқитындары аз болды. Ал, алғашқы мектептер қазақ оқитындарына орыс тілін үйретіп, христиан дінін уағыздап, тек патшалық әкімшілікке қызмет ететін шенеуніктерді дайындау мақсатында ашылған еді. Қазақстандағы білім беру ісіне сүбелі үлес қосқан ағартушы, педагог Ы.Алтынсарин мектепте оқытудың бағдарламасын жасап, тек қана жазу-сызуға үйретумен шектелмей, оқушыларға орыс тілін, жаратылыстану пәндерін де оқытуға көңіл бөлген болатын [2, 273-б.]. Ал, **М.Дулатов:** «Қазаққа орысша, мұсылманша оқудың екеуі бірдей керек. Біріне артықшылық, біріне кемшілік беру қате» [3, 69-70-б.], – десе, **А.Байтұрсынов** «бастауыш мектептен оқығандар ең әуелі қазақша толық хат білетін дәрежеде болуы керек», – дей отырып, «әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек, соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» [4, 245-б.], – деп

ана тілді оқытуға көп уақыт бөлуді жазады. Мұнан байқайтынымыз, әрине, бірнеше тіл білу қай заманда болмасын маңызды. Дегенмен, бастауыш сыныптарда ана тілінде ғана оқыту өте қажетті іс. Ана тілін бойына сіңіріп өскен адам, кез келген уақытта өзге шет тілдерін оқып, үйрене алады. Мұны зиялыларымыздың пікірлері де, қазіргі заманғы зерттеулер нәтижесі де дәлелдейді. Тіпті, XX ғ. басында өткізілген Қызылжар уезіне қараған учительдер съезінің қаулысында «*Бұратаналар школында оқу ана тілінде болсын; орыс тілі 3 жылдан бұрын кіргізілмесін...*» [3, 389-б.], – деген шешім шығаруы біздің пікірімізді қуаттай түседі. Сондай-ақ «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалардың басым көпшілігі мектептегі алғашқы оқу жылдарының ана тілде (қазақ тілінде – авт.) болуын жақтаған [3, 376-б.]. Жоғарыда айтылған пікірлерден байқап отырғанымыздай, зиялы қауым өкілдері қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды қолдағанымен, алғашқы екі-үш жыл ана тілінде болуын міндеттейді. Себебі, ана тілін білмеген жас ұрпақтың мәңгірттеніп, өз тілі мен мәдениетін жоғалтып алуынан сақтанса керек.

Қазақ зиялылары мектепте оқытылатын пәндерге және оны оқытудың жолдарына қатты назар аударған. Оны **Байтұрсыновтың:** «*Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы*» [3, 98-100-б.], – болуы дұрыс деген пікірінен көреміз. Ал, **Ж.Аймауытов:** «*Балаға жалаң білім үйрету, басқаша айтқанда, баланың басын түрлі көп мағлұматпен тығындап толтыра беру ақылды күшейтуге себеп болады деу – қате. Бүйтіп білім үйреткенде баланың басы неше түрлі білімді жинап, сақтап қоятын бір қойма іспетті болады. Ондай мектеп, ондай оқыту, тек ақылды олай-бұлай қозғап, созылғаннан басқа, балаға ешбір тәрбие бере алмайды. ...Сондықтан мектеп балаға пайдалы білімдерге негіз салып, келешекте ол білімін өркендету үшін ақылды күшейту жағын ескеру керек; екінші түрлі айтқанда, білім көбейту мен ақыл күшейту мақсұты қатар көзделу керек*» [5, 299-301-б.], – деп жазады.

Сонымен қатар қазақтарды христиандандыру саясаты жүргізіліп жатқан уақытта, ислам діні негіздерін мектептерде арнайы оқыту маңызды істердің бірі болып табылады. **Мұсылманша оқуға байланысты Ы.Алтынсарин өз жазбаларында:** «мен кейбір оқытудан бос уақыттарымада оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын» [2, 274-б.], деп оның себептерін де көрсетіп өтеді: «*Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде*

татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім. Менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе – қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптарының қолайсыз екендігін мойындайды» [2, 323-324-б.].

Бұл жерден байқап отырғанымыздай, Ы.Алтынсарин қазақтардың діни сауатын ашып, теріс жолға түсіп кетпеуін, сонымен қатар басқа тілдердің, әсіресе, татар тілінің ана тілімізден басым түспеу жолдарын қарастырған. Осыған байланысты Ы.Алтынсариннің Н.Ильминскийге жазған хаттарынан ислам діні негіздерін қазақ балаларына оқыту керектігі жөнінде және сол үшін арнайы кітап жазып, оны баспаға шығарып беруін сұрағандығын көреміз. Бірақ та кейінгі жазбаларынан байқағанымыздай, ол кітабына 3-4 рет сұрау салса да кітабының қайтарылмай, не дұрыс жауап ала алмай, оны баспаға шығармақ түгілі, жоғалып кеткендігін оқимыз [2]. Әрине, Н.Ильминский миссионер болғандықтан, оның Ы.Алтынсариннің осындай мазмұндағы кітабын шығарып беруі мүмкін емес еді. Дегенмен, Ы.Алтынсарин мұнымен тоқтап қалмай, көлемі аздау болса да қазақ балаларына ислам діні негіздерінен хабар беретін кітапшасын жазып, шығарған болатын.

Патша өкіметі қазақ мектептерінде ислам діні бойынша сабақ берілуін әрдайым бақылап отырған. Оның дәлелі ретінде мұрағаттың мына мәліметтерін келтіруге болады: *«Копия секретного предложения Семиреченского областного Правления от 18 февраля 1912 г. За №294 Верненскому Полицеймейстеру. Областное правление предлагает доставить заведующему Розыскным пунктом в г. Верном сведения – 1) о существующих в городе новометодных мусульманских школах, лицах, преподающих в них и учебниках, по которым ведется преподавание, с указанием времени и места их издания; 2) об имеющихся на лицо мусульманских обществах просветительного, благотворительного и т.д. характера и о лицах, входящих в состав таковых; 3) о наличных книжных лавках, торгующих мусульманской литературой и о личностях книгонош, получивших разрешение вести торговлю этими книгами. Для немедленно доставления самых точных и подробных сведений 23 февраля 1912 г. Плищ. Поротиков. Секретарь Нарежнев»* [6, л.105]. Бұл XX ғ. басында жаңа әдіспен оқытатын мұсылман мектептерінде оқылатын кітаптар, олардың мазмұны, шыққан жері мен жылы, ағартушылықпен, меценаттықпен айналысатын мұсылман қоғамдастықтары және оның құрамына кіретін адамдар, ислами кітап сатылатын орындар мен оны сатуға рұқсат алушылар патшалық Ресейдің қатаң қадағалауында болғанын анық байқаймыз.

«Алаш қозғалысы» құжаттар мен материалдар жинағында Ішкі Істер Министріне қазақтардың құқықтарын кеңейту туралы петицияны бекіту туралы өтінішінде: *«В школах было бы обязательным условием: сначала преподаванием киргизским ученикам магометанского духовного молитвенного урока, пяти главных обязательных уроков для богослужения до совершеннолетия учеников, а затем уже преподавались русские грамоты с тем, чтобы преподавание мусульманских духов-*

ных уроков не оставалось до оставления учеником школы» [7, 41-42-б.], – деп алдымен міндетті түрде ислам діні негіздерін, кейіннен орыс тілін оқытуға мән берген.

Өз кезегінде **М.Дулатұлы:** *«Мұсылманша оқушыларға шаһарларда қазаққа арнаулы медреселер жоқ. Қазақтан оқушы талапкерлердің көптігі соңғы жылдарда көріне бастады. Школдарға қазақ балаларының 10-нан тоғызы орын жоқтықтан кіре алмай, қайда барарын білмей, қаңғырып жүр»* [3, 69-70 б.], – деп мектептердің аздығын сөз қыла отырып, мұндай мектептердің керектігін жазады. Бұл қазақтарға мұсылманша оқудың қажеттігін көрсетіп, басқа дінге немесе теріс жолға түсіп кетпеуіне байланысты жасалған шаралар болатын.

Сонымен Қазақстандағы мектептерде оқыту мәселелеріне байланысты ұлт зиялыларының көзқарастарын қорытындылар болсақ:

- өз ұлтының болашағы жолында аянбай қызмет еткен ұлт зиялылары ана тілінің болашағына алаңдап, мектептегі оқу тілінің алғашқы екі-үш жылын міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттап, жиналыстарда арнайы күн тәртібіне қойып, осы мәселені шешуге тырысты;

- мектепте қазақ балаларына ислам діні негіздерін оқыту мақсатын көздеген зиялылардың ұсыныстары билік тарапынан қолдау таппағандығын көрсетті;

- жаратылыстану пәндерін оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқытуды ұсынды.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы оқыту мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын талдау барысында, олар бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілінде болуын насихаттағанын және оны съездерде арнайы мәселе ретінде қарастырғанын, осылайша, мұндай мәселелерді бірден шешуге тырысқанын көреміз. Ал мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, жергілікті мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған. Мұның барлығы қазақ зиялыларының болашақ ұрпақтың білімді болуы, халқының дамуы жолында қосқан ерекше үлесі деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Омарбеков Т., Омарбеков Ш.** Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
2. **Алтынсарин И.** Избранные сочинения. – Алмата: Изд. АН КазССР, 1995. – 414 с.
3. «Қазақ» газеті / құраст. Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
4. **Байтұрсынов А.** Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / құраст. Ә.Шәріпов, С.Дәуітов). – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
5. **Аймауытов Ж.** Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Т.4. – 316 б.
6. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 73-қор. 2-тіз., 2-іс, 105-п.
7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: Алаш, 2004. – Т.1. – 552 б.

УАҚЫТ ҰШТАСТЫРҒАН ЖЕЛІ

Данагүл МАХАТ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ҒО бас ғылыми қызметкері

Өркімді өзінің лайықты тұғырына қойып, шынайы бағасын белгілеуші уақыт пен тарихтың өлшемі екені белгілі. Қазақ тарих ғылымының өсіп, өркендеу сатысына көз салсақ, ұлт тарихының тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі жаңғырып, теориялық-методологиялық тұрғыдан жаңаруына өзіндік елеулі үлесін қосқан – бүгінгі қазақ ғылымында аты кеңінен танылған, терең ойлы, кең арналы ғалым, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков. Үнемі еңбек, ізденіс үстінде жүретін ғалым, архивтер қойнауындағы шаң басқан деректерді тауып, жүйелеп қазақ халқының этникалық тарихын, қоғамдық санамыздың болмыс-бітімін мүлде өзгерткен, ХХ ғасырдың қасіретті тарихын ғылыми тұрғыда өте терең және кең ауқымда зерттеді, іргелі еңбектер жазды.

Оның ғылыми мектебінен өткен тарихшылардың жас буыны ғалымның ақыл-кеңесін алып, ғылымға төселді. Ұстазымыздың асқан кішіпейілділігі, еңбекқорлығы, уақытша сәтсіздікке мойымайтын күрескерлігі, өткен тарихтың сырын білмекке, ғылымға деген ынтықтығы – үлкен мектеп болды. Төзімділік пен қажырлы еңбекті талап ететін, зерттеушілік жұмысқа баулыған шәкірттерінің бәрі де ғылыми диссертацияларын сәтті қорғады, бүгінде еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде еңбек етіп жүр. Ұстазымыз Талас Омарбековтің сөзімен айтқанда, «бұл ұстаз еңбегінің жемісі еді. Күн-бағыстар күнге қарап өседі» [1, 21-б.].

Ұзақ жылдар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің деканы қызметін атқарған, белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Таймағамбетов ғалым еңбегіне: «Т.Омарбековтің зерттеулерінің ең басты құндылығы біздің ойымызша, олардың бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның, әсіресе, қазақ халқының рухани мүддесіне адалдығында деп ойлаймыз. Сондықтан да бұл еңбектер¹ жаңа тарихи ойлауды қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге зерттеушілердің жаңа ұрпағын шынайылыққа, объективтілікке және туған халқын сүюге тәрбиелеуде айтарлықтай лайықты орын алады. Мұндай ғылымдағы тың ұстанымды бүгіндері сандары 20-дан² асып кеткен Т.Омарбеков тәрбиелеп шығарған ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары да берік ұстанып келеді» [2, 453-б.], – деп жоғары баға берген болатын. Үстіміздегі жылы мерейлі 70 жасқа толатын ұстазымыз, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков – табиғи ақыл-ой парасаты, ерен еңбекқорлығымен ұштасқан, тұғыры биік тұлға.

Ғалымның алғашқы еңбек жолына сәл шегініс жасайық. Ол 1972 жылдан бастап өзі еңбек еткен Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Чапаев атындағы орта мектепте алғаш рет «Тарих және археология» музейін ұйымдастырып, алғашқы зерттеулерін «Білім және еңбек» және басқа да ба-

сылымдарда жариялай бастаған. «Ұстаз бейнесі», «Ол қандай болу керек?», «Бала арманы» деген мәселелер жөнінде мерзімді басылымдарда ой бөлісіп, жақсы ұстаз болып қалыптасу жолдарын іздеген. Ол өзінің жазған еңбектерінде тұлға болып қалыптасуына зор ықпал еткен ұстаздары мен танымал ғалымдар туралы құрметпен еске алады.

Ауыл мектебінің жас ұстазы Т.Омарбековтің республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 1974 жылғы 16 шілдедегі санында «Ұстаз ойы» деген айдармен басылған «Бала армандай білсін» атты мақаласында: «Осы орайда академик Ә.Х.Марғұлан: «Әлі есімде, Семейге кетіп бара жатқанымызда бір бала мен Пушкиндей, Абайдай ақын боламын деп, екіншісі мен Достоевскийдей болам» деп отырғанын естігем. «Сондай болам» деген жақсы. Есейген сайын бұл ой көкірегіме сәуле құйып, күшейе береді», – деген пікірі құптарға тұрарлық» [3, 29-б.], – деп бала тәрбиесіндегі ұстанымын қолдап, өз ойын да ортаға салған.

Уақыт өте келе Талас Омарбековтің өзі де қазақтың зор ғалымы болып қалыптасып, алдынан өткен шәкірттерінің ой көкірегіне сәуле құйып, жалындатып жаға білді. Қазақ ғылымының шамшырағындай болған екі тұлғада: туған жер мен елге үлкен махаббат, ғылымға адалдық, еңбекқорлық, адамдармен қарым-қатынастағы шынайылық, жас ұрпақты тәрбиелеуде жауапкершілікті сезіну сияқты ізгі қасиеттер, ұқсастықтар өте көп.

Энциклопедист-ғалым Әлкей Марғұланның Қазақстан республикасында да, шетелде де арнайы зерттеле қоймаған, әдеби-тарихи эпистолярлық мұраларының арасында академикке мектеп оқушыларынан келген хаттарды да кездестірдік. Ғалым жас жеткіншектердің хаттарын елеусіз қалдырмай, оларға жауап жазып, оқу-білімге, ғылымға деген талпыныстарын қолдап, ақыл-кеңесін беріп отырған екен. Соның бірі – Жезқазған облысы Ұлытау селосы №1 Ұлытау орта мектебінің оқушылары Мақсұт Ахметов пен Мақсұт Дүйсековтан келген хат. Хат 1984 жылдың 10 қыркүйегінде жазылған. «Лекарственные растения. Кровохлебка лекарственная» деген дәрілік өсімдіктің суреті, аты жазылған конвертке салынған, жоғарыда хатты алушының мекен-жайы: «г. Алма-Ата. Академику Казахской ССР Алкей Хакановичу Маргулану. Индекс 480044 (соңғы екі саны, дұрыс болмаса керек, 44 саны қызыл қаламмен үстінен сызылған)», төменгі жағына өздерінің тұрғылықты мекен-жайларын: «472831. Джезказганский обл., с. Улытау. УСШ. № 1» деп көрсетіпті, хат жолдаушылардың аты-жөндері жазылмаған. Хат тор көзді оқушы дәптерінің екі бетіне жазылған. Қағазы сарғая бастағанымен жазулары тайға таңба басқандай анық. «Сәлеметсіз бе, академик ара!»

Біз сізге бұл хатты жазған себебіміз, өзімізді көптен бері қызықтырып жүрген бір сырымызды айтпақшы едік. Ол тасқа жазылған көне жазу мен сүре жазу арабша ма? Әлде басқа түрі ме? Өзімізге белгісіз. Жалпақ тасқа жазылған жазулар толып жатыр. Бізді

1. Т.Омарбековтің еңбектері.

2. Бұл осыдан он жыл бұрынғы, яғни 2007 жылғы мәлімет.

қатты қызықтырды. Сондықтан біз қолымызға қалам алып, сол тастардың бір-екеуін шамамызша үзінділеп, қағаз бетіне түсірдік. Барлығын түсіру мүмкін емес, қағаз бетіне сымас деп ойладық. Осы сурет пен жазулардың қандай жазу екенін, не деп жазылғанын және суреттегі бейне нені айтатынын білгіміз келеді. Сол сияқты қазақ жазуларының тарихын зерттейтін сіздерге де қажеті болып қалмас па екен дейміз.

Сәлеммен хат жолдаушылар: Мақсұт Ахметов, Мақсұт Дүйсеков.

№ 1 Ұлытау орта мектебінің оқушылары.
Ұлытау селосы, 10. IX. 84 ж.» [4].

Екінші бетте араб қарпіндегі жазбалар жазылып, оларды сандармен беске бөліп, әр жазбаның астына, қысқаша сипаттама беріп қойған.

Парақтігінен түзу сызықпен екіге бөлініп, оның сол жақ бөлігін көлденеңінен тағы екі бөлікке бөліпті, 1 санымен белгіленген жазбалардың астында «*тасқа ұзынынан жазылған*» деген жазу бар, оң жағын көлденеңінен төрт бөлікке бөліп, 2 санымен белгіленген жазбаның астына «*басқа жазулар жоқ*», 3 санымен белгілеп көрсеткен жазбаның астына «*тас сынған*», төртінші жазбаның жоғарғы жағына «*бұл тастың ең соңғы жолы*», «*сосын мынадай таңба тәрізді бар*» деген ескерту, бесінші бөлікте, парақтың шетінде, көлденеңінен «*Тасқа салынған сурет*» деген жазу және суреттер берілген. Жоғарыдағы суреттің қасына «*күнге ұқсас бейне*», төменгі жағында тағы да сурет, оның орта тұсына «*осы тәрізді жазулар осы бейненің ішінде бар, бірақ, өте көмескі, көзге көрінбейді*» деп жазыпты. Академик Әлкей Марғұланның хаттарын зерттеп, адресанттарды анықтау барысында жоғарыдағы екі Мақсұттың бірі, яғни Мақсұт Дүйсековтің есімі көзімізге жылы ұшырады³. Ол – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің талантты түлегі Мақсұт Дүйсеков еді.

Жоғарыдағы хаттың жазылу тарихы туралы Мақсұт Дүйсеков жастардың «Өркен» газетіне жазған мақаласында былай деп, еске алады: «... Жақында бір танымс достарымның мені іздеп, бөлмеге келе қалғаны. Әдеттегідей, студенттің қара шайынан соң, менің фотоальбомдарымды да қарап отырып, олар ондағы желімдеулі тұрған академик Әлкей Марғұлан жазған хатты көріп, Әлкей мен біздің арамызда қандай байланыс барын айтып беруімді өтінді.

Ия, мектепте оқып жүрген кезімізде туған өлке тарихы қатты қызықтыратын. Мақсұт Ахметов деген досым екеуміз өзіміздің ауылымыздың ежелгі тарихын білсек деп армандайтынбыз. Осы арманның жетілуімен, тұрған жерімізден қашықтау болса да Аманкелді атындағы совхоздың (Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы) төңірегіне жиі-жиі саяхатқа шығатынбыз. Бірде «Бозшакөл» деген жерден көне заманғы тастарды кездестірдік. Көне заманғы дегеніміз, ол тастарда бізге түсініксіз ерекше таңбалар болды. Сонан соң Мақсұт екеуміз осы тастардағы таңбаларды қағазға түсіріп, академик Әлкей Марғұланға хат жаздық»⁴ [5, 208-б.]. Көп ұзамай академиктен төмендегідей жауап хат келеді.

«Ұлытаудағы бірінші мектептің оқушылары екі Мақсұтқа!

Сендердің хаттарыңды алдым, онда мәдениетке байланысты жақсы ойлар айтқансыңдар. Ұлытау, Жезді, Байқоңыр төңірегінде араб әрпімен жазылған қазақ жазулары орасан көп. Маған жіберген жазуларың – сондай араб қарпімен жазылған қазақ жазуы. Бірақ араб жазуын білмегендіктен, сөздері қате жазылған. Менің оқығандарым «Тарих 1291 жыл Байбатырдан Қара көз, Үшбу тасты язғуша баласы Құдабай». Тасқа түсірген

таңбалары – анық оғыз тайпаларының таңбасы. Дөңселек жұлдыз салып түсірген суретті мен көрген емеспін. Валукинский тапқан бір таста аттың, бұғының суреті бар. Оны мен орысшаға аударғанмын. Қазір Жезқазған музейінде сақтаулы тұр. Сендердің міндеттерің жаз шыға, Ұлытау, Жезді, Кеңгір, Байқоңыр өзендерін тегіс аралап, кітапқа айналдыру керек. Ол үшін қастарыңа арабша жақсы білетін қарттарды ертіп алуларың керек. Олар Ұлытауда, Жездіде, Қарсақпайда табылады. Жазуларды білу үшін олардың пайдасы орасан зор.

Әлкей Марғұлан. 5 ноябрь 1984» [5, 208-209-б.].

Академик хатының уақытына зер салсақ, ол кісі дүниеден өтерден екі айдай бұрын ғана жазған екен⁵, өзі науқастанып жатса да, жастарға жауап хат жазып, жол нұсқап, бағыт-бағдар беріпті.

Мақсұт Дүйсеков, Әлкей Марғұланның оларды жас болса да саналы азамат ретінде бағалап, үлкен үміт артқанына бала көңілдерінің өсіп, қуанып қалғанын жазған. Академиктің осы бір хатының олардың азамат болып қалыптасуына ерекше әсері болғаны байқалады. Екі Мақсұт та балалық арманына бағдар болған жәдігерді жаңғыртып, есейген шақтарында академиктің хаты туралы естелік-мақала жазып, хаттың түпнұсқасын жариялап, туған жер мен ел тарихына деген үлкен құрметтің үлгісін көрсетті. Академик Әлкей Марғұланға хат жазған екі Мақсұт, отаншыл, еліне елеулі азаматтар болып қалыптасты.

Мақсұт Дүйсеков⁶ актер, режиссер болуды, Ұлытауда тарихи кинолар түсіруді арман етті. Арманы асқақ Тауұлына⁷ жаратқан 28 жас ғана ғұмыр жазған екен. 1995 жылы 8 маусымда дүниеден өтті. Академикке хат жазған екі Мақсұттың бірі – Мақсұт Ахметов, қазір Ұлытауда тұрады.

Мақсұт Ахметов өз естелігінде академикке хаттың жазылу тарихы туралы былай деп баяндаған:

«Ұлытау өңірі тұнып тұрған байлық, әр тасында шөккен тарих жатыр. Біз досым Мақсұт Дүйсеков екеуміз (әрине, басқалар да сияқты) осы өңірдің тарихын, мәдениетін білуге құштар болып өстік. Ұлытаудың № 1 орта мектебінде 1975-1985 жылдары білім алдық. Академик Әлкей Марғұланға хат жазуымыз осы өңірдің тарихына құмарлық шығар деп ойлаймын.

Ұлытау ауданы территориясы үлкен. Бес облыспен шектеседі. Тарихи ескерткіштерінің орналасуы бір-бірінен алыс, 10 км – 200-250 км-ге дейін барады. Біз жазған тастағы жазулардың тарихы былай болған:

3.Бұл азамат талантты журналист-ғалым, жолдасым, марқұм Біржан Белғарамен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде бір курста оқыған Мақсұт Дүйсеков болатын.

4.Академик Әлкей Марғұланның бұл хаты туралы Мақсұт Ахметов те «Сарыарқа» газетіндегі «Ұстаз туралы әңгіме» (Ахметов М. Ұстаз туралы әңгіме // Сарыарқа. – 2008. – 16 мамыр) деген мақаласында жазған болатын.

5.1985 жылдың 12 қаңтарында Алматы қаласында дүниеден өтті.

6.Мақсұт Дүйсеков 1988 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журфағына түсіп, 1993 жылы бітіріп шықты. Ол 5-курста оқып жүргенде-ақ Қазақстан Журналистер одағына мүше, Республикалық «Егеменді Қазақстан» газетінің тұңғыш студент-стипендиаты болды. «Алматы ақшамы» газетінде тілші, «Өркен-Горизонт» жастар газетінде, «Ақжелкен» балалар журналында жауапты хатшы қызметін атқарды. Университет бітірген соң туған жері Ұлытауға келіп, аудандық газетте тілші, «Қазақ тілі» қоғамында маман, аудан әкімшілігінде «референт», Жезқазған облыстық телерадио комитетінде тақырыптық материалдар жөнінде редактор болып қызмет істеді.

7.Оның журналистикадағы бүркеншік аты.

... Аудан орталығы Ұлытаудан батысқа қарай 30 км жерде Аманкелді атындағы совхоз бар (қазір ауылдық округ). Сол совхоздан 120-130 км жерде «Бозшақөл» деген ферма болды, «отгон» дейді. Ферма орталығы – «Әли» деп аталды. Мен осы ауылда туып-өскенмін, ата-анам малшы болған, біз Ұлытаудың мектеп-интернатында оқып, білім алдық. Бұл жер Торғай облысымен шектесетін, бұрынғы Қайдауыл болысы болған. Ауылдың «Әли» аталуы, бала кезімізде үлкендерден естуімізде, бұл жерде Әліби Жанкелдиннің қыстауы болған дейді.

Сол орталық Әлиден 10-12 км батысқа қарай екі көне там бар, яғни – бейіт! Оны біз «Қос там» деп атап кеткенбіз. Бала кезімізде ойнап жүргенде бір көзіміз допта, бір көзіміз сауын сиырдың бұзауында болатын. Бұзау жамырау дегеніміз – шешеміздің таяғы! Сол жаздың бір күні бұзау жамырап... мен «Қос тамға» сиыр мен бұзауды іздеп бардым. Күн ыстық, жер қашық. Барсам тамның көлеңкесінде күйіс қайырып екеу жатыр. Содан көзім тамның айналасындағы арабша жазылған, суреттер салынған жалпақ тастарға түсті. Ақ мрамор түстес тастар, көрдім, қызықтым. Сиыр мен бұзауды айдап ауылға қайттым.

Ауылға келген соң 10 күндей сол тастар есіме түсе берді, бір құпия бар сияқты, күнде сол «Қос тамға» қарайтын болдым. Ақыры бел шешіп, басыма «Правдадан» газет қалпақ, қолыма ағамның қанжарын алдым, ручка, блокнот алып, бір шөлмек суды беліме байлап «Қос тамға» тарттым.

Ұзындығы 1, 1.5 метр жалпақ тастарды «біссі-міләмді» айтып (құран білмеймін) жерден суырып алып, барлық суреттерді, жазуларды блокнотқа көшіріп алдым. Бұрын арабша жазып көрмеген шыжыған күн астында біраз еңбектендім.

Жазғы каникул аяқталып, Ұлытауға сабаққа «та-рихи» жазбаларым мен оқыған кітаптарымның тізімін алып келдім (Біздер кітапты, әдебиеттерді жарысып оқитынбыз). Содан «ашқан жаңалығымды» бірден Мақсұтқа көрсеттім. Ол: «Ауылда бұны оқитын шал жоқ, немесе білмейді, бұны Академик Ә.Марғұланға жазамыз» деген идея айтты. Мен: «Ол кісінің адресін қайдан аламыз» деп едім, ол «Әлкей Марғұланды бүкіл Қазақстан таниды» деп кесіп айтты. Арабша жазуларды сен қайтадан ақ қағазға көшір, хатты академикке мен жазамын деп, екеуіміз Мақсұттың үйінде 1984 жылдың сентябрь айында хатты жазып жібердік. Содан хат кетті, хабар жоқ, бірақ үміт бар, андасанда почтаға барып қараймыз. Сөйтіп жүріп, ұмыта бастадық, бізді бала санады деп ойладық.

Біз интернаттың балалары үйімізден келген хатты почтадан өзіміз алатынбыз. Бір күні ноябрь ма, әлде декабрь ма есімде жоқ, интернатта оқитын орыстың бір баласы «Максут, тебе на почте письмо пришли, только почтамы» деп, қолыма әбден ұмажалған хатты ұстатты. Сыртында «Ахметову» деп маған жазылған, мөрін қарасам «Алма-атинская обл» деп тұр. Менің ол жақта кімім бар еді деп, хатты ашып қарасам ...! Атақты академиктің бізге жазған жауап хаты болып шықты. Содан қуаныш қойынға сыймай Мақсұтқа ұша жүгердім. «Ұлытаудағы №1 мектептің оқушылары екі Мақсұтқа» деп бастапты, хатты әйгілі академик ағамыз. Содан класстастар естіді, мектеп естіді, біраз шулаттық. Бізге үлкен мәртебе болды. Негізі Мақсұт хаттың кері адресін «У.С.Ш» деп көрсеткен екен, бірақ менің аты-жөнімді бірінші жазған соң, хат менің атыма жазылған ғой деп ойлаймын қазір. Жаңағы орыс бала почтадан тауып алмағанда, хат бізге жетпес те еді ғой.

Қазір осы оқиғаның өзіне 34 жылдан астам уақыт өтті. Көп нәрселерді ұмытып қалуымыз да мүмкін

бірақ, осы хаттың «түпнұсқасы» менде болғаны анық. Мен кейін мәдени-ағарту училищесінде оқып жүргенде Аманғали Ербозов деген домбырадан сабақ берген ұстазым хатты көріп, оқып, өзінің жеке архивіне беруді өтінген соң, ойланбастан бере салғаным бар. Ол кісі қазір жоқ, мүмкін болса архивін қараса, ұрпақтары бар ғой. Маңғыстау жақтікі болатын. Бұл хат туралы материалдар «Жезқазған туы», «Өркен-Горизонт», «Ұлытау өңірі» газеттеріне кейін шықты, басылды.

Жалпы академик Ә.Марғұланға жазылған хаттың авторы, әрі қарай басталуының идеясын шығарушы, осы Мақсұт Дүйсеков болатын, мен тек көшіріп жазушы, табушы, «мұны не істейміздің адамы» болдым.

Хаттың қысқаша тарихы осылай болды. Әрине, өткен тарихсыз келешекті болжау мүмкін емес. Біз тек қана қызығушылықты емес, сонымен қатар болашақ ел, жер тарихын білу керек деп те ойладық деп түсінемін».

Талантты журналист Мақсұт Дүйсеков өзінің «Ұлытау тарихы туралы кең дүниелерді жазсам, көрсетсем» деген арманын болашаққа аманат еткендей, «Өркен» газетіндегі мақаласында: «Өкінішке қарай, Әлкей ағаның бұл кеңесін орындай алмадық. Мектептен соң Мақсұт екеуіміз де әскер қатарына аттандық. Одан келген соң, оқуға кеттік...

Академиктің соңғы өтініші тапсырмасын орындауға, бәлкім осы хатты оқыған тарихшы жастардың ықыласы болар деген үмітпен Әлкей аға жазған хатты газет арқылы жұртқа таныстыруды жөн көрдік...» – деп жазып қалдырыпты [5, 209-б.]. Академик Әлкей Марғұлан хаттары – тарих ғылымы үшін құнды дерек, тағылымы мол тарихи мұра!

Ғалымдар тұлғасы – ғылым адамның қандай болуы керектігінің жарқын үлгісі! Ұстаздардың ұлағатты ақыл-кеңесінен тағылым алған шәкірттері де игілікті істерінің желісін үзбей жалғастыра бермек.

РЕЗЮМЕ

Мақала ғылымда өзіндік өшпес қолтаңбасы бар, қазақ халқының тарихын зерттеген ғұлама ғалымдар Әлкей Марғұлан және Талас Омарбековтің ғылымдағы жолы, ұстаздық келбеті туралы. Ғалым-ұстаз еңбегі, зерделі зерттеулері, ұстаз-шәкірт мәселесі нақты деректерге сүйене отырып баяндалған.

The article is devoted to the scientific paths and teaching images of the great scientists Alkey Margulan and Talas Omarbekov, who studied the history of the Kazakh people and left an unquenchable trail in history. The works of the scientist-teacher, the reasonable research, the question of the teacher and the student are described on the basis of facts.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т. Біз күнге қарап өсеміз // Лениншіл жас. – 1973. – 24 октябрь / Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. – Астана: «Ана тіл – ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., – 207 – 460 б.
2. Таймағамбетов Ж. Тәуелсіздік тарихшысы // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 26 қыркүйек / Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. – Астана: «Ана тіл – ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., – 207 – 460 б.
3. Омарбеков Т. Бала армандай білсін // Социалистік Қазақстан. – 1974 жыл. – 16 июль / Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. – Астана: «Ана тіл – ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС., – 207 – 460 б.
4. Әлкей Марғұланның жеке қорындағы хаттар.
5. Дүйсеков М. Академик ағаның хаты / Қолтаңба. – Алматы. – «Анұр Сапа», 2013. – 360 б.

Астана қаласы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫ

Сәкен СЕРІКБАЕВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша
ПҚ БАИ директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

1997 жылы Өл Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті тарих факультетінің Деректану және тарихнама кафедрасында ізденуші ретінде ғылыми жұмысымды бастадым. Ғылыми жетекшім – тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков. Диссертация тақырыбым *«XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріндегі Жалау Мыңбаевтың мемлекет қайраткері ретінде тарихи орны»* деп аталды. Сол уақытқа дейін белгілі мемлекет қайраткерінің өмірі мен қызметі жеткілікті зерттелмеген еді. Қазақстанның Батыс аймағынан шыққан мемлекет қайраткері, қарапайым жұмысшыдан бастап, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағалығына дейін абыройлы лауазымға көтерілген Ж.Мыңбаев туралы жазылған мақалалар мардымсыз болатын. XX ғасырдың басында күрделі тарихи оқиғаларға белсенді араласып, республиканың қоғамдық-саяси өмірінде терең із қалдырған ірі қайраткердің қызметі арқылы біз отандық тарихымызды одан әрі байыта түсуге, терең түсінуге жол ашпақшымыз. Тарихи тұлғаның қайраткерлігіне және еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағын рухани тұрғыдан тәрбиелеу үшін де керек. Осы тақырыпты Талас ағаның табанды талабының аясында үш жылдай зерттеп, сәтті қорғап шықтым. Қайраткердің қызмет атқарған орындары Атырау, Ақтау, Алматы қалаларының мұрағаттарын ақтарып, көптеген құжаттармен таныстым.

Сонымен бірге, Алматыда ғылыми жұмыстармен XX ғасырдың 20–30-жылдары Қазақстанның саяси-экономикалық және әлеуметтік-тарихи кезеңін зерттей жүріп, ҚР Мемлекеттік орталық мұрағатының 5-ші және ҚР Президенті мұрағатының 140,141-қорларынан Қызылорда Қазақстанның астанасы болған кезеңдегі көптеген тарихи деректермен танысуға тура келді. Құнды деректердің көпшілігі Қызылорда қаласының экономикалық дамуына және құрылыстың қарқынды жүруіне бағытталған екен.

Қызылорда облысының жері – ұлы тарихпен ұласқан, қасиетті әрі ежелгі шығыс өркениетінің орталығы болған ежелгі мекен. Сыр елі – төрт елдің астанасы болған қасиетті жер. Оның бірі – **Шырық-Рабат** – Сақ көсемінің жүз жылдық резиденциясы. Екіншісі **Жанкент** – Оғыздардың астанасы. **Сығанақ** – Ұлы Қыпшақ империясының астанасы. Ал 1817 жылы негізі қаланған **Қызылорда қаласы** – 1925 – 1929 жылдары Қазақстанның кеңестік дәуіріндегі бірінші астанасы. Сол уақыттағы тарихтың сарғайған құжаттарға толы сырларын оқырман қауыммен бөлісуді жөн көрдім.

1925 жылы 5 – 19 сәуір айында Ақмешіт қаласында болған Қазақ АКСР V съезі еліміздің өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Ақмешіт қаласы Қызылорда болып өзгертілді. Қазақ жері мен халқын біртұтас ұлттық республикаға біріктіруде зор экономикалық және саяси маңызы бар деп танылған орталыққа орналасқан осы қала астана ретінде әдейі таңдалып алынды. Сонымен қатар, Қырғыз АКСР-і Қазақ АКСР-і болып өзгертіліп, халық ерте ғасырлардан бергі төл атауын қайтарып алды (1). Осы жылдары еліміздің астанасы Орынбордан Қызылордаға көшіп келгеннен кейін, қалада қарқынды құрылыстар салына бастады. Халық Комиссарлар кеңесі жанынан құрылған құрылыс комитеті болашақ астананың жобасын жасауға кірісті. Негізінен екі жоба ұсыныс ретінде қаралды,

бірі Ресейдің ірі қалаларының үлгісіне сәйкестендірілсе, екіншіден Ташкент, Самарқанд секілді шығыс қалаларының негізінде қарастырылды. Қала құрылысының бас сәулетшісі Мұхамеджан Тынышбаев, құрылыс бюросының бастығы Италия ұлтының өкілі Будасси мен В.Львов уақытпен санаспай күндіз-түні еңбек еткенін көруге болады. Құрылыс комитетінің құжаттарына сәйкес екі жылда Қызылорда қаласында 150-ге жуық ғимараттар салу жоспарланған. Басты назарда тұрған ғимарат екі қабатты үкімет үйі болды. ҚР Мемлекеттік орталық мұрағатында Халық Комиссарлар Кеңесінің іс басқарушысы Ақаевтың 1926 жылы ақпан айында Мәскеудегі Архитекторлар қоғамына жолдаған қатынас хатында ғимараттың сметасы шығарылып, төрт жүз мың сом ақша бөлінгені туралы анықтама сақталған. 1925 – 1929 жылдары үкімет үйінде Қазақ АКСР Өлкелік Партия Комитеті, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі, Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті орналасқан еді. Бұрынғы К.Маркс, қазіргі Әйтеке би №2 көшесіндегі аталған ғимарат болатын. Өкінішке орай, алғашқы астана Қызылорда қаласындағы үкімет үйін кейінгі ұрпақ көре алмайды. Бұл біздің тарихи-мәдени ескерткіштерге жататын ғимараттарға салғырт қарайтынымызды көрсетеді.

1927 – 1928 жылдары Қызылорда қаласының дамуына 1 млн. 313 мың сом қаржы бөлінді. Қаланың бас жоспарына сәйкес бөлінген қаржыға қалалық аурухана, су құбырларын жүргізу, биологиялық станция, 11 мектеп, 13 екі пәтерлі үйлер салынуы тиіс болды. Бұл жұмыстарды атқаруға 1200-ге жуық жергілікті жұмысшылар тартылып, олардың 40 пайызы арнайы мамандықпен қамтылды (2). Ғимараттарды салу үшін арнайы күйдірілген кірпіштерге тапсырыстар берілді, себебі мұндай кірпіштер жыл сайын күрделі жөндеуді қажет етпейтін. Күйдірілген кірпіштерді алыстан тасымау үшін қаланың төңірегінде жақын орналасқан Бірқазан станциясынан кірпіш зауыты салынды. Алып құрылыстарға аталған зауыттан 8 млн дана кірпіш тасымалданды. Мұрағат құжаттарына қарап, құрылыс комитетінің өте іскерлікпен айналысқанын көруге болады. Келесі өзекті мәселелердің бірі қала көшелерін аяқсумен қамтамасыз ету болды. Осы күрделі мәселемен айналысу Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары Ө.Бекімбетовке міндеттелді.

Ө.Бекімбетов 1897 жылы Бұқөзен болысында шаруа отбасында өмірге келген, ұлты қарақалпақ. Арал теңізінде, Өмударияда «Самсон» кемесінде теңізші болған. Қазан төңкерісінен кейін Қызыл Армия қатарында Чарджоу қаласында ақтарға, Хиуа хандығына, Орал казактарына қарсы соғысқа қатысқан. Соғыстан кейін Өмудария облыстық комитетінде қызмет жасайды. 1921 жылы Ташкент партия мектебін бітіргеннен кейін Шымбай ауданында суландыру жөнінде қызмет атқарған тәжірибесі де мол болатын. Ө.Бекімбетов со тарту құрылысын жүргізу жұмыстарында табысты еңбектер жасады. Осы сала бойынша тиімді зерттеу жұмыстары қарастырылып, қала іргесіндегі Бидайкөл, Көксу көлдерінен аяқсу тартылды. Бұл жұмыстарды атқаруға отыз мың сом қаржы бөлінген. Қызылорда қаласы құрылыстарының дамуына арналған бес жылдық жоспар жасалып, оған 8 млн сом ақша жұмсау жоспарланды. Қаржының босатылуына бақылау жасау Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Жалау Мыңбаев пен Финанс халық комиссары Мырзағалиевке тапсырылды. Қаржы мәселесі ол кезде орталықтан

Мәскеуде шешілетінін ескерсек, оны алуда қазақ қайраткерлері қаншама қыруар жұмыс жасағанын білеміз. Сонымен қатар, үкімет тарапынан Қызылорда қаласының құрылысын жасаған мамандарға жеңілдіктер беруілуі де назардан тыс қалмаған. 1927 жылдың мамыр айында Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде құрылысшы мамандарға мемлекет есебінен демалыс орындарына баруға жолдамалар бөлінген. Олардың балалары да мемлекет тарапынан әртүрлі жеңілдіктерді пайдаланған.

Сол жылдары елімізде индустрияландыру науқаныда қызу жүргені тарихтан белгілі. Индустрияландыру құрылысы экономикалық дамуы артта қалған шет аймақтарды өнеркәсіп өндірісі дамыған орталық аудандармен теңестіру ұранын көтерді. Осы ұранның астарында Қазақстанда темірдің, көмірдің, түсті металдың, мұнайдың мол қоры бар екенін ескеріп, республиканы болашақта шикізат қорының отанына айналдыру саясаты жатты. Соған қарамастан қол жеткен табыстар да аз болған жоқ. Қызылорда өңірінің өнеркәсіптерін дамытуға жаңа бетбұрыстар жасалды. Арал балық зауытын құру мақсатында Ж.Мыңбаев 524 мың сом қаржы бөлу туралы КСРО мемлекеттік жоспарлау комитетіне құжат дайындап, Мәскеу тарапынан Пятаков, Сокольниковтармен келісімшарт жасасқан құжаттар бар (3).

Сонымен бірге олардан Қазақ балық тресін қаржыландыру үшін 200 мың сомның затын сұраған. 1921 – 1922 жылдары Ресейдегі ашаршылық кезінде Арал балықшылары Волга бойындағы жағдайы қиын тұрғындарға Лениннің өтінішімен 14 вагон балық жіберіп көмектескенін ескерсек, бұл өлкеде бұрыннан балық кәсіпшілігі кең көлемде шаруашылыққа айналғанын көреміз. Арал теңізіндегі балық шаруашылығына арналып, қосалқы мұздатқыш ғимараттар орнату қолға алынды. Бұл ауланған балықтарды ұзақ уақытқа дейін сақтауға мүмкіндік беретін еді. Арал теңізінен ауланған балықтарды вагонмен Ресейдің қалаларына жөнелтіп отырған. КСРО мемлекеттік жоспарлау комитеті секциясында Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ж.Мыңбаев пен Ресейлік қызметкер Н.Лежовтың осы мәселеге қатысты келісім құжаттары сақталған (4). Қазақстанда тұңғыш рет Аралсульфат комбинатының құрылысы іске қосылды. Қызылорда қаласында тері өңдеу кәсіпорнының жобасы жасалып, оның құрылысына 200 мың сом күрделі қаржы бөлу жоспарланды (5).

Қаланың демографиялық құрылымы өзгеріп, халық саны 4 мыңнан 20 мыңға дейін өскені анықталды.

Қызылорда атқарылған жұмыстармен қатар республиканы басқарған қызметкерлердің арасында Ф.Голощекиннің ұсынылған бағытына ашық қарсы болып, өз пікірлерін тайсалмай батыл айтып, ақырында партия ұйымының қолдан жасалған «оңшыл ағымға» жатқызылды. Солардың бірі Жалау Мыңбаев болатын.

Әкімшіл-әміршіл жүйенің «ұлтшыл» деп таққан атауынан да қорықпады. 1930 жылы «За партию» журналында Ф.Голощекиннің мақаласы жарияланды. Онда «Кіші Қазанның» авторы былай деп жазды: «Қазіргі кезеңнің сипаты партия құрылысымен емес, топтардың үстемділігімен, партия ішінде алашордашылардың идеологиясын бейнелейтін Қожановтар, Рысқұловтар және Сәдуақасовтар» идеологиясының үстемдігімен сипатталады». Бұл топтарды Ф.И.Голощекин «оңшыл бағыттағы ұлтшылдар» деп баға берді. Одан әрі «Алашордашылармен күрескеніміз жоқ. «Баспа жүзіндегі, партия ішіндегі Алашордашылардың әсері, салт санасымен күресілмеді. Тағы осындай қателер болды».

Бұған қосымша Қазақстандағы «оңшыл» ағымға 2 сипаттама берді.

1. Оңшылдар жай ғана жік болып қойған жоқ, бұлар белгілі салт-сананың жетекшісі болды.

2. Алашордашылармен күрес жүргізілуі былай тұрсын, салт-сана майданында оңшылдар мен алашордашылардың пікірі бір жерден шықты. Сондықтан, бұл екеуінің арасында күрес жүргізілуінің еш мүмкіндігі болған жоқ деген тұжырымға келді.

Тарихшы ғалым Т.Омарбеков «Кеңес өкіметі қазақ жерін қалай отарлады?» деген еңбегінде қазақ жеріндегі жер-су мәселесін большевиктер үш кезеңге бөліп отарлау жүргізгенін көрсетеді. «Бірінші кезең, 1917 жылы Қазан төңкерісінен 1925 жылға дейінгі, ал екінші кезең 1925 – 1927 жылдарды қамтиды, соңғысы 1927 жылдан басталады», – деп қорытынды жасады (6).

Ф.Голощекин Қазақстанға келген алғашқы күннен өзінің қате тұжырымдарын И.Сталинге мақұлдатып алды. Ұлттық интеллигенция өкілдері Ж.Мыңбаев, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ы.Мұстамбаев, Н.Нұрмақов, Ж.Сұлтанбеков, т.б. Қазақстанда жүргізілген ірі байларды тәркілеу, ұжымдастыру мен индустрияландыру кезіндегі асыра сілтеушіліктерге қарсы тұрды. Сталинге арқа сүйеген Ф.Голощекин ұлттық зиялы қауым өкілдерін жаппай қуғындауға кірісті. Түрлі сылтаулармен оларды Қазақстаннан өзге аймақтарға жіберуге тырысты, 1926 жылы Сұлтанбек Қожанов қызметтен шеттетілді. 1927 жылы Сымағұл Сәдуақасов қызметтен шығып, Ташкенттегі педагогикалық институтқа ректорлық қызметке жіберілді. Н.Нұрмақов 1929 жылы Мәскеуге партиялық оқуға жіберіліп, сонда қызметте қалдырылды.

Жалау Мыңбаев Гурьев округының атқару комитетінің төрағасы болып кетті. Ыдырыс Мұстамбаев, Жағыпар Сұлтанбеков уақытша қызметтерде қалдырылды. Әділдікке келген ұлттық қайраткерлердің алдарына қойған мақсаттары: ұлттың мүддесін көздеу, еліміздің әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету, халықтың сауатын ашып, ұлттың мәртебесін көтеру еді.

Ақиқатын айтқанда Қазақстанда «оңшыл» ағым деген болған емес, ол жәй әміршіл-әкімшіл жүйенің шығарған саяси аңызы болатын.

Тарихшы-ғалым Т.Омарбеков «Ақиқат» журналындағы «Оңшыл ағымға қарсы күрес» атты мақаласында осы көзқарасты қолдайды (7).

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы саяси аласапыранда қазақ халқының даму ерекшеліктері, өзі өмірге әкелген озық-ой пікірлері болған еді. Өкінішке орай, көп ұзамай мұндай алдыңғы қатарлы пікірлердің бәрі қате де қатерлі саясаттың құрбанына айналды.

Біз тарихтың сарғайған беттерінен Қызылорда қаласы астана болған уақытындағы құрылыстарының тарихымен сол кезеңдегі мұрағат құжаттары арқылы таныстық. Алаштың алғашқы астанасы Қызылордада өткен тарихи оқиғалар сан алуан. Олардың бәрін жіпке тізіп, санап шығу мүмкін емес, алайда кеңес дәуіріндегі Қызылорданың кейбір тарихының қалтарысын қарадық. Әрине, 1925 – 1928 жылдарды қазіргі уақытпен салыстыруға болмайды, дегенмен қазіргі егеменді елімізде жасалып жатқан игі істер сол уақыттарды еріксіз еске түсіреді. Сонымен бірге осы аз уақыттың ішінде еліміз біршама табыстарға жетіп, алғашқы астана кезеңінде Қызылорда қаласы қаншама қазақ зиялыларын тәрбиелеп шығарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ОМА. 5-қор, 6-тізбе, 40-а-іс, 41-парақ
2. ҚР ПА. 141-қор, 1-тізбе, 169-іс, 445-парақ
3. ҚР ОМА. 5-қор, 7-тізбе, 83-іс, 1-парақ
4. ҚР ОМА. 5-қор, 7-тізбе, 83-іс, 7-8-парақтар
5. ҚР ОМА. 5-қор, 7-тізбе, 83-іс, 91-парақ
6. Т.Омарбеков. Кеңес өкіметі қазақ жерін қалай отарлады? Ақиқат.-1996.-№4. 16-22-бб.
7. Т.Омарбеков. Оңшыл ағымға қарсы күрес: мәні және қорытындылары. Ақиқат. №11-25-28-бб.

ТАЛАС ОМАРБЕКОВТІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Жамиға ТАҢАТАРОВА,
Х.Досмұхаметов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы

Тарих ғылымында зерттеу объектісін дұрыс таңдай білу ғылымның да, сол ғылыммен айналысатын ғалымдардың да алдына шынайы, табиғи мәселелер қойып, сол мәселелерді шешу жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді. Ал объектіні дұрыс таңдай алмау жалған, ойдан шығарылған проблемалар қойып, соларды шешумен айналысуға мәжбүр етеді.

Қазақстан тарих ғылымының алдында тұрған басты теориялық-методологиялық мәселелер мен негізгі міндеттерді тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде тарихқа да, тарих ғылымына да терең талдау жасау арқылы бұдан бірнеше жыл бұрын көрсете білген. Жете үңіліп, Президент кітабын ден қойып оқыған оқырмандар да, зерттеушілер де, еліміздегі тарих ғылымының алдында тұрған көптеген теориялық-методологиялық мәселелерді сол кітапта айқындалғанын анық көруге болады. Мысалы, Елбасы ұлттық тарихымыздың саналы түрде бұрмаланғандығы туралы айта келе: «*Әділеттікке дес берер болсақ, біздің алдымызда төл тарихымызды қалпына келтіріп, оның жетістігі мен кемшілігін, жеңістері мен жеңілістерін барша шындығымен көрсету міндеті тұр*», – деп, біздегі тарих ғылымының басты бағытын айқындаса, тарихтың ұлттық идеяны қалыптастырудағы шешуші рөлі туралы: «*Ұлттық идеяның қалыптасуы өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болады... ұлттық тарихты жиырма бірінші ғасырдың өлшемдері шеңберінде ұғыну ұлттық идеяны тұжырымдаудың алғашқы қадамы болып табылады*», – дейді [1].

Міне, осы тұрғыдан алғанда Қазақстандағы Кеңестік зұлматтың ашаршылық, отырықшыландыру, босқындар мәселелерін зерттеп жүрген Т.Омарбековтің отандық тарих ғылымында өзіндік ұстанымы мен қалыптасқан мектебі бар екені анық. XX ғасырдың 20-жылдарында қазақ халқының негізгі кәсібі және республикадағы халық шаруашылығының басты саласы мал шаруашылығы болып қала берді. Себебі бұл тұста жергілікті халықтың тоқсан пайызы мал шаруашылығымен айналысты. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығы сол кезде өлкедегі табиғаттарихи жағдайда толығымен ұтымды, тиімді шаруашылық болып табылды. Ол қазақтың әл-ауқатының артуының, тіршілігінің негізі және қайнар көзі еді. Патша үкіметі тұсында қоныс аудару қозғалысы лек-легімен ұйымдастырылды. Соның салдарынан жайылымдық жерлер тарыла бастады. Алайда Кеңесүкіметі орнағаннан кейін де қарашекпенділердің қазақ жеріне қоныс аудару қозғалысы тоқтамады.

1920-1930 жж. большевиктердің күшпен жүргізген экономикалық өзгерістері ғасырлар бойы қазақ даласында қалыптасқан осы дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи дамуына кедергі жасады. Аграрлық қатынастардың шиеленісуі жергілікті билік органдарын қиын жағдайға қалдырды. Мал шаруашылығының дағдарысы қазақтар мен келімсек орыс мұжықтары арасындағы қатынастарды

ушықтыра түсті. «*Кеңестік құрылыстың алғашқы кезеңінде-ақ басты міндет билікті қолға алу және нығайту*» [2], – деген В.Лениннің сөзін мүлтіксіз орындауға кіріскен большевиктер 1920 жылдардың ортасынан кейін-ақ Қазақстандағы «асыра сілтеу» саясатын бастап кетті. 1925 жылы Қазақстанға Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы болып келген Ф.Голощекин қазақ халқының күн көріп келген көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрлі мал шаруашылығын артта қалған, ортағасырлық, күні өткен, мәдениетсіз, кеңестік құрылыспен үйлеспейтін сала ретінде сипаттап, оны түбірімен өзгертетін социалистік қайта құру бағытын ұсынды.

Мұндай бағыттың қазақ үшін аса қауіптілігін түсінген ұлт зиялылары дәстүрлі мал шаруашылығын сақтау жөніндегі өз көзқарастарын дереу айтты. Бірақ ғылыми тұрғыдан негізделген құнды ұсыныс, пікірлерді Орталық та, Ф.И.Голощекиннің өзі де есепке алмады. Осылайша жергілікті халықтың тек өзіне тән ұлттық ерекшеліктерімен санаспау басталды. Қазақстанда жүргізілген бір-бірімен сабақтас саяси төтенше науқандар, атап айтқанда тәркілеу, ет, астық дайындау, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру саясаты дәстүрлі мал шаруашылығын біржолата күйретті. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығының өзіндік ерекшелігін, табиғаттарихи жағдайын көзге де ілмей жүргізген саясаттың нәтижесінде халық қырғынға ұшырады. Дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің ауыр зардабы, қасіретті қорытындысы – орны толмас адам шығыны еді. Ақиқатын айтқанда, большевиктер өкіметімен оның кейінгі ізбасарлары социализм орнату жолында өз халқын күшпен бақытқа жеткіземіз деп мастанды. Алайда, қорлық пен зорлық қыспағында жүріп, бақытты өмірге қол жеткізу мүмкін емес еді. Мұның өзі дүние жүзі алдында адамзаттың ұлы ойшылдары армандаған әділетті әлеуметтік қоғамдық құрылыс идеяларын қаралап қана қойған жоқ, сонымен бірге миллиондаған халықты орны толмас апатқа ұрындырып, орасан зор қасіретке душар етті. Шын мәнінде, Кеңес қоғамындағы өзгерістер 20-30-жылдары қалыптасқан тоталитарлық тәртіптің қыспағымен, халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл, әсіресе, жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдық негізде қайта құру саясатында айқын көрінді. Сөйтіп, ауыл шаруашылығындағы экономикалық заңдылықтарға жатпайтын «*Ұлы бетбұрыс*» шаруашылықтағы бұрыннан қалыптасқан жүйені аяусыз қиратып, қоғамды неше түрлі қиындықтарға ұрындырудың алғы шартын жасады [3]. Бұл жерде жаңадан құрылып жатқан ауыл шаруашылығы артельдері мен колхоздар тез арада қалыпты жолға түсіп, экономикалық жағынан тиімді пайда келтіре қоятыны аса күмәнді мәселе еді. Оның үстіне 20-жылдары пайда болған кооперацияның қарапайымда тиімді түрлерінен бас тартып, ұжымдық шаруашылықтың жоғарғы түрлеріне бірден секіріс жасаудың өзі экономикалық тұрғыдан алғанда қателік екені белгілі.

Ауыл шаруашылығындағы жеке қожалықтарды экономикалық реформалар арқылы ретке келтіріп, ешкімді шығынға ұшыратпай-ақ, үкімет үшін де, халық үшін де тиімді жолдардың барлығын білдірген пікірлер де көп болды. Осы тұста қазақтардың шаруашылығын кеңестік реформалауға байланысты қазақ қоғамының зиялы қауымы, соның ішінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақтың асыл ұлдары өздерінің позицияларын айқын көрсеткенін біз ерекше атап айтуымыз керек. Мысалы, **Алаш қозғалысының қайраткері М.Шоқай**: «20-жылдардағы Қазақстандағы жер мәселесі қарулы күштердің қауіп төндіруімен шешілді», – деп атап көрсетеді [4].

Талас Омарбековтің ұстанған методологиялық принципі: «Қазақтың тарихын қазақтың өзі, ана тілінде және шынайы жазуы керек. Осы ғасырға дейін біздің тарихымызды басқалар жазып келгені құпия емес. Тіптен кеңестік дәуірде өз тарихымызды жаза бастаған қазақ зиялылары оны «ұлы орыс» халқының немесе Мәскеудің көзімен жазуға мәжбүр болды. Әлі күнге дейін көп томдық тарихымызды алғаш орысша жазып, соңынан қазақшаға аударып келе жатқанымызды кімнен жасыра аламыз», – деп, шындықты ашық жазады. Ғалым бұл айтылғандар «Қазақстан тарихындағы бүгінгі методологиялық тоқыраудың немесе дағдарыстың бір көрінісі. Біздегі екінші дағдарыс, жоғарыда аталған тарихымызды белгілі бір жүйеге сүйеніп жазу тәңірегінде орын алып отыр деуге негіз бар. Қазақстанда көп жылдар бойы тарихнама және деректану ғылымдарының кенже қалуы, сондай-ақ, бұл салада мамандар дайындауға жеткілікті көңіл бөлмеу, ғылым докторы лауазымын бере алатын арнайы ғылыми кеңестің болмауы тарихымызды үздіксіз процесс ретінде теориялық тұрғыдан эволюциялық өркендеу сатыларына бөліп зерттеумен айналысатын, тарихшылардың тарихын жазатын мамандарға үлкен мұқтаждық туғызды. Ал бұл қазақстандық тарих ғылымына кері әсер етті», – деп орынды көрсете білген [5].

1930 жылдардың басындағы босқыншылық Батыс Қазақстан облысын да шарпыды. Босқыншылыққа ұшырап бас сауғалаған жергілікті халық облысқа іргелес елдерге ағылып, қоныс тепті. Негізінен облысқа көршілес жатқан Орта, Төменгі Еділ бойлары осы кезде қазақтарға толып кеткен. Зерттеуші ғалым Т.Омарбековтің еңбегінде Батыс Қазақстан облысынан қоныс аударғандардың көпшілігі Самара тәңірегіне шоғырланғанын айта келе, оның ішінде Большеглушинский ауданына ауа көшкендердің 2000 отбасы, Соль-Илецкіге – 1000, Буртінскіге – 2000, Илекскіге – 800, Оренбургскіге – 600, Орынбор қаласына – 1000, Каширинскіге – 400, Петровскіге – 300 отбасының келгендігін айтады [6].

Т.Омарбековтің пайымдауынша, «біздің ең басты қасіретіміз осы босқыншылықпен байланысты». 1928 жылғы кәмпескелеудің қарсаңында қазақтың саны қанша болды? 826 мың шаруа қожалығы ресми тіркелген. 6 адамнан есептегенде 4 млн 836 мың қазақ болып шығады. Қалай есептесеңіз де, қазақтың саны 4 млн-нан асып, 5 млн-ға жуықтайды. Енді, әрине, қазақ халқының 48 пайызы ашаршылыққа қырылды деп жүрміз. 1992 жылғы Манаш Қозыбаев бастаған комиссияның шешімін біздің қазақтар әлі оқымай жүр. Әсіресе, журналист ағайындар соны оқымай, әртүрлі пікір айтады. Онда тайға таңба басқандай: «1931-33 жылдары қырылған

қазақтардың саны 2 млн 200 мыңнан асып кетеді», – деп анық жазылған. Өкінішке қарай, осы мықты құжатты не оқулық жазғандар пайдаланбайды, не ашаршылық туралы әңгіме қозғайтындар осыны оқымай келіп, сөйлейді.

Екіншіден, алғаш рет біз Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатында отырдық. Өйткені, Қауіпсіздік комитетінің бастығының өзі осы комиссияға мүше болды. Көп құпияларды аштық. Енді менің айтайын дегенім – мынау. Ел басына нәубет түскен ашаршылық жылдары Ғ.Ысқақов, І.Қабылов, Ж.Арыстанов, Ғ.Тоғжанов, Б.Айбасов, О.Жандосов сияқты алаш алыптарымен бірігіп 1933 жылдың 24 ақпанында Сталинге елдің ауыр халі баяндалған, тарихта «Алтаудың хаты» деген атпен әйгіленген хатты жолдаған. Осы «Алтаудың хатын» біздікілер оқымайды. Айтадыны – «Бесеудің хаты». Шын мәнінде, босқыншылықтың қасіреті «Алтаудың хатында» көрсетілді. Осы хатта: «800 мың қазақ шаруашылығынан, яғни 4 млн 800 мың адамнан 1932 жылдың көктемінде 450 мың қазақ шаруашылығы, 2 млн 25 мың ғана қазақ қалды», – деп атап көрсетеді. Расында да көпшілігіміз осы «Алтаудың хатына» мән бере бермейміз. Бұдан былай бұл құжатты ғылыми айналымға енгізу – кезек күттірмейтін мәселе.

Үшіншіден, Қазақстан үкіметінің 1933 жылғы Мәскеуге берген ресми мәліметтеріне қарасақ, 1931-33 жылдары Қазақстан бойынша ауыл халқының саны 3 жылдың ішінде 2 млн 600 мың адамға кеміген. Бұл енді қырылғандар емес, кемігендер саны. 1930-31 жылдары маусым айында ауыл халқы мал санағы бойынша 759 мың адамға кемісе, 1931-32 жылдары 1 млн 887 мың адамға кеміген. Ал келесі 1932-33 жылдары 733 мың адамға кеміген. Мал санағы әр жылы маусым айында жүргізілген. Үш жылдың ішінде, 1931-33 жылдары 3 млн 379,5 мың адамға кеміген. Бұл қырылғандар емес, оның ішінде босқындар да бар. Ал бірақ, мына біздің журналист ағайындар осы 3 млн 379 мың адамды бүкіл қырылған қазақтың саны деп ақпарат беріп жүр. Айналайындар-ау, бұл – ауыл халқының кему саны. Мал санағы бойынша жыл сайын қаншаға дейін кемігені де тіркеліп тұр.

Профессор Талас Омарбеков Шу ауданындағы аштықтан болған масқара құбылыс туралы мұрағаттан жеті адам қол қойған мынадай құжатта: «Шу поселкесінің маңайындағы тәңіректе №75 барактағы босқындар жатағының көбі тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан № 75 барак жан төзгісіз жағдайда. Баспана әл-дәрмені таусылған, көбі әзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы. Баспана іші былғаныш, сасық. Жүзге тарта аш адамдар жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен. Барлық жерде сүйектер, жыртылған киімдер, адамдардың қоқыстары және шығыс жағында тоғыз өлік жатыр, барактан біраз жерде солтүстікте жерде тағы да өлік, тағы бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирақ және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеу болғанын айғақтайды. Қазақ бейімі жас молаға толы» [7].

Егер аштық болмағанда қазақ халқының да саны осы күнде 30-40 миллионның үстінде болар еді. Бұл туралы Түркістан газетіне берген сұхбатында Талас Омарбеков: «Түркия басқа ұлттарды қосып алып, әр түрлі процестердің арқасында түрікке айналдырды. Ал, менің өз есебім бойынша, Қазақстанда халық саны 60 миллион болмаса да,

40 миллионнан асып жығылуы тиіс еді. Түріктердің айтып отырған сөзінің жаны бар. Халықтың дәстүрлі шаруашылығынан айырып, қуғындамағанда жоғарғы көрсеткішке жету мүмкіндігі бар еді. Қазақтар 2-3 әйелден алған, халықтың саны жақсы өсіп отырған. Сондықтан, түрік тарихшыларының айтқан уәжіне мен күмән келтірмеймін. Өкінішке қарай, бұл арманға айналған көрсеткіш».

XX ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстандағы күштеп отырықшыландыру мен оның ауыр зардаптары туралы ғалымның тарихи еңбектері қазіргі таңда тарихнамалық, деректемелік тарихи құжат ретінде маңызға ие екендігіне көз жеткізуге болады. Сондықтан да ғалымның қазақ тарихына қосқан үлесін болашақ зерттеушілер бағалайтындығы айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: 1999, 40 б.
2. ҚР ОМА. 30-қ, I-т, 1060-іс., 7-п.
3. Қозыбаев. М.Қ., Алдажұманов. Қ.С., Ж.Б.Әбілқожин Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. А., 1992. 4-б.
4. Мустафа Чокай-оглы. Туркестан под властью Советов (К характеристике диктатуры пролетариата). А.-А., 1993., 62-б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 10-б.
6. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы: Санат, 1997. 264-б.
7. Т.Омарбеков. Ашаршылық апаты. «Ақиқат» ұлттық, қоғамдық-саяси журнал, № 7, 2004, 40-41-беттер.

ЕГІНШІ АУДАНДАРДАҒЫ ЖЕКЕ ШАРУАЛАРДЫ ЖОЮ

(Мұрағат материалдары негізінде)

Зере МАЙДАНӘЛІ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында ұлттық шаруашылықтың барлық салаларында, соның ішінде аграрлық салада жүргізілген реформалар өткен онжылдықтың тарихи тәжірибесін сараптап, түсінуге мүмкіндік береді. Аграрлық сектордың одан әрі дамуы үшін өткен шақтың сабақтарын зерделеп, білу өте маңызды мәселелер қатарына жатады. Адамзат қоғамының дамуы тарих көрсеткендей, экономиканың объективті заңдарын ескерусіз қалдырып волюнтаристік шешімдерге жол берген қоғам міндетті түрде тоқырау мен дағдарысқа ұшырайтыны белгілі. Тарихи танымның жаңа кезеңі үшін объективті алғышарттардың пайда болуы саяси және демократиялық үдерістердің қанат жаюымен байланысты болды. **Осы жаңа толқын мен тарихи көзқарастардың өкілі – тәуелсіз ғылыми-зерттеу бағыттарын қалыптастырған белгілі тарихшы-ғалым-профессор Т.О.Омарбеков былай дейді: «Тарих тағылымы мынаны үйретеді: кез келген мәдениетті халық өзінің ұлттық тәуелсіздігін алып, басқа мемлекеттің саяси ықпалынан босанған сәтте бұрын бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлт тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселелесін жедел қолға алуға ұмтылады» [1].**

Қазақстанның егінші және отырықшы аудандарындағы ұжымдастыру үдерісін зерделеу мәселелері Т.О.Омарбековтың еңбектерінде ерекше орын алған. Зерттеуші Қазақстан тарихының қасіретті парақтарын зерделеуде айналымға енгізген жаңа мұрағат материалдары негізінде тың методологиялық ұстанымдары мен жаңа тарихи тәсілдері тарих ғылымының жаңа тынысын ашты. Көптеген ғылыми зерттеулерінде жеке шаруа қожалықтарын жаппай ұжымдастыру, отырықшыландыру мәселелерінің әр түрлі қырлары зерделеніп, сарапталды [2,3,4].

Кеңес билігінің ең қатал шараларының бірі – кулактар мен байлардың жойылуын орындауға бағытталған мемлекеттік шаралар. Қазақстан территориясында жеке шаруа қожалықтары егіс

тік және отырықшы аудандарда шоғырланған болатын. Сондықтан бұл өлкедегі репрессиялық шаралар көзге ұрғандай айқын көрініс тапты. Бұл кездері кеңес мемлекетінің барлық экономикалық саясаты тек таптық күрес пен әлеуметтік шиеліністі тереңдетуге бағытталған болатын. Мемлекет қолға алған алғашқы іс-шаралардың бірі кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны болды. Жеке шаруа қожалықтарына қарсы төтенше репрессиялық шаралардың нәтижесінде «жаңа заңдылық» дәуіріне өту тоталитарлық мемлекеттің мүддесі үшін қызмет атқарды. Қазақстанның егінші-отырықшы аудандарындағы жеке шаруа қожалықтары бұл науқанның зардаптарын толықтай бастан кешті. Мемлекет іске қосқан механизм жеке-дара шаруалар мен жекеменшік шаруашылықтарды түбегейлі жоюдың қажетті құралына айналды.

1929 жылғы желтоқсан айындағы аграрлық-марксистер конференциясында И.В.Сталин: «кулактарды тап ретінде жою бағыты партиялық-мемлекеттік саясатқа айналды», – деп айтқан еді [5]. 1929 жылы сәуір айында кулактардың қоғамдағы орнын талқылаған компартияның XVI конференциясында кулактарды тап ретінде жойып, ауылдардың бірыңғай ұжымдастыруға өткені жайлы хабарланды.

Оның заңды негізі 1929 жылғы 20 ақпандағы КСРО-ның ОСК (ЦИК) және ХКК (СНК) «Кулақтық шаруашылықта еңбек кодексі заңдарын қолдану тәртібі туралы» жарлығы болды [6]. Осылайша кулактарды тап ретінде жою ұраны бүкіл шаруа қожалықтарына қарсы бағытталған әрекеттерді ақтап алу болып шықты. 1929 жылы 13 тамыздағы Қазақ өлкелік комитетінің ВКП(б) барлық округ комитеттері мен аудандық партия комитеттеріне жолдаған «колхоздарды кулактар мен байлардан тазарту» атты хатында Қазақстанда және КСРО-ның басқа да аудандарында колхоздық құрылыс ауылдар мен селоларда қатал күрес жағдайында орнатылып жатқаны баяндалды [7].

Кулактар мен байларды жойып, бірыңғай

ұжымдастыру үдерісі қолға алынған егінші-отырықшы қатарына жатқызылған аудандар:

Петропавл округі бойынша (ұжымдастыруды қосқанда):

Булаев
Рыков
Қызыл Әскер
Туровой
Воронилов

Орал округі бойынша:

Зауральск
Смосихинск
Улжинск
Тепловский
Консиский

Павлодар округі бойынша:

Максим Горький
Теренгульск

Ақтөбе округі бойынша:

Ақбұлақ
Мартунск

Сырдария округі бойынша:

Сержарск
Келеский
Жосалы
Беловорск

Қостанай округі бойынша:

Федоров
Қарабалық

Бұған қоса бай-кулак шаруашылықтары көшірілетін ауылдардағы түтін саны елу үйден асып кетпеуі қатаң бақылауға алынды [8].

1930 жылы 23 қаңтардағы М582 циркулярында ҚК-нің 619-бабы бойынша бай-кулак элементтеріне қарсы әлеуметтік қорғанысты күшейту туралы айтылып, мұнда бай-кулактарға қосымша айыппұлмен қоса мүлкін толық жою және баптың 3-ші бөлімі бойынша толық тәркілеу туралы ұсыныс жасалған. Бұл категорияға жататын барлық істер 24 сағатта қаралуы тиіс еді [9].

1930 жылы 30 қаңтарындағы жарғының заңдық негізі 1930 1 ақпандағы ОСК (ЦИК) және ХКК (СНК) ортақ шешімі бойынша «кулактармен күрес және біртұтас ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын әлеуметтік қайта құруды күшейту туралы шаралар» болып табылады [10].

«Кулактарды жоюдың негізгі әдісі – жалпы ұжымдастыру әдісі. Барлық басқа әдістердің жиынтығы негізгі әдіске бейімделуі керек. Осы әдіске сәйкес емес немесе маңыздылығына нұқсан келтіретін әдістер алынып тасталуы тиіс», – В.И.Сталиннің тапсырмасы осындай болды [11].

Кулаксыздандыру әдісі былайша жүзеге асты: үйге кіреді, бандырып түк қалдырмай алады, бәрін арбаға салып, ортақ қоймаға апарады. Жартылай жалаңаш адамға ауылдан кетуге бұйрық беріледі. Ауыл шетінде пискеттер бар, сол жерде қуылғандарды күтіп алып, жаңа киімін тәркілеп, орнына жыртық киім береді де, ауылдан қуады. Сөйтіп, бірнеше сағат ішінде кулаксыздандыру үдерісі аяқталады.

Барлық шаралар «Кулаксыздандыру колхоздың қалыптасуы мен дамуының ажырамас бөлігі» деген ұранмен жүзеге асырылды. 1930 жылдың 19 ақпанында Халық Әділет Комиссариаты мен Прокуратураның құпия директивасында округ прокурорларына кулактар мен байларды жою шаралары жүргізілетін, жаппай ұжымдастырылатын (жер пайдалану және егін егу аудандарында) 22 ауданның тізімі берілген. Жоғарыда айтылған 20 ауданға Алматы округінің Есік және Калинин деген екі жер пайдалану

аумақтары қосылды [12].

1930 ж. қаңтар айында Қазақ өлкелік комитеті (Казкрайком) БК(б)П Үштігінің отырысының жер жырту және қоныстандыру тәртібі туралы хаттама қабылданды. Бұл округті қоспағанда барлық жерде еркін жүріп-тұруға, жер аударуға құқықтар мен бостандықтар берді. Шындығында, көшіп-қонғандар белгілі бір жерлерде тіркелді, ал кейбіреулері, тіпті тұтқынға алынып, депортацияға ұшырады [13]. 1930 жылдың 2 қаңтарындағы КСРО ОСК (ЦИК) және ХКК (СНК) «Кулак шаруашылықтарының өз еркімен қоныс аударуына және мүліктерін сатуға тыйым салу туралы» қаулысында айтылғандай: «Бірінші. Барлық аумақ кулак шаруашылықтарына аудандық атқару комитетінің рұқсатынсыз қоныс аударуға және өз мүліктерін сатуға тыйым салу. Екінші. Аудандық атқару комитетіне бұл қаулыны қолдану кезінде ережені бұзушы кулактарға қатысты бүкіл мүлкін шұғыл тәркілеп жер аударуды, ал сату кезінде мүліктерін тәркілеу болғанға дейін басқа да қуғындау шаралары міндеттелді» [14].

1930 жылдың 3 ақпанында бүкіл аумақ пен облыс РСФСР Халық Әділет комиссариатының прокуроры Янсен директивасы бойынша батырақтар мен кедейлердің, колхоз мүшелерінің жалпы жиналысының шешімімен екінші және үшінші категориядағы кулактарды жер аудару және мүліктерін тәркілеу жолдары анықталады, ал бірінші категориядағы кулактарға қарсы шаралар аудандық комитет және далалық прокурор өкілдерінің қатысуымен ОГПУ-дың ерекше жиналысында ПП ОГПУ арқылы жүргізілетіндігі мәлімденді [15].

Ақтөбе округінің жер пайдалану аудандарында «... округтік сот 104 кедей шаруалар мен орта шаруаларға қатысты істі жапты. 10 кедей шаруалар мен орта шаруалардың тәркіленген мүліктері қайтарылды. 19 орта шаруалардың және 13 кедей шаруалардың істері тоқтатылып, қамудан босатылды. 164 сотталушыға далалық жұмыстарға рұқсат берілді» [16]. Осындай деректер сот органдарының баяндамаларында жеткілікті болатын.

Кейбір кездерде қолдан жасалған кулаксыздандыру орын алған сәттер кездескен. Айыппұл төлету мақсаты үшін тәркілеу жасалған. Сот төрағалары сотталушының қаражаты жетпейтін айыппұл мөлшерін белгілеген. Осы жайт орташа отбасылар мен кедей отбасылардың жағдайын қиындата түсті. VII жалпықазақ конференциясында Ф.И.Голощекиннің есептік баяндамасында 1930 жылы мамыр-маусым айларында репрессияға ұшыраған орташа отбасылар санын көрсетті [17]:

- 1.Орта шаруаларға 9533 мүлік қайтарылды;
- 2.ИТД-дан (түрмеден) босатылған орта шаруалар 4073;
- 3.Сайлау құқығы бойынша 1618 орташалар қалпына келтірілді;
- 4.1264 шаруашылыққа айыппұл салу тоқтатылды;
- 5.2664 тоқтатылды;
- 6.1160 айдаудан қайтарылды.

Бұл кестеде тек орта шаруалардың мәліметтері ғана берілген, ал егер де репрессияға ұшыраған кедей шаруалардың санын қоса есептегенде, репрессияға ұшырағандардың саны бұдан да көп болар еді. Кулаксыздандыру дұрыс жүргізілмеген шаруашылықтарды қайта қалпына келтіру уақыт өте келе қателіктерді түзету негізінде жүзеге асып отырды.

Сонымен 1930 жылдың 10 шілдедегі Халық Әділет комиссариатының мәліметтері бойынша, кулаксыздандыру дұрыс жүргізілмеген 8 округ-

тің 3130 шаруашылықтары қайта қалпына келтірілген. Мәселен, Сырдария округінде 108 шаруашылықтың, Қостанайда 40 шаруашылықтың, Алматыда 58 және де Оралда 33 шаруашылықтың қайта қалпына келтірілгені белгілі болды. Жалпы алғанда 8-10 мыңға жуық адам қиыншылықтарға тап болған [18].

«Красный Урал» газетінде Талов егіншілік ауданы бойынша келесі мәлімет бар: «кулактар мен байлар астық дайындау жоспарын орындамайды... Ешқандай ауыл кеңесінде ешбір байды жауапкершілікке тартпайды. Жергілікті ауыл кеңесінің төрағасы ауыл кеңесінде байларға байлардан тазартылды деп баяндады, кейін төрт байды тапты, ал колхоз төрағасы, оның колхозында 11 бай бар деген анықтама берді» [19]. Байлар мен кулактарға қысымды күшейтуге 1930 жылы 6 тамызда КазАССР ХКК (СНК) қабылдаған шешімі себеп болды. Онда «кулак-бай шаруашылықтарға мемлекетке астықтың, азық-түліктің барлық мөлшерін жоспардан асыра сату тапсырмасы берілді» [20]. Тек осы жағдайда ғана өндіріс орындарына азық-түлік жеткізу мүмкін деп үміттенген.

Осыған байланысты келесі КАССР ОСК (ЦИК) 1930 жылдың 6 тамызындағы «Байлар мен кулактардың отбасыларын КАССР-дің шекаралық аудандарынан көшіру мен тәркілеу туралы» ережесіне назар аударайық. Бұнда былай делінген: «КАССР Орталық Атқару Комитеті шекаралық халықтың бай-кулак элементтерін іздестіру мүдделерін қорғау және кедей отбасылар мен орта отбасы өкілдерінің шаруашылықтарын социалистік тұрғыдан қайта құруды толығымен қамтамасыз етуге қаулы етеді:

1.Келесі шекаралық аудандардан халықты көшіру: Сарқан, Андреевка, Алакөл, Октябрь, Қарқаралы, Бөрібаев, Биен-Ақсу, Малайсары, Еңбекшіқазақ, Зайсан, Шыңғыстау, Тарбағатай, Мақаншы, Үржар, Қатонқарағай, Марқакөл және басқа да КАССР аудандарындағы шаруашылықтардағы белсенді және үстемдік ететін бай-кулак үстем тап өкілдерін айдау» [21].

Бұл тізімнен көріп отырғанымыздай, оның негізгі бөлігі жер пайдаланушы аудандардан тұрған, соның ішінде олардың көбінесе жеке шаруашылықтары күшті дамыған. Кеңес мемлекетінің мақсаты осындай шаруашылықтарды түгелімен жоюды көздеген еді. Бұнымен қоса жеке шаруашылықтарды бақылау мен мәжбүрлеу сот-бақылау органдары іс-әрекеттерінің басты мақсатына айналды. Қарабалықтағы жер пайдалану ауданы халық сотының көшпелі сессиясы «...кулактар астықты өткізбегені үшін ауданнан 5 жылға айдалып, тұтқындалды және 300 рубль көлемінде айыппұл төледі. Және мұндай бақылау мен қуғындау жүйесі республиканың бүкіл аумағында кеңінен қанат жайды» [22].

Кулактарды тап ретінде жою диханшылық мәдениетті, шаруашылық жүргізу жүйесін жойды. Ал, мұның өзі «шаруасыздандыру» секілді құбылысты туындатты, яғни репрессиядан қорғанған шаруалар бүкіл мүлкін сатып, қалаға қарай бет түзеді, қашты. Сөйтіп қоғамды маргиналандыру үдерісі басталды. Сол кезеңдерде қабылданған заңдардың барлығы жеке шаруа қожалықтарын айыптауға және олардың мал-мүлкін тәркілеуге бағытталған іс-шаралардың іргесін бекітуге арналады. Шаруалар екі оттың ортасында қалды: ұжымдастыру және кулаксыздандыру. 1930 жылы 2 қазанда Қазақ Кеңестік Халық Комитеті жасырын жарғы қабылдайды. Ол жарғы «Астық өндіру мен салық салу бойынша кулак-байлардың өзін-өзі жоюы мен қашуы туралы» [23] болды және барлық жергілікті органдардан оны орындау талап

етілді. Сол себепті республикалық және қалалық атқару комитеті немесе қалалық кеңестер тез арада басқа округтер мен аудандардан келгендерді анықтап, оларға бұрынғы тұрғылықты жеріндегі орындамаған астық өндіру бойынша қатаң талаптар қойылды [23]. Егер жалтарып жатқан жағдайда, бұл адамдар 60, 61 және 169-баптар бойынша сотқа тартылды, ал контрреволюциялық қылмыс бойынша РСФСР ҚК 58-бабы бойынша ату жазасына кесілді.

Осылайша, XX ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстанда орын алған шаруаларға қарсы аса зор ауқымды акциялар мен науқандар аграрлық секторды орны толмас қасіретке ұшыратты. Екінші және отырықшы аудандардағы жеке шаруалар жазалау шараларының негізгі объектісі болды. Қазақстан аумағында ертеден қалыптасқан ауыл шаруашылығын жүргізу қағидаттары өрескел бұзылып, егінші-отырықшы аудандардың дамуын тежеп, әлеуметтік-экономикалық зардаптарға шалдықтырды. Аса қатал репрессиялық шаралар егінші мен отырықшы аудандарда шоғырланған жеке шаруалардың толық жойылуына бағытталды. Кеңес тоталитарлық режимі егінші-отырықшы аумақтарда жеке меншік шаруа қожалықтарының дамуына түбегейлі қарсы болды. Өзінің ойсыз іс-әрекеттерімен Кеңес мемлекеті егінші және отырықшы аудандарда жеке шаруашылықтардың түп-тамырына балта шапты. Т.Омарбековтың сөзімен түйіндесек: «Иә, коммунистік идеяның біздің қоғамымызда асқан тұрпайы да дәреке әдістермен жүзеге асырылуына тап болып, соңынан әкімшіл-әміршіл социализмнің қызыл сөз, лепірме, көбіқауыз, уәдешіл тас қоршау жүйесінің бейшара тұтқынына айналған...» [28].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Омарбеков Т.О. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. А., 1997. 4 б.
- 2.Қойгелдиев М.Қ., Омарбеков Т.О. Тарих тағылымы не дейді? А., 1993.
- 3.Омарбеков Т.О. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық). А., 1994.
- 4.Омарбеков Т.О. Отырықшыландыру қалай басталды// Ақиқат.1993, №12.
- 5.История советского крестьянства. М.: Наука, 1986. – 448 с. – С.120.
- 6.Коллективизация сельского хозяйства. Важнейшие постановления Коммунистической партии и советского правительства. 1927-1935. М.,1957. – С.127-130.
- 7.Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов/ Вступ. статья и сост. К.С. Алдажуманов, В.П. Осипов, Ю.И.Помаков.- Алматы, 1998.- С. 40
- 8.ҚР Президент архиві, ф. 141-оп.1-д. 2969- л.14.
- 9.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.1. – Д. 248 а.- С.2.
- 10.Коллективизация сельского хозяйства. Важнейшие постановления...- С.267.
- 11.Сталин И.В. Сочинения. – Т.12. – С. 220.
- 12.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.1. – Д.248. – С.7.
13. ЦГА РК. ф.141. – Оп.1. – Д.2969. – Л.4.
14. ЦГА РК. ф.1380. – Оп.2. – Д.243. – С.94.
- 15.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.1. – Д.243. – С.1.
- 16.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.2. – Д.297. – С.20.
17. Седьмая Всеказахская партконференция ВКП (б). Стенографический отчет – Алма-Ата: Казкрайкоиз, 1930. – 412 с. – С. 42.
- 18.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.1. – Д.245. – С.15.
- 19.//Красный Урал 1930.- 17 октября.
- 20.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.2. – Д.384. – С.103.
- 21.ЦГА РК. ф.1380. – Оп.2. – Д.243. – С.83.
- 22.//Прииртышская правда. – 1930.- 15 октября.
23. ЦГА РК. ф.1380. – Оп.1. – Д.243. – С.81.

ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ БАЙЛАРЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ

(1928–1929 жж.)

Күлімкөз САНТАЕВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған
профессорының м.а., тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бергі ширек ғасыр аралығында төл тарихтың әр саласын зерттеп, оны қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты не докторы деген атақтарға ие болған тарихшылар қаншама. Бірақ нағыз ғалым, тарихшы дейтіндер саусақпен санарлық. Соның бірі – Талас Омарбекұлы. Ол – Қазақстан тарихының ең күрделі кезеңдерін зерттеп, көптеген шәкірттерін тәрбиелеп, ғылыми мектебінен өткізген, білім және ғылым саласында қажымай талмай еңбек етіп, бүгінгі күнде «нағыз ғалым» деген атаққа ие болған, менің ғылымда да, өмірде де ұстазым болған жан.

Көп жылдарға созылған табандылық пен тиянақтылықтың арқасында, үлкен шығармашылық еңбектің нәтижесінде 1997 жылы Т.Омарбековтің «XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы Қазақстан қасіреті» [8] атты монографиялық зерттеуі «Санат» баспасынан жарық көрді. Ғалымның осы монографиялық еңбегінде 20-жылдардың соңынан 30-жылдардың ортасына дейінгі кезеңдегі Қазақстан шаруалары тарихының методологиясы деректік негізі және тарихнамасы алғаш рет жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеліп, зерделенді. Осы еңбектің үшінші тарауында Қазақстандағы ірі байларды меншігінен айыру және оның ауыр зардаптары, ауқатты шаруаларды тап жауы ретінде жою мәселесі жан-жақты тың мұрағат құжаттарының негізінде алғаш рет тарихи айналымға енгізілді.

Осы жылдары ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі жанындағы мемлекеттік комиссия құрамында жазықсыз тәркіленген қазақ байларын ақтау жұмысымен белсенді айналысты. Осы жұмыстың негізінде ғалымдар т.ғ.д. Т.Омарбеков пен М.Хасанаевтың 1992 жылы «Ақиқат» журналында /№9, 10/ «Жазықсыз жапа шеккендер немесе күштеп тәркілеу құрбандықтары» тізімі жарияланды. Тізім Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің мұрағатында сақталған материалдар негізінде жасалған. Осы тізімде тұңғыш рет бүкіл Қазақстан бойынша 846 тәркіленген байлардың тізімі көрсетілген. Сонымен бірге тарихтың қасіретті беттерінен сыр шертетін тәркіленген байлардың хаттары, тәркілеуден аман қалу үшін Мәскеуге арызданған шағым-өтініштері мұрағат қорларынан алынып, ғалымның іргелі еңбектерінде жарияланды. Қазақ байларын меншігінен күштеп айырудың, күштеп ұжымдастырудың, зорлап отырықшыландырудың қазақ ұлтының дәстүрлі тарихи-табиғи эволюциялық дамуға негізделген тағдырына еріксіз таңылған қиянат болғандығына әділетті ғылыми баға берілді. Ұстазымыз өз зерттеулерін бүкіл Қазақстан көлемінде қамтыса, ал біз шәкірттері Қазақстанның әр аймақтарын жеке алып қарастырдық.

Тарих тағылымы мынаны үйретеді: кез келген мәдениетті халық өзінің ұлттық тәуелсіздігін алып, басқа мемлекеттің саяси ықпалынан босаған сәтте

бұрын отаршылдық бұғауында бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлт тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселесін жедел қолға алуға ұмтылады. Біз қарастырып отырған тақырып та осылайша тарих ғылымында назардан тыс қалып келді, мұның өзі біз зерттеп отырған күрделі кезең тарихын тереңдете жан-жақты зерттей түсу қажеттігін дәлелдей түседі.

Сталиндік-голощекиндік күштеу саясатының нәтижесінде қазақ халқы «ел аман, жұрт тынышта» қынадай қырылды. Тіршілік көзі болған бар малынан айырылған бейкүнә жандар аштан қырылып, төбе-төбенің астында ит-құсқа жем болып, көмусіз қалды. Қазақ халқының аштан қырылуының басты себебі – қолында күн көріп отырған малын күштеп тартып алу еді. Ол тәркілеу науқанынан басталды. Әрине, қазақ байларын тәркілеу бүкіл қазақ даласын, соның ішінде Жетісу жерін де қамтыды.

Байларды тәркілеу мәселесі 1923 жылы 17-22 наурыз аралығында Орынборда өткен Қазақ өлкелік партия ұйымының III конференциясында қаралды. 20-жылдары Қазақстанның саяси өмірінде белсенді рөл атқарған Сымағұл Сәдуақасов осы конференцияда сөйлеген сөзінде байлар меншігін конфискелеуге (тәркілеуге) байланысты мынандай пікірді ұстанды: «қазіргі кезеңде ел сілкіністерге емес, бейбіт еңбекке мұқтаж. Елді жаңа экспроприациялар емес, еңбек пен ғылым құтқармақ. Экспроприация идеясы билікке қарсы көтеріліс немесе соған жақын нәрсе. Патша үкіметі тұсында мұндай қоздыру туғызу қызық болғанмен, қазіргі жағдайда бізге қазақ даласында ондай жасанды қоздырулар туғызудың қызығы шамалы» [1]. Басым көпшілігі кедейлер мен орта шаруалардан тұрған қазақ ауылында «олардың қолындағы малын тартып алудан түк шықпайтындығын, ерінбей еңбек етіп, білімге арқа сүйей отырып қазақ ауылын көркейтуге болады», – деген еді. С.Сәдуақасов одан кейіннен де бұл пікірінен бас тартқан жоқ. Өлкелік партия комитетінің 2-ші, 3-пленумында (1926 ж., XI), VI конференцияда (1927 ж., 15-23. XI) қазақ ауылына Октябрьдің керегі жоқ, қазір ауылға әрекет керек емес, тыныштық керек деген болатын. Бірақ бұл құнды пікірлері сол жылдары Өлкелік партия комитетінің хатшысы болып отырған Голощекин тарапынан қолдау таппады.

Сонымен, өлкелік партия комитетінің VI конференциясының (1927 ж., 15-23. XI) қазақ байларын күшпен тәркілеу туралы қорытындыға келуі ел ішінде жаппай дүрлігу туғызды. Үкіметтің байлардың ғана емес, орташалардың да мал-мүлкін тартып алатындығы туралы қауесет Қазақстанның Жетісу өңіріне жаз айларының өзінде-ақ тарап кеткен еді. Адамдар малдарын сатып, көшіп кетуге дайындала бастады. Мысалы, Қазақстандағы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкіл-

дігінің (ПП ОГПУ) өте құпия мәліметінде, 1928 жылдың шілде айында Алматы округінің Қарабастау ауылының Берекелі асуында Елболсын Есенбаев, Шумақбай Бекқұлов бастаған байлар тобы тәркілеуден құтылу үшін Қытайға көшу керек деп шешім қабылдағаны, осы округтің Қарқара жеріндегі ең ірі байдың шекараға жақын “Сыртай” шатқалында көшіп жүргені, тәркілеу болған жағдайда Қытайға қашуға дайын екені айтылған [2].

Ел ішіндегі осындай оқиғаларға байланысты 1928 жылы 22 маусымда “Еңбекші қазақ” газетінің 139-санында Қазақстан үкіметі “Қазақстанның барлық еңбекшілеріне” үндеу жариялайды. Онда: *“Тәркілеу туралы заң 1928 жылғы сәуірдің 1-нен бері мыңдаған малы бар, Кеңес үкіметіне “анық жау” неғұрлым ірі байлар қожалықтары дүниелерін тәркілеу және оларды жер аудару бағытында жасалып жатқаны, алғашқы кезекте бұл бұрынғы хан, сұлтан тұқымдарынан шыққан ірі байларға қатысты жүргізілетіні”, – атап көрсетіледі. Қазақстан үкіметі барлық атқару комитеттеріне, кеңестерге осы мәселені мейілінше түсіндіруді, “жалған арандатушы, өсек-аяң таратушыларды қатал жауапқа тартуды” ұсынады [3].*

“Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы” декрет 1928 жылы 27 тамызда қабылданады. Декретке сол кездегі Орталық Атқару комитетінің төрағасы Ерназарұлы Елтай, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нұрмақұлы Нығмет қол қойған. Декрет пен бірге БК(б)П қазақ өлкелік комитетінің “Барлық еңбекшілерге” деген үндеуі де қабылданады. Декретте, үндеу де 5-қыркүйекте “Еңбекші қазақ” газетінің №204 санында жарияланады [4]. Қабылданған декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда төрт жүз бастан жоғары ірі қарасы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары ірі қарасы бар қожалықтар жатқызылған. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғары қарай болды. 1928 жылы 30 тамызда Қазақстан үкіметі ірі байлар жер аударылатын аудандарды нақты анықтады. Бұл қаулы бойынша Жетісу округінің байлары Адай округіне жер аударылатын болды.

1928 жылы 30 тамызда «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулы қабылдады. Онда аталған аудандар түрлеріне нақты сипаттамалар берілді. Осы қаулы бойынша отырықшы аудандарға Қазақстанның барлық округінен 25 аудан жатты, ал жартылай көшпелі аудандарға 84 аудан, ал көшпелілерге 9 аудан жатты. Барлығы Қазақстан бойынша 118 аудан еді. Таза көшпелі аудандарға Алматы округінен Балқаш ауданы жатты. Ал жартылай көшпелі ауданға Алматы округінен 12 аудан енгізіліп, ал отырықшы аудандар жоқ деп саналды [5]. Яғни, Қазақстанның басым көпшілігі бұл жылдары жартылай көшпелі және көшпелі аудандардан тұрды. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығы негізінен осы көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға шоғырланған еді. Жетісуда республиканың басқа аймақтары сияқты, тәркілеу науқанын 1928 жылдың 1 қарашасына дейін аяқтау көзделгенімен, ол 1929 жылдың көктеміне дейін созылған. Алматы округі бойынша тәркілеу науқаны декрет қабылданған күннен өз жұмысын бас-

таған еді. Аймақтық атқару комитетінің жанынан 1928 жылы 27 тамызда 5 адамнан тұратын округтік тәркілеу комиссиясы құрылады. Оның құрамына комиссия төрағасы Әбдірахманов, округтік жер басқармасының меңгерушісі Леонов, округтік “қосшы” одағының төрағасы Айтхожин, округтік ОГПУ бөлімінен Шевченко, аудандық жер-орман қызметкерлері одағының төрағасы енеді [6]. Әр ауданға жіберілетін уәкілдердің құрамын іріктеуге үлкен көңіл бөлінді. Бұл мәселе бірнеше рет алдына-ала талқыланып және оның қорытындысына 12 ауданға бөлінген 19 уәкілдің 7 қыркүйектен бастап аудандарға баруы тиіс болды [7]. Сонымен бірге әр округте алдын-ала *“Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару туралы”* тізім жасалады. Алматы округі бойынша ОГПУ-дың алғашқы мәліметінде 70 ірі бай (жартылай феодалдар) шаруашылықтарын тәркілеу тізімі жасалған. Бұл тізім осы бетінде қаралып орталыққа жіберілген. Тізімде бірінші топқа “60” шаруашылық, екінші топқа “10” шаруашылық жатқызылған. Бірінші топқа хан тұқымдарынан шыққандар, декретте белгіленген межеге сай келетін шаруашылықтар, екінші топқа декретте белгіленген межеге жетпеген, бірақ антисоветтік істермен айналысып, ауылда еңбекшілер арасында үлкен беделге ие болғандар енеді. Кейіннен бұл тізім өзгертіліп, бірінші топқа “57” екінші топқа “27” шаруашылықты тәркілеу белгіленді [7]. «Тілші» газетінің 1928 жылы 26 қыркүйектегі №56 (383) санында Алматы округі бойынша мал-мүлкі тәркіленетін 84 адамның тізімі берілген [8].

Тәркілеу науқаны қазақ даласына ерекше қасірет әкелді. Тәркілеуден құтылудың жалғыз жолы туған жерін тастап, Қытай жеріне, РСФСР-дың кейбір аудандарына, Қазақстанның өз ішіндегі шеткері елсіз, шөл далаға көшу болды. 1928 жылы 14 қыркүйектегі Қазақстандағы ПП. ОГПУ-дың өте құпия мәліметінде: *“күннен-күнге байдың белсенділігі өсуде және тәркілеуге қарсы күрестің жаңа түрі пайда болуда. Байлар үшін тәркілеуден құтылудың негізгі жолы Қытай жеріне көшу. Қытайға шекарадағы қарулы қақтығыстар арқылы өтуде. Мысалы: Алматы округінде тәркілеуге байланысты ірі байлар Мамановтар, Тұрысбековтер 35 киіз үй шамасында өздерінің мал-мүлкімен Қытайға көшуде”, – деп хабарлаған [9]. Сонымен бірге: “Соңғы уақыттарда Жаркент тауы арқылы Қытайға көшу халық арасында көп байқалуда. Қорғас ауылының маңайындағылар, негізінен, көп қашуда. Бай да, кедей де қашуда. Кедей азық-түлік тапшылығынан қашса, бай тәркілеуден қорқып қашты”, – делінген [10]. Тәркіленген бай тек өзін жат өлкеге жер аударып жіберуден қорықты. Көптеген жер аударылған байлар комиссия шешіміне разы болмай, шағым білдірген, олардың малдары межеге сай болмаған, өздерінің қоғамға еш зияны жоқ болса да тәркіленіп, жер аударылған. Архив қойнауында олардың арыз-шағымдары, өтініштері көптеп сақталған. Сонымен бірге әйелдері күйеулерімен ажырасып, сол бұрынғы жерінде қалуды қалаған. Бұндай оқиғалар бұқаралық сипат алған. Өлкелік комиссия негізгі мәліметтермен танысып, *«бұлай ажырасу “фактивный” және ажырасуға арызды өз күйеулері бергізуде”* деген қорытындыға келді. Кейбір байлардың мұндай әрекетке бару себебі әйелімен ажырасу арқылы шаруашылығының бір бөлігін, жанұясын кіндік қаны тамған туған жерде қалдыру, өз ошағын сақтап қалу*

еді [11]. Бірақ қатыгез саясат бұған да мүмкіндік бермеді.

Үкімет дерегі бойынша, тәркілеу 696 қожалықты қамтығаны белгілі. Бұлардың ішінде 242-і оңтүстік аймақтан тәркіленген, бірақ кейінгі зерттеулерде бұл сан көбейе түсті. Ал енді ресми мәліметтерді талдасақ, оның ішінде тәркілеу қорытындысы жөніндегі Ф.Голощекиннің 1929 жылы 9 сәуірде құпия түрде БК(б)П Орталық комитетіне жіберілген *“ҚАКСР бойынша аса ірі бай жартылай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды жер аудару туралы ақпарында”* әр округ бойынша тәркіленген, жер аударылған қазақ байларының саны, алынған мал-мүлкі түгел көрсетілген және Голощекиннің өз ой-пікірі де баяндалған [12]. Осы құжатта келтірілген көрсеткіштерге сүйенсек, *«Алматы округі бойынша алғашында барлығы 80 ірі бай шаруашылығы тәркіленіп, олардан 33436 бас мал /ірі қараға шаққанда/ тартып алу жоспарланған [13]. Науқан барысында 82 ірі бай тәркіленіп /жартылай көшпелі ауданнан 76, көшпелі ауданнан 6/, оның 71-і бірінші топ, 11-і екінші топқа жатқызылған. Олардан 18918 бас мал тартып алынған /17869 бас мал жартылай көшпелі ауданнан, 1049 бас мал көшпелі ауданнан/. Тәркіленген 82 бай жер аударылған “ [13].*

Соңғы жылдары ғалымдар Т.Омарбеков пен М.Хасанаевтың 1992 жылы «Ақиқат» журналында /№№ 9, 10/ жарияланған «Жазықсыз жаппа шеккендер немесе күштеп тәркілеу құрбандықтары» тізімі берілген. Тізім Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған материалдар негізінде жасалған. Осы тізімде Алматы округі бойынша 96 адам тәркіленген [14]. Халыққа қолындағы күн көріп отырған малын беру оңайға түспеді. Сондықтан да қалың бұқара халық байларды күштеп тәркілеу саясатын белсенді қолдай қойған жоқ. Ел ішіндегі халық наразылықтарын басу үшін округтік орталықтарда коммунистік отрядтар құрылған [15]. Байлардың қорылығын басу үшін ғана қазақ отрядтар құрылған жоқ, бүкіл тәркілеу науқанын жүргізген қазақтар болды. Орыстар мекемеде отырып нұсқаулар ғана берді. Ал тәркілеу науқаны қазақтан шыққан партия белсенділері, ауылдағы кедей-малай, батырақтардың белсенділігімен өткізілген еді. Бұл зұлымдық саясат рулас-аталас туысқан қазақ халқы өз ішінен бір-біріне айдап салып, ірітуді көздеген еді. Міне, большевиктер саясатының түп-тәркіні осындай болатын [16]. Т.Омарбеков пен М.Хасанаевтың жариялаған материалдарында бүкіл Қазақстан бойынша тәркіленген 846 байдың тізімі көрсетілген, соның ішінде 355-і Қазақстанның оңтүстік аймағынан, Алматы округінен 96. Жоғарыдағы мәліметтерді салыстыра қарасақ, тәркіленгендер тізімі науқан соңына дейін сан рет өзгертіліп отырған. Олар азаймаған, керісінше көбейіп отырған. Тәркіленгендер санының өзгеріп отыруының себебі олар заңға сай, байлығының немесе қора-қора малының көп болғанынан тәркіленген жоқ, олардың көбі “зиянды элементтер қатарына” 2-топқа жатқызылып тәркіленді. Бұл жайында Ф.Голощекиннің өзі: *“136 шамалы бай қожалықтарының тәркіленуі тым көп малы болғандығынан емес, негізінен олардың төңкеріске қарсылығына байланысты іске асырылды. Бұлардың көпшілігі – бұрынғы патша үкіметі кезіндегі болыс бастықтары”,* – деп мойындаған еді [17]. *«Тәркі-*

леудің негізгі мақсаты – ауылда кедейлерге мал үлестіру арқылы экономикалық өзгерістерге қол жеткізу», – деп жазды Ф.Голощекин науқан қорытындысы туралы ақпарында киіз үй, кірпіш, саман үй, жер там, т.б. баспаналар мен ауыл шаруашылық құралдарын да тәркілеу логикалық қажеттілік болып табылады. Голощекиннің Мәскеуге жіберген мәліметіне сүйенсек, Алматы округтерінде тәркіленген қожалықтардан мынадай дүние-мүліктер тартып алынған: Алматы округінен: киіз үй – 115, жер үй – 95, ат әбзелдері – 45, кілем – 88, киіз – 134, күнделікті пайдаланатын бұйымдар – 34. Ал енді тәркіленген малдан мемлекет, кедей-батырақ қандай пайда тапты? Тәркілеу қорытындысы жөніндегі ақпарында Голощекин өз ойын былай деп білдірді: *“... алғашқыда біздер 226 мың бас мал аламыз деп ойлаған едік, бірақ таза көшпелі аудандарда тәркілеуге жататын қожалықтарға малдарын жасырып қалу онша қиынға соқпайтындығын ескерсек, біздің жоспардың осы (65%) орындалуының өзін қанағаттанарлық деп табуға болды”* [17]. Барлығы Қазақстан бойынша 144.474 бас мал ғана тәркіленді. Байлардан тартып алған, тәркіленген малдың 60-70% ауылдағы батырақ кедейлерге, 30-40% артель коллективтерге берілетін болған. Енді тәркіленген малды шаруашылық түрлеріне жіктер болсақ, Алматы округі бойынша 18918 бас мал тәркіленген, бөлінген мал 16118, колхозға 5233 бас мал таратқан, жеке 2856 шаруашылыққа 10885 бас мал бөлініп берілген [17]. Ал кедей-көпшіктердің малға ие болғандары қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Себебі оларға мемлекет тарапынан ешқандай көмек көрсетілмеді, көңіл бөлінбеді. *“Бұл жұмысқа арнап шығарылған қаржы жоқ, қаржы болмаған соң ондай жұмыстарға кірісудің керегі не?”* деген мекеме басшылары да болған” [18]. Түгі жоқ батырақ кедейге бір сиыр, бір қой бергенімен, басқа малы болмаған олар шаруаларын ұқсата алмады. Сондықтан олардың көбі жаңадан құрыла бастаған колхоздарға кіруге мәжбүр болды. Кейбір аудандарда бірлестіктерді шаруа ұйымдарын қалай құрудың жөнін де білмегендер болған [18].

Тәркілеу науқаны мал шаруашылығының дамуына үлкен зиянын тигізді. Тәркілеу нәтижесінде көшпелі аудандардағы ірі шаруашылықтар ұсақталып кеткен. Керісінше көшпелі аудандарда малы аз кедей шаруашылықтар көбейген, бірақ олар мал өсіріп одан пайда таппақ түгіл – ең аз дегенде өзінің күнделікті қажеттілігін өтей алмаған. Күштеп тәркілеу науқанының нақты қорытындысы: *“байлардың малын тәркілеу ауылдағы орташаларды топтастыруға және әл-ауқаттын артуына емес, қайта керісінше, қайыршыланған ауылдар халқының өрші түсуімен шаруашылықтың күйзелуіне алып келді”*. Тәркілеу науқаны байлардың мал-мүлкін тартып алумен ғана шектелмей, оларды кіндік қаны тамған ата-қонысынан жер аударып, қазақ халқына үлкен қайғы-қасірет әкелді, сонымен бірге қазақ даласындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мал шаруашылығын күйретудің бастауы болды.

Осы жылдары мал басының кемуі округтерде де байқалған. Қолда бар мәліметтерді бір-бірімен салыстыра отырып, тәркілеу науқанынан кейінгі округтердегі мал шаруашылығының жағдайы қандай болғанын нақты деректер негізінде талдай аламыз. Алматы округінің кейбір аудандарында болған құрғақшылыққа қарамастан, 1927-1928 жылдары мал

санының өсуі соғысқа дейінгі деңгейге жетіп, мал басының саны 1928 жылға қарағанда 38.734 басқа көбейген, бірақ малдың кейбір түрінің сандары төмендеген. Оның ішінде қой мен ешкі өсімінің аз болуы, ірі қара малының азаю себептері бай мүлкін тәркілеу кезеңінде немесе оған дейінгі кезеңде байлардың Қытайға малды айдап кетуімен түсіндірілді [20]. Малдың азаюына, малды айдап кетуге басты себеп – Голощекин жүргізіп отырған қатерлі саясаттың салдары екенін ресми орындағылар көргілері келмеді. Ресми орындар мал басының кему себебін 1927/1928 жылдың қысындағы құрғақшылықтан және жұттан көрді. Мал басының кемуіне жұттың әсері болғанын жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, Алматы округі бойынша 192.304 бас мал немесе 3,1 % мал қырылған [21]. Бірақ бұндай жұттан кейін әдеттегідей мал басы жылдам, тез қарқында қайта қалпына келеді деп күтілді. Себебі бұл мыңжылдық тәжірибеден белгілі еді. Яғни 1928 жылға дейінгі қазақ даласындағы қайталанып тұрған жұттан кейін мал басы тез қалпына келіп отырған, ал 1928 жылғы тәркілеуден кейін мал шаруашылығы қайта қалпына келе қоймады. Большевиктердің төтенше аграрлық реформасы қазақ шаруашылығының болмысын да, сипатын да және мазмұнын да түбірінен өзгертіп жіберді.

Қорыта айтқанда, біріншіден, қазақ байларын тәркілеу Қазақстандағы күшпен ұжымдастыру саясатының беташары, алғашқы баспалдағы іспетті болды. Бұл “тәжірибе” кейін, аталған басқа кеңестік науқандарда кеңінен пайдаланылды. **Екіншіден,** байларды тәркілеуден материалдық жағынан да, рухани жағынан да қазақ кедейлері ештеңе ұтқан жоқ. **Үшіншіден,** дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи ортаға бейімделген түрі ірі байлар қожалықтарын күйрету Қазақстандағы мал шаруашылығының даму қарқынының күрт төмендеуіне негіз жасады. **Төртіншіден,** қазақ байларын тәркілеу – Коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің дәрекі де қате саясаты болды [22]. Бұл қате сая-

сат қазақ байларының көзін жоюмен аяқталмай олардың қолындағы ірі шаруашылықтарды бір жолата күйретіп, жеке меншіктік психологияны, жеке меншік шаруа қожалықтарын жойып, дәстүрлі шаруашылықтың дамуын тежеді, ал жалпы алғанда халықтың азып-тозуына алып келді, сонымен бірге алапат ашаршылықтың болуын тездетті.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. **Қойгелдиев М., Омарбеков Т.** Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: 1993. - 208 б. Б.56.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. (бұдан былай ҚРПА) 141-қ. -1-т. -2067-іс. -30-31-п.
3. //Еңбекші қазақ. - 1928. - 22-маусым. -№139.
4. //Еңбекші қазақ. - 1928. - 5-қыркүйек. -№204.
5. **Омарбеков Т.** 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы.1997.-320бет.
6. ҚР ПА. 2-қ. -1-т. -87-іс. -6-п.
7. ҚР ПА. 2-қ. -1-т. -87-іс. -7-п.
8. //Тілші, -1928. - 26 қыркүйек. -№56.
9. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -2067-іс.-41-п.
10. ҚР ПА. 2-қ. -1-т. -89-іс. -22-п.
11. **Омарбеков Т., Жұмабеков Ж.** Қасірет хаттары. // Ақиқат, 1995. -№5 – 46-49б.
12. ҚР ПА. 141-қ.-1-т. -1980-іс. -22-37-п.
13. ҚР ПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. -25-п.
14. **Хасанаев М., Омарбеков Т.** Жазықсыз жапа шеккендер немесе күштеп кәмпескелу құрбандықтары// Ақиқат. -1992. №9, №11.
15. **Омарбеков Т.** XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері.- Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001.- 404 б.
16. **Т.Омарбеков.** “Кіші Қазан”: ол не?//Ақиқат, -1995. №3. Б.31-35.
17. ҚРПА. 141-қ. -1-т. -1980-іс. 29-п
18. **Сармолдаұлы Қ.** Кәмпескеден мал алғандардың қамы //Еңбекші қазақ. -1929. -15-қаңтар. №12.
19. Алматы облысының мемлекеттік архиві (бұдан былай АО МА) 142-к. -1-т. -189-іс. 64-п.
20. АОМА. 142-қ. -1-т. -183-іс. 16-п.
21. АОМА. 142-к. -1-т. -4-іс. -139-п.
22. **Омарбеков Т.** 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы.1997. -320 бет. Б.104.

ТУҒЫРЫ БИІК ҒАЛЫМ

Жанат ӘБІШЕВА (Абишева),
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі ата тарихымызды зерделеуге, тарихи сананы қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға негіз қалады. Тарих ғылымы саласында жабулы жатқан тақырыптарды ұлттық тұрғыда зерттеуге жол салды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап тарихшылар қауымы алдына жаңа міндеттер қойып, отандық тарихтың «ақтаңдақ беттерін» қайта қарауды, ұлт тарихының шынайы беттерін қалыптастыруды тапсырған болатын. Ұлт көшбасшысының тапсырмалар үдесінен шығу үшін отандық тарихшы-ғалымдар да жемісті еңбек етіп, жаңа зерттеулерді дүниеге келтірді.

Тарих ғылымында «Тарихты тұлғалар жасайды» деген сөз тіркесі бар. Ал осы жасалған тарихты зерттеп, зерделеп шынайы пайымдар негізінде қо-

ғамдық дамудың үдерістерін түсіндіріп, ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосатын да осы тарихшы тұлғалар. Осындай шоғыры биік, қаламы қарымды, ойы озық, ұлтжанды азамат-тұлғаның бірегейі тарих ғылымдарының докторы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұлағатты ұстазы, профессор Талас Омарбеков 70 жасқа толып отыр.

Талас Омарбеков –XX ғ. 90-жылдарында отандық тарихты ұлттық тұрғыдан зерттеуге алғашқылардың бірі болып құлшына кіріскен, зерттеушілердің жас буынын тәрбиелеп, оларға дұрыс бағыт-бағдар берген көрнекті ғалым. Осы кісінің жетекшілігімен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жас зерттеушілердің алдына кеңестік билік кезең шындығын талдап көрсету міндеті жүктелді. Орындалатын жұмыстың сапалылығы қажымас еңбек пен көп

ізденуді қажет ететіндігін осы жолдардың авторы жақсы түсінді. Бір жағынан, ұстаздың сенімін ақтау, екінші жағынан, ұлт тарихына аз да болса сүбелі үлес қосуға деген құлшыныс алғашқы зерттеу жұмыстарын бастауға негіз болды. Сонымен кеңестік билік орнағаннан кейін большевиктердің «әйел» мәселесін көтеруі және оның астарында қандай саясат жатқандығын айқындауға қатысты ғылыми зерттеу жұмысы профессор Т.Омарбековтің жетекшілігімен зерттеу объектісіне айналды.

Пролетариат диктатурасын орнататын социализм құру мақсатын алға қойған кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы үшін бұрынғы Ресей империясын мекендеген барлық халықтарды қысқа мерзімде ортақ бір идеологияға, біртұтас саяси жүйеге топтастыру күн тәртібіндегі аса маңызды міндет еді. Сондықтан бұл мақсатты іске асыру үшін елдің бәрін ортақ тілге, мәдениетке білімге үйрету қажет болды. Бірақ әр халықты өзінің ұлттық мәдениетінен бірден айыру мүмкін емес еді және ол кезде мұның өзі жаппай қарсылық тудыратын да болды. Сол себепті бұл саясатты іске асыруда әртүрлі идеологиялық айла-шарғылар алға тартылды. Егер большевиктер партиясының идеолог топтарының өз анықтамасы бойынша айтсақ, КСРО-дағы әрбір халық түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік мәдениетін дамытуы қажет болды. Оның үстіне идеологиялық аппарат елдегі бүкіл халықтың кеңестік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеленуіне баса назар аударып, қатаң бақылау қойды. Мұның өзі іс жүзінде біртіндеп орыстандыру саясатын жүргізу еді.

Кеңес және шетел зерттеушілері Кеңес Одағының ішкі саясатын көп реттерде әйелдердің қоғамдық жағдайына тигізген ықпалымен байланыстыра қарастырады. Әсіресе, бұл мәселеге Қазақстанда баса назар аударылды. Себебі, мұнда әйелдерге теңдік беру саясаты олардың таптық саяси санасын ояту үшін күреспен байланыстырды.

1921 жылдың маусым айында БК(б)П-ның қырғыздық (қазақ) –А.Ж) облыстық конференциясы «әйелдер арасындағы жұмыс туралы» қарар қабылдады. Онда Қазақстандағы әйелдер арасындағы жұмысқа ерекше назар аудару қажеттігіне тоқтала келе, әйелдер бөлімінің басшылық орталығын құру қажеттігі айтылды.

1923 жылдың мамыр айында БК(б) П Орталық Комитетінің шығыс халықтары әйелдерінің арасындағы жұмысты күшейту туралы барлық ұлттық республикалардың Орталық партия комитеттеріне хаты жолданды [1]. Онда партия қызметкерлерін іріктеу арқылы әйелдер бөлімдерінің аппаратын нығайтуды тапсырды. Осыған байланысты 14 маусымда Алма Оразбаева Өлкелік партиялық кеңес мектебінде әйелдер арасында жұмыс істейтін басқарушы қызметкерлер даярлайтын бөлім ашуға ұсыныс жасады [2].

Әйелдердің арасындағы жұмыс табысты болу үшін жергілікті ұлттан кадрлар дайындау қажет болды. Бұл жұмыс екі бағытта жүргізілді. Біріншіден, өздерінің күнделікті жұмысы барысында жеке байланыс арқылы жұмысшы әйелдер бөлімі қырғыз (қазақ – А.Ж) әйелдерін жоғарылатты және дайындады, екіншіден, қырғыз (қазақ – А.Ж) әйелдерін кеңестік партия мектептеріне тарту және арнаулы әйелдер курсын ұйымдастыру жолымен жүргізу көзделді.

1925 жылдың маусым айында БК(б)П Қазақстан

Өлкелік Комитеті жанындағы әйелдер бөлімі әйелдер арасындағы саяси-ағарту жұмыс туралы Кеңес өткізді [1,83-б.]. Кеңесте Нағима Арықова қызыл отауларды ұйымдастыру, «Теңдік» газетін қайта құру туралы және өлкелік әйелдер курсының жұмысы деген тақырыптарда баяндама жасады. Бірінші мәселе бойынша Кеңес Саяси-ағарту Басқармасына қызыл отаудың ережесін және жұмыс жоспарын жасауды тапсырды. Ең бірінші кезекте қызыл отауды партия және мәдени-ағарту күштерімен қамтылған отырықшы аудандарда ашу, содан кейін мүмкіндігінше көшпелі аудандарда ашу белгіленді. Екінші мәселе бойынша БК(б)П Өлкелік Комитеті бюросының, өлкелік жұмысшы әйелдер бөлімінің қаулысына сәйкес «Теңдік» газетін жарты баспа табақ көлемінде журнал ретінде қайта құру және әзірше айына екі рет шығару туралы қаулы қабылданды. «Теңдік» атауын «Әйел теңдігіне» өзгертті.

Өкімет пен партия әйелдердің саяси-таптық санасын ояту үшін қолда бар мүмкіндіктің барлығын пайдаланды. Соның бірі – «Әйел теңдігі» журналының ұйымдастырылуы. 1925-1934 жылдары «Әйел теңдігі», 1936-1941 жылдары «Сталин жолы» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») деген атпен шығып тұрған бұл журнал қазақ әйелдерін саяси жағынан тәрбиелеуде ерекше орын алды. Журнал қазақ әйелдерінен кеңес өкіметінің «шынайы қорғаушыларын» тәрбиеледі, «ұлы партия идеясын» әйелдер бұқарасына таратты. Журналдың саны жылдан жылға ауылдың есебінен өсіп отырды. Мәселен, 1926-1927 жылдары журналға жазылушылардың саны 600 болса, 1929 жылы олардың саны 2000-ға жеткен, барлық 58 тілшінің 38-і ауылдан болған [3]. 1928 жылы маусым айында «Әйел теңдігіне» қатысты қарар қабылданды. Қарарда қазақ әйелдерінің арасындағы интернационалдық және таптық тәрбиені күшейтуге ерекше назар аударып, осы тақырыптарда журналда саяси тақырыптағы мақалалар мен әңгімелерге орын берудің қажеттігі айтылды.

1930 жылы VIII Өлкелік партия конференциясында жасаған баяндамасында Ф.И.Голощекин әйелдерге қатысты: «Чтобы понять какой мы имеем неисчерпаемый резерв, какую огромную силу они представляют в советском социалистическом строительстве, как мы безбожно, преступно проходим мимо этой неисчерпаемой силы», – деп айта келе: «*әйелдерді социалистік құрылысқа тарту және олардың арасындағы жұмыстың барлық әдісі мен түріне шындап большевикше ойлану қажет*» [4].– деп ойын түйеді. Иә, Қазақстандағы тұрғындардың тең жарымы болып табылатын әйелдердің социалистік құрылысты жүзеге асырудағы үлкен күш екенін Голощекиннің өзі де мойындап отыр. Сондықтан да, қазақ әйелдері арасындағы жұмыс табысты болу үшін саяси-ағарту Басқармасы жергілікті халықтың тілін, психологиясын, тұрмысын жақсы білетіндерден, яғни сол қазақ әйелдерінің өзінен кадрлар дайындау маңызды іс екендігін түсінді.

Ең алғаш рет жергілікті ұлт әйелдерінен әйелдер арасында жұмыс жүргізетін кадрларды дайындайтын курс 1924 жылы Орынборда ашылды. Ал одан кейін мұндай курстар Қазақстанның әрбір губернияларында жұмыс істей бастады. Алғашқы кездерде курстардағы оқу мерзімі бір жыл болса, кейіннен оқу алты, үш айлық мерзімге қысқарды. Оның себебі, елдегі болып жатқан саяси науқандарға басшылық жасайтын қызметкерлердің

жетіспеуінен, қысқа мерзімде кадрлар дайындаудың қажеттілігінен туындаған еді. Осы қызметкерлер өз ауылдарына барып, жаппай жиналыстар мен конференциялар өткізіп, қыз-келіншектердің «көзін ашып», белсенділігін арттырып, оларды қоғамдық-саяси үдерістерге тартуға тырысты. Міне, саяси науқандар желісі осылайша өрбіді. Ал профессор Т.Омарбековтің зерттеу объектісі ХХ ғ. 20-30-жылдары болғандықтан, шәкірттерінің әрқайсысын қарастырылып отырған кезеңнің бет пердесін ашып көрсететін ұтымды тұстарын зерттеуге бағыттап отырды.

Талас Омарбеков – Отандық тарих ғылымында қалдырған ізі бар, өзіндік орны бар, тұғыры биік бірегей ғалым. Себебі ол Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары кеңестік билік кезеңіндегі төл тарихтың өзекті мәселелеріне алғашқылардың бірі болып қалам тартып, ақтаңдақтардың ақиқатын ашуда аянбай еңбек етіп, белсенділік танытқан ғалымдардың қатарында болды. Осы жылдары Т.Омарбеков «Ақиқат» журналының бөлім меңгерушісі, жаңадан ашылған «Қазақ тарихы» журналының қызметкері, әрі редакциялық алқа мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газетінің тарихи тақырыптарға байланысты ғылыми кеңесшісі қызметтерін жоғары оқу орындарындағы оқытушылық қызметтерімен қоса атқарды. Ғалым «Ақиқат» журналында қызмет атқарған жылдарда қажырлы да жемісті еңбек етіп, журнал беттерінде ХХ ғ. 20-30 жж. саяси-шаруашылық, мәдени науқандарға қатысты зерттеулерді жариялап отырды. Мысалы, аталмыш журналдың 1994 ж. №3 санында ғалымның «Шаруаны малдан айыру қалай жүргізілді?» атты мақаласы жарияланды. Онда автор ең алғашқылардың бірі болып қазақ халқы үшін орны тоғымас қасірет алып келген ұжымдастыру науқанының барысы мен қорытындысына тоқталады. Жаппай ұжымдастырудың басталуына байланысты БҚ(б) П ОК қабылдаған алғашқы қаулылардың ішінде «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» (1929 ж. 20-желтоқсан) мал шаруашылығымен айналыстын қазақ шаруаларының тағдырында шешуші рөл атқарғандығын жан-жақты талдап көрсетеді. Осы журналдың 1996 ж. №3 санында «Мәдени құрылыс тарихы: тапшыл көзқарас сабақтары» мақаласында 20-30 жж. ағарту, баспасөз саласындағы келеңсіз құбылыстарға тоқталып, тарихи құжаттарды сөйлетеді. Сол жылдары және кейінірек жарияланған басқа да зерттеулерінде тарихшы тұңғыш рет кезінде коммунистік идеология ықпалымен біржақты мадақталып келген Қазақстандағы ХХ ғасырдың 20-30 жж. қоғамдық-саяси үдерістерге қатысты тың материалдарды ғылыми айналымға енгізді. Ізденуші талабы мен зерттеушілік талғамын шыңдау барысында ғылыми жұмысын оқу-педагогикалық жүйемен ұштастыра білді.

Қай жағынан қарастырса да Т.Омарбековтің 90-жылдары баспасөзде жарық көрген ғылыми зерттеулері оқырмандардың ойынан шықты, ұлттық санаға жаңаша дөм берді. 1997 жылы баспадан шыққан, қазақтың ең бір қасіретті тарихына арналған «20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» оқу құралында кешегі тоталитарлық тәртіп кезіндегі оқиғалар желісі мұрағат құжаттарына сүйене отырып баяндалды. Тың мәліметтерге негізделіп жазылған аталмыш оқу құралы оқырмандардың көңілінен шықты. Оқу құралының терең мазмұны, бай деректік негізі автордың ұзақ жылдардағы еңбегінің жетістігі болып табылады.

Аталмыш оқу құралында қазақ халқы тарихындағы ең бір ауыр кезең – Ф.Голощекин басшылығы тұсындағы кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген төтенше саяси науқандарға талдау жасалып, тәуелсіз Қазақстан тарихының бүгінгі талаптарына сәйкес баға берілген. Большевиктер партиясының социалистік қоғам құру барысындағы республикада жүргізген саясатының бағыты және басқару билігіне қолданылған халыққа жат әдістері тартымды баяндалған.

Т.Омарбеков отандық тарих ғылымында тұңғыш рет меншіктен айыруға және күштеп ұжымдастыруға қарсы халықтық наразылығы туралы зерттеулер жариялады. Шаруалар көтерілісінің себептеріне, қозғаушы күштеріне және сипатына жаңаша көзқарасты қалыптастырып, халық наразылықтарының ауқымы мен салдарына қатысты тың, сирек кездесетін мұрағат құжаттарын пайдаланды. Талантты ғалым жоғарыда аталып өткен оқу құралында қоғамдық ғылымда ең алғашқылардың бірі болып қазақ қоғамындағы байлар туралы тарихи шындықты қалпына келтірді. Әрине, қазақ қоғамында байдың үстем рөл атқарғаны, сондықтан да әлеуметтік теңсіздік орын алғаны даусыз. Бірақ бұдан «қазақ байы қара басының қамын ғана күйттеген, өзінің рулас кедей туысын айлакерлікпен қанаудан, сөйтіп баудан басқа нақты мақсаты болмаған, қаныпезер, қатігез де тасбауыр, кейде тіпті қанішер еді» [5, 88-б.] деген қорытынды шығаруға болмайды. Профессор Т.Омарбеков қазақ байларының жомарттығы мен имандылығы, кеңпейілділігіне тоқтала келе «қазақ байлары малды кедейден күштеп тартып алған жоқ. Мал атадан балаға мұра болып қалған байлық еді. Ал барымтада бір бай екінші байдың малын тартып алды. Оның әртүрлі себептері де бар. Сондықтан қазақ байын жақсылық атаулыдан жұрдай, имансыз да сараң, қатігез де қанаушы етіп тарихымызда біржақты бейнелеу әділеттілік емес және тарихи шындықты бере алмайды» [5, 91 б.], – деп атап өтеді.

Т.Омарбеков – объективті ғылыми шындықты жақтаушы зерттеуші. Оның есімі осынысымен биік тұғырға шығып, тарихқа қызығушылық танытқан көпшілік оқырмандардың арасында жоғары беделге ие.

Бүгінде ол – ХХІ ғасыр ұрпағына жаңаша білім мен тәрбие беруде өз үлесін қосып келе жатқан үлгілі ұстаз, көрнекті ғалым, өнегелі отбасы иесі. Қазіргі таңда ол кісінің шәкірттері республикамыздың әрбір түкпірінде қызмет жасауда. Олар сөз жоқ, ары таза, болмысы бөлек азамат, профессор Т.Омарбекұлына қарап ой түзейтіні жасырын емес. Ұлағатты ұстаз, ұлт жанашыры, көрнекті ғалымды торқалы тойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, шығармашылық қызметіне табыс тілейміз. Сіздің ғылымға бергеніңізден береріңіз көп болғай деп тілейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Женщины Казахстана – активные строители социализма (1918-1945 гг.). – Алма-Ата., 1981. – С.52
2. Баймағамбетова Б. Тағдыр (А.Оразбаева хақында). – Қостанай., 1998. – 75 б.
3. ҚРОММ, 44-қ, 10-т, 1-іс, 9-п.
4. Голощекин Ф.И. «Партийное строительство в Казахстане». Сб.речей и статей (1925-1930гг.). – Москва-Алма-Ата., 1930. – С.334
5. Омарбеков Т. 20-30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы., 1997. – 320 б.

АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫН СӨЙЛЕТКЕН ҒАЛЫМ

Нүрзипа АЛПЫСБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы күштеп ұжымдастыру, аштық, жаппай саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу жөнінде **1991 жылдың 8 қарашасында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Комиссиясы** құрылды.

Комиссия ҚазОАК (Орталық Атқару Комитеті) мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің *«Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды көмеспекелеу және жер аудару туралы»* (1928 ж. 27 тамыз), *«Көмеспекелеуге және аса ірі байлар мен жартылай феодалдарды жер аударуға қарсы әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы»* (1928 ж. 13 қыркүйек), *«Ауыл шаруашылығын қайта құруды одан әрі жалғастыру және бай-құлақтармен, ірі байлармен күрес шаралары туралы»* (1930 ж. 19 ақпан) қаулыларын және басқа да нормативті құжаттарын, сондай-ақ басқарушы органдардың шешімдерінің жүзеге асырылу барысын және олардың салдарларын зерттеді, комиссияның аса көлемді ғылыми қорытындылары 1992 жылы республикалық баспасөз беттерінде жарық көрді [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының *«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы»* (1993 жылғы 14 сәуір) Заңын іске асыру жөніндегі кең ауқымды шаралар барысында, республика архивтерінде үлкен көлемді ізденіс жұмыстары жүргізілді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына жалған қылмыстық іс қозғау негізінде заңсыз үкімдер шығарған ОГПУ-НКВД-нің «үштік» жеке істері мен «ерекше кеңесу» соттарының материалдары зерттелді. Бұл жұмысқа архивистер және тарихшы-ғалымдармен қатар мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдар өкілдері де қатысты.

1994 жылы құрылған Үкіметтік комиссияның қызметі нәтижелі болды. Комиссия республикадағы жетекші мемлекеттік архив құжаттарының кейбір тақырыптық кешені құпиясыздандырылды. Зерттеушілер бұрын жабық болған архив қорларына қол жеткізіп, ашаршылық, жаппай қуғын-сүргінге ұшыратудың тарихын барынша тиянақты зерделеуге мүмкіндік алды. **Осы мемлекеттік комиссия құрамында болған профессор Талас Омарбеков жазықсыз төркіленген қазақ байларын ақтау жұмысымен айналысты.**

Тарихшылардың көлемді зерттеулер жүргізуіне 1997 жыл *«Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу»*, 1998 жыл *«Халық бірлігі мен ұлттық тарих»*, 1999 жыл *«Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы»* деп жарияланған атаулы жылдарда әсер етті, тарихшылар тарапынан архив қорларындағы игерілмей жатқан тың материалдар зерттеліп көпшілік назарына ұсынылды [2-3].

Профессор Т.Омарбеков Ресейдегі және Қазақстандағы көптеген архивтердегі тың деректерді тауып, ашық ғылыми айналымға енгізді. «Құпия», «ерекше құпия», «жариялауға жатпайды», «ерекше папка» деген белгілер соғылған, жабық қорларда жатқан бұл деректер XX ғ. 20-30-жылдарындағы тарихымызды жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеуге септігін тигізді.

Сондай-ақ, Т.Омарбеков бұрын жабық болған Мемлекет қауіпсіздігі комитеті архивінің қорында үлкен ғылыми ізденістер жүргізді. Нәтижесінде, 1928 жылы жер аударылған 1 мыңнан астам қазақ байларының тізімін баспасөзде жариялады.

Зерттеуші-ғалым XX ғ. 20-30-жылдарындағы күрделі кезеңнің деректерін ғылыми негізде жүйелеп, тарихи деректерді жіктеудің методологиялық проблемасын да көтереді. Ол деректерді жіктеуде «адам-қоғам-мемлекет» қағидасын басшылыққа алуды ұсынады. **Осы қағида тұрғысынан қарастырғанда кеңестік кезеңінің барлық құжаттарын үш топқа бөліп жіктеуді ұсынады:** 1) жеке адамдар жасаған құжаттар; 2) саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар құжаттары; 3) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар құжаттары [4].

ҚР Президент архивінің №141-қорында сақталған Т.Рысқұловтың, О.Исаевтың, Сталиннің және Молотовтың аттарына жазылған хаттар, Қазақстанның бірінші басшысы Ф.Голощекиннің сөздері, И.Сталинге жолдаған хаттары, Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Л.И.Мирзоянға жолдаған ҚазХШЕБ (Қазақ халық шаруашылығы есебі басқармасы) бастығының орынбасары Н. Мацкевичтің баяндау хаты, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің №135-қоры, №1380-қорларында бай-құлақтарды төркілеу және тап ретінде жою, ет және астық дайындау, жаппай зорлап отырықшыландыру кезіндегі шаруалардың көрген зорлық-зомбылықтарын, ашаршылықтың зардаптарын баяндайтын, жоғарғы партиялық және мемлекеттік бюрократияға жолданған арыз-шағымдар, хаттарындағы ақпараттардың маңыздылығын көрсетеді. Осыларды жеке адамдар жасаған құжаттар тобына жатқызады.

Партиялық және қоғамдық ұйымдардың құжаттар тобына ҚР Президент архивінде №141 қорда топтастырылған партия ұйымының, жергілікті округтік және аудандық партия ұйымдарының күштеп төркілеу және ұжымдастыру саясатына қарсы халық наразылықтары туралы құнды мәлімет беретін деректерін, Қазақстандағы әр түрлі төтенше науқандарды жүзеге асыру үшін құрылған қоғамдық ұйымдардың, төркілеу және астық дайындау жөніндегі комиссиялар немесе комитеттердің құжаттарын жатқызады. Кезінде саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар құжаттары құпия бөлімдеріне көшіріліп, оларға деген сұранысқа шектеу қойылды.

Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар құжаттар тобына Қазақстандағы Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің (ПП ОГПУ), Мемлекеттік жоспарлау органының, «Живмолсоюз» мекемесінің, «Скотовод» тресінің деректік құжаттарын жатқызды, аталған құжаттарының маңызы баға жетпес.

Профессор Т.Омарбеков Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архивінде ОГПУ-дың ресми тіркеген 372-көтерілісі бойынша зерттеу жүргізді. 1929 жылғы Тақтәкөпірдегі, Батпаққара, Бостандық, 1930 жылы Ырғыз, Қарақұмдағы, Қызылқұмдағы, Созақтағы, Балқаштағы, Сарқандтағы, 1931 жылы

Шығыс Қазақстандағы, Шұбартаудағы, Абралыдағы, Шыңғыстаудағы, Адай даласындағы және т.б. жалпы халықтық қарсылықтар туралы зерттеулермен тарихымыздың «ақтаңдақтар» мәселелерімен көпшілікті таныстырды. Шұбартау, Шыңғыстау, Абыралы көтерілістеріне қатысып, тұтқындалғандардың тізімін беріп, олардың кезінде «бандиттік», «әлеуметтік-қауіпті элементтер» және «контрреволюциялық» бас көтерулер ретінде жағымсыз тұрғыдан бағаланып және сипатталып келгенін ашып көрсетті [5].

Зерттеуші Т.Омарбеков ҚР ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған ОГПУ құжаттарын, әсіресе, 1929-1931 жылдары Қазақстанда орын алған шараларды күштеп меншігінен айыруға және ұжымдастыруға қарсы болған бұқаралық наразылықтар туралы нақты мәліметтер беретін арнайы деректер деп ерекше бөліп қарастырады.

ОГПУ органдарының құпия барлау құжаттарының тағы бір маңызды бөлігі күштеп ұжымдастыру жылдарындағы қазақ шаруаларының қоныстарынан ауа көшу, босқыншылыққа ұшырау қасіретін ашып көрсетеді. Әсіресе, қазақтардың Қытай асуы, Қытай өкіметінің эмигранттарды көшіріп жіберуге көзқарасы, шетелдегі қазақтардың қарулы жасақтары, босқындарды Қытайдан көшіріп жіберу туралы шаралары, Батыс Қытайдағы босқындардың жағдайы, Қытайдағы қазақтардың ұлтшыл контрреволюциялық орталығының қызметі туралы құнды мәліметтер бар. ПП ОГПУ деректерінің көпшілігі ҚР Президенті архивінің 141-қорында шоғырланған. Олардың көпшілігі негізінен мемлекеттік жазалау органдарының өз қызметтері туралы Қазақстандық партиялық бюрократияны хабардар ететін жеделхаттары, мәлімдемелері, баяндау жазбалары, есептері. Осы кезде жүргізілген төтенше науқандардың барысын жан-жақты зерттеуде құжаттардың маңызы зор [6].

Мемлекеттік органдардың аса құнды құжаттары негізінен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қорларында топтастырылған. Ірі байларды тәркілеуге байланысты жоғары өкімет және үкімет органдарының, ҚазОАК жанындағы осы мәселе жөніндегі Орталық комиссияның құжаттық материалдары, тәркіленген байлардың істері аталған архивтің №135 қорында, Республика прокуратурасының, Заң халық комиссариатының және жоғарғы соттың Қазақ бөлімінің тәркілеу, астық дайындау, егін егу және бай-қулақтарды тап ретінде жою науқандарында төменгі органдарға жолдаған төтенше нұсқаулары, қарарлары №1380 қорында, Республика Халық комиссарлар кеңесінің шешімдері мен қаулылары және ұжымдастыру шараларының материалдары, БК(б) П Қазақ өлкелік комитеті секретариатының, бюро мәжілістерінің аталған мәселеге қатысты шешімдері, отырықшыландыруға және босқындарды орналастыруға байланысты Қазақстан Халық комиссарлары кеңесі жанындағы республикалық комитеттің құжаттары №1179 қорында, Мемлекеттік жоспарлау органының, «Живмолсоюз» мекемесінің, «Скотовод» тресінің, Қазақстан тұтынушылар одағының Қазақстан сауда халық комиссариатының және т.б. мемлекеттік мекемелердің ет дайындау, мал басын шартқа отырғызу жөніндегі жазбалары, нұсқаулары, шешімдері және жоғарғы органдарға жолдаған есептері №1116 қорында, «Союзхлеб», «Заготзерно» тәрізді одақтық мекемелердің Қазақстандағы бөлім-

деріне астық дайындауға байланысты ұжымдастыру жұмыстарының құжаттары №1848 қорында жинақталған. Мемлекеттік органдардың және мекемелердің шаруалардан етті, астықты және т.б. ауыл шаруашылығы шикізаттарын тартып алудағы күштеу механизмдерін іске қосқанын осы архив құжаттары айқын дәлелдейді.

Мемлекеттік басқару органдары, атап айтсақ, Қазақ Орталық Атқару Комитеті, Халық Комиссарлары Кеңесі, Ағарту Халық Комиссариаты, Денсаулық сақтау Халық Комиссариаты, ОГПУ және тағы басқа органдары мен мекемелерінің архив құжаттары жаппай құпияландыру пресінің астында жатты. Осы мекемелердің құжаттары негізінде ғалым XX ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда орын алған алапат ашаршылықтың басты себептерін ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеді. Қазақ халқының зұлматты жылдардағы тарихын сипаттайтын бұл архив құжаттары бүгінгі таңда құпиясыздандырылып, архивтердің ашық қорлары қатарына қосылды. *Демек, Қазақстан археографиясы ғылымының дамуына да үлкен үлес қосты.*

Архив қорларындағы құжаттар негізінен БОАК-тің Қазақ АКСР-індегі көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын отырықшыландыруға және босқындарды шаруашылықтық негізінде орналастыруға байланысты мемлекеттік комиссиясының қорытындылары мен ұсыныстары негізінде ғалым Т.Омарбековтің 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық зардаптары, қазақ босқындарын орналастыру тәрізді тарихымыздың күрделі мәселелер төңірегінде жаңа да объективті көзқарастар қалыптастырғанын айтпай кетуге болмас.

Сөз соңында профессор Т.Омарбековтың берген бір сұхбатында *«Әсіре-ұлтшыл әлдебір мемлекеттер сияқты кеңестік тарихымызды жоққа шығаруға талпынып отырған жоқпыз. Десек те, заман да, жүйе де өзгерген тұста мұрағатта шаң басып жатқан қалың құжаттарды қолға түсіріп, қажетімізге жаратсақ»,* – дейді. Яғни, архив қорларындағы құжаттарды ғылыми-танымдық мақсаттарда пайдалану, болашақ ұрпақты тарихи және рухани мұраларымыздың негізінде ұлтжандық қасиеттерге тәрбиелеу, архив құжаттарын насихаттау және тарихи жәдігерлер мен құжаттардың сақталуын қамтамасыз етумен қатар, оны қалың көпшілікке таныту, халық игілігіне айналдыру қазіргі архивтану ғылымының маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Егеменді Қазақстан 1992 ж. 21 желтоқсан; Казахская правда. - 1992. 22 декабрь.
- 2.Современное осмысление уроков репрессий 1930–1950-х гг. в Казахстане и проблемы защиты прав человека. Материалы «круглого стола». – Алматы: OST–XXI век, 2005.–152 с.
- 3.Современное осмысление уроков репрессий 1930–1950-х гг. в Казахстане и проблемы защиты прав человека. Материалы «круглого стола». Изд. второе, дополненное – Алматы: OST–XXI век, 2006.–176 с.
4. **Омарбеков Т.** XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті. Алматы: «Санат», 1997.
5. **Омарбеков Т.** Зобалаң. –Алматы: «Санат», 1994.
6. **Омарбеков Т.** XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақпарат, 2001.

ТЫҢ ИГЕРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Ардақ ӘБДІРАЙЫМОВА (Абдирайымова),
М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және
коммуникациялар академиясы доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

2019 жылы тың және тыңайған жерлерді игергенге 65 жыл толады. Бұл реформа – КСРО-ның астық өнімін көбейту және артта қалған ауылшаруашылығын дамыту мақсатында 1954-1960 жж. арасында жүргізілген кешенді мемлекеттік жұмыстың нәтижесі. Ол КСРО-ның Қазақстан, Еділ бойы, Орал аймағы, Сібір және Қиыр шығыс аймағын қамтыған болатын.

Бұл мәселе 1950 жылдардың екінші жартысынан зерттеле бастады. Алғашқы зерттеу жұмыстары тек баспа беттеріне шыққан мағлұматтық мақалалар болса, тың және тыңайған жерлерді игерудің 10 жылдығына арналған еңбектер ғылыми бағытта жазылды. Оның үстіне тыңайған жерлерді игеру барысында жиналған құжаттар көбіне статистикалық мәліметтер болды.

12. Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов. 1918-1932. Том 1. - Алма-Ата: Казахстан, 1965. - 566 с. - С.318.

13. За большевистское изучение истории партии // Правда. - 1931. - 12 декабря. - № 341(5146).

14. **Утепов Ш., Елкин.** О книгах Брайнина и Шафира – “Очерки по истории Алаш-Орды” и “Первые шаги Советов в Семиречье” // Большевик Казахстана. - 1935. - № 6. - С. 87-91.

15. **Кабулов И.** О некоторых вопросах истории партийной организации и Октябрьской революции в Казахстане // Большевик Казахстана. - 1935. - № 9-10. - С. 44.

16. АП РК. Ф.811. - Оп.4. -Д.205. - Л.234-238.

ТАЛАС ОМАРБЕКОВТИҢ НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

«Алаш» орталығынан шыққан «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» – 14 том.

Монографиялары мен оқу құралдары

1. **Қойгелдиев М.** Тарих тағылымы не дейді? / М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 бет.
2. **Омарбеков Т.** Зобалаң: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-1931 жылдары болған халық наразылығы). / Т.Омарбеков. – Алматы: Санат, 1994. – 272 бет.
3. **Омарбеков Т.** 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. / Т.Омарбеков. – Алматы: Санат, 1997. – 320 бет.
4. **Омарбеков Т.** Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: көмекші оқу құралы. / Т.Омарбеков; бас ред. Е.Нұразхан. – Астана: Өнер, 2003. – 552 бет.
5. **Омарбеков Т.** Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас: Монография. / Т.Омарбеков, Ш.Омарбеков; ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 бет.
6. **Омарбеков Т.** Голодомор в Казахстане: причины, масштабы и итоги (1930-1933 гг.): хрестоматия. / Т.Омарбеков; КазНУ им. Аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 203 бет.
7. **Омарбеков Т.** Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. 1 мыңжылдық - б.з. IX ғасыры): оқу құралы. / Т.Омарбеков; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 330 бет.
8. **Омарбеков Т.** Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV

ғасырлар): оқу құралы. / Т.Омарбеков; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 396 бет.

9. **Омарбеков Т.** Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны: монография. / Т.Омарбеков; әл-Фараби атын. Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 бет.

10. **Омарбеков Т.** Қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері: монография. / Т.Омарбеков; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 130 бет.

«Қазақстан (Қазақ елі) тарихы»: оқулық – 4 кітап.

Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар

1. **Омарбеков Т.** Қазақстан тарихы. Ежелгі заман: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арн. оқулық. / Т.Омарбеков, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, т.б. – Алматы: Мектеп, 2017. – 192 бет.

2. **Омарбеков Т.** Қазақстан тарихы: Ежелгі заман. Әдістемелік нұсқау: жалпы білім беретін мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арн. құрал. / Т.Омарбеков, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, ж.б.; құраст.: Т.Омарбеков, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, М.Ноғайбаева. – Алматы: Мектеп, 2017. – 96 бет.

3. **Омарбеков Т.** Қазақстан тарихы. Қедимий дәуір: умумий билим беридиган мәктәпләрнің 5-синиплири үчүн дәрислик. / Т.Омарбеков, Г.Хабижанова, Т.Қартаева и др.; төржиман Ш.Аюпов. – Алмута: Мектеп, 2017. – 192 бет.

«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ» ҚАЙНАР КӨЗІ және білім мәселесі

Р.АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ, Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
Е.ЖАРМАҒАМБЕТОВ, Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік педагогикалық
институтының аға оқытушысы

«Алаш» ұғымына байланысты тарихшылар арасындағы зерттеу жұмыстары 1980 жылдардың аяғында басталғанымен, оның түп тамырын Қазақ хандығы өз алдына отау тіккен уақыттан бері келе жатқан бірнеше ғасырларға созылған халықтың әдет-ғұрпымен, болмысымен, күнделікті өмір салтымен байланыста қарастыру керек.

Себебі қазақ этногенезінің қалыптасу мәселесін қарастыру барысында «алаш», «алты Алаш», «алты алаштың баласы», «алаш халқы» сияқты ұғымдардың мағынасы басқаша болғанымен, оған саяси жағынан мән берген XX ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауымының өкілдері болатын. Халықтың ежелден келе жатқан халық ауыз әдебиеті мен XIX ғасырдағы ағартушылық ағым өкілдерінің шығармаларынан суындаған олар бойындағы бар таланттарын еуропалық біліммен ұштастыра білді.

Халық пен сол халықтың бөл ортасында жүріп, ой-өрісі, сана-сезімі, адами қасиеттері қалыптасқан жекелеген тұлғаларды бір-бірімен байланыстыра қарастыру керек. Себебі халықсыз жеке тұлғаның болуын, өзінің ізін қалдыруын, ал жеке тұлғаларсыз халықтың қоғам дамуының қиын-қыстау тұстарында жол таппай қиналған сәттерінде тар жол тайғақ кешулерден аман-есен өтуін көзге елестету мүмкін емес. Яғни халық пен ұлы тұлғалар бір-бірінен өмір сүре алмайтын, бірімен-бірі тығыз байланыста қарастырылатын қоғамдық құбылыстар. Белсенді адам өзін қоршаған әлемге ықпалын тигізеді, ал бұл өз кезегінде адамның сезімталдық қабілетінің дамуына әсер етеді. Заман лебін заманынан озық туған жеке тұлғалар бұрын болжап, үгіт-насихат жүргізеді.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының ірі өкілдерінің халық алдындағы ерліктері мен жасампаздық қимылдарын осы тұрғыдан алып қарастырған жөн. Тарих өз дегенін істетеді, себебі қоғам заңдылығы солай. Бірақ сол тұлғалардың XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақтың бүкіл болмысын өзгерткен оқиғалардың тұсында болуы міндетті емес, олардың орнына басқа адамдардың келуі де мүмкін. Бірақ тарихтың доңғалағы сол кездегі қазақ қоғамының барлық ауыр салмағын «алаштықтардың» мойнына салып берді. Сондықтан олардың халық жүгін көтерулеріне тура келді. Елді басқара алатындай ақылы, болашаққа деген сенімі бар тұлғалар қалың қазақ халқының жанындай жақсы көріп, оны қалай да қараңғы тұңғиықтан алып шығуды мақсат етті, еліне бас болып, жол көрсетушісіне айналды.

Енді осы жерде мынадай сұрақ тууы мүмкін: нәліктен Алаш қайраткерлері ұлттың бар қиыншылығын мойнына алуына тура келді? Бұл сұ-

раққа жауапты біз түрколог Лев Николайұлы Гумилевтың «Этногенез және жер биосферасы» атты көлемді зерттеу еңбегінен алуымызға болады. Ол өзінің аталмыш кітабында ғылым үшін жаңа термин – пассионарность – жалындылық теориясын дәлелдеп берген болатын. **Оның көзқарасы бойынша: адамзат тарихындағы қандай да халықтық топтар болсын немесе ұлттар мен ұлыстар болсын – барлығында бойында ерекше күші, жігері, оты бар адамдар болады.** Бұл күш-жігер бір адамдарда көп, екінші бір адамдарда аз, ал енді бір адамдарда тіпті болмауы да мүмкін. Осыған орай олардың іс-әрекеттері де, қимыл-қозғалыстары да, қоғамда қалдыратын орны да әр түрлі және әсері де басқаша дәрежеде болатындығы анық. Қоғамға қандай жағынан болсын қауіп төнген кезде, соның мүддесін қорғау үшін бойында оты бар адамдар тарих сахнасына шыға бастайды. Олардың бас көтеруі, сөйлеген сөздері мен қимыл іс-әрекеттері басқаларға әсер етіп, артынан халықтың басқа да жіктерін қоса ала кетеді. Жоғарғы жақтағылардың басқаша басқара алмайтын, ал төменгілердің ескіше тұра алмайтындығы белгілі болып, бүкіл қоғам дүрліге бастайды. Жеке тұлғалар бұрынғы ескі тәртіпті бұзып, оның орнына жаңа халықтың мүддесіне сай келетін заңдар қабылдап, өздерінің ережелерін орнатуға ұмтылады. Мұндай болмаса, қоғам бір жерде қатып, алға баспас еді. Бұл – қоғам, тарих заңдылығы [1. 4-б.].

XX ғасыр басындағы Ресейде бірінен соң бірі болған революциялық оқиғалар жас қазақ буржуазиясының саяси сауаты оянып, халық күрескерлері ретінде өсіп-шыңдалуына ықпал еткенін баса айтуымыз керек. Олар қазақ халқының XX ғасырдағы даму жолын жаңа арнаға бұрып, болашақта тәуелсіз, дербес ұлт ретінде өмір сүруге, өзгелермен терезесі тең халық ретінде күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіріп, жаңа жол көрсетті. Олар «Қазақ-ау! Оян! Мұжық көші жүріп кеткенде жұртта қалып жүрме! Мұжық көрші отырып, бостандық, құрдастық, туысқандық шарафатын пайдаланғанда, ілгері басқанда, мүйізге ұрған сиырдай шыр айналып, кейін қайтып, көрші жұртқа балаңды, жалшы, малшы, құл қылып беріп, жұрағаттың обалына, Алаштың баласы қалып жүрме!», – деп ұлтының болашағына жол сілтеп, бағыт беріп, оның шамшырағына айналды [2. 86-б.].

«Алаш қозғалысының» негізгі түп идеясының қалыптасуын ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар басталған Ресей империясының отарлау саясаты мен оған қарсы шыққан қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері

сияқты тарихи оқиғадан іздеу керек. Себебі «... Алаш қозғалысы бұған дейінгі Исатай Тайманұлы, Тіленші Жоламанұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған және тағы да басқа әділетсіздікке қарсы халық қарсылықтарының табиғи логикалық жалғасы» болатын [3. 6-б.].

Қазақ халқы үшін жер мәселесі қай уақытта болса да ұлт үшін басты негізгі құндылық болып келген. Телжан Шонанұлы жазғандай: «...Жерден айырыларда қазақтың қабырғасы қайысып, омыртқасы майысады. Жалғзынан айырылғандай жермен қоштасады. Ботадай боздап өлең айтады. Қазақтың бір себептермен шаруаға тәуір қоныстан айырылғанда айтқан өлеңдері – өлікті жоқтаған жылаулармен бірдей...» Қазақтың жерге деген көзқарасын осыдан-ақ байқауға болады [4. 3-б.].

Осы орайда Алаш қозғалысының басшысы Ө.Бөкейхановтың: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің ата-мекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп, үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деуі сөзімізге дәлел [5. 7-б.].

Еділді тартып алғаны –

Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны –

Жағаға қолды салғаны,

Ойылды артып алғаны –

Ойындағысы болғаны.

Маңғыстауды үш түбек

Оны-дағы алғаны,

Үргеніш пенен Бұқараға

Арбасын сүйреп барғаны –

Қонысың бар ма қалғаны?!... – деп XIX ғасырдағы «Зар-заман» ағымының көрнекті өкілі Мұрат ақын жырлағандай, XX ғасыр басында шынымен де Қазақстанда жер дауы әбден ушығып, өзінің шырқау шыңына жеткен болатын [6. 317-б.].

Сондықтан қайда барарын білмеген қалың қазақ еліне жол сілтер белгілі бір саяси күштің қажеттігі туды. Патшалық монархияның тақтан түсуі қазақ халқының саяси санасының көтерілуіне айрықша әсер еткенімен, Уақытша үкіметтің саяси тұрақсыздығы Алаш жетекшілерін ұлттық мүддеге негізделген, бір орталықтан басқаратын бүкіл қазаққа ортақ партия керек деген ойға жетелеген еді. Себебі «партия» дегеніміз – белгілі бір таптың немесе жіктің мүддесін білдіретін соның неғұрлым белсенді және ұйымшыл бөлігі [7. 410-б.] дейтін болсақ, сол топтың басы-қасында қоғамның түрлі жіктерінен шықса да, ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан игі жақсылардың жүруі заңды болатын. Олардың басым көпшілігі жоғары білім алған зиялы азаматтар еді. Алаш автономиясының Ұлттық Кеңесінің құрамына сайланған 15 адамның барлығының жоғары білімдері болған [8. 16-б.].

Әлемдік көлемдегі өсіп-өркендеудің құпиясы білім мен ғылымда жатқанын жақсы білген алаштықтардың бұл тұрғыдағы ой-пікірлері бір арнаға тоғысқанын байқауға болады. Сол заманда Ө.Бірмұхаммедұлы деген азаматтың: «Бисмилла деп бастағанда қолға алатын ең мұқтаж жұмыс – оқу... Оқу-білімнен соңғы біздің халыққа екінші мұқтаж іс – ынтымақ. Сол себепті әр адамға керек бай, керек ғалым, керек білгіш болсын, бес парызының біріндей міндет: шамасынан келгенше ыждаһат етіп, халыққа дәулетімен болсын, білімімен болсын, өнерімен болсын қызмет етіп, пайда келтіріп, халықтың қамын ойлау», – деп жазуы бұл мәселенің

қарапайым халық арасында кең тарағанын байқатса керек [9. 7-б.].

Халық арасында кең тараған «Оян, қазақ!» өлеңінің авторы Міржақып Дулатұлы осыған байланысты бір сөзінде былай дейді: «Заман талас-тартысқа айналды. Қара күнін қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек.» [10. 215-б.]. Бұл ағартушының қазақтың сауатын ашу, өркениетті қоғам құру мақсатында алдыңғы қатарлы елді қуып жетуде оқудың, білімнің, ғылымның қандай орын алатынын айқындап берген бағдарламасы деуге болады.

Білімнің керек екендігін айта келіп Міржақып Дулатұлы «Тіл мәселесі» деген мақаласында: «...Сөйтіп, жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді, өнерлі болу мақсатымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды.» «...Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады», – деп, оның екінші бір келеңсіз жақтарын атап өтеді [11. 279-б.]. Әрине, біздің заманымызда қазақ жастарының өнер-білімге, ғылымға деген құштарлығы, соны игерсем деген ниеті – құптарлық іс. Алайда сол алған білімін шынымен де халық игілігіне жұмсау жағы көңілден шықпай жатқандығын мойындауымыз керек.

Ұлт жанашыры болған Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл саналы ғұмырында айналысқан қазақ қоғамында шешілмеген үш мәселесінің бірі – оқу-ағарту болатын. Бұл мәселелердің шешілмеуінің түп негізін А.Байтұрсынұлы қазақ халқының арасында оқу-ағарту жүйесінің болмауымен түсіндіреді. Автордың «Қазақ екпесі» мақаласында тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді. Қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген мәселелердің жауабы айтылады. «Олжалы жерден үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесепаты», – дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты теңестіретін тек ғана ғылым, білім, өнер екенін айтып, өз халқын оқуға, өнерге, білім алуға шақырады [12. 214-б.]. Ахмет бабамыздың бұл айтқан пікірі қазіргі күнге дейін қазақ қоғамында көкейтесті мәселе екендігіне дау жоқ. Жалаң білім емес, нақты білім, өзінді өрге алып шығатын толыққанды білім алу – қазіргі қазақ жастарының арасындағы ең күрделі өзекті мәселе.

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген халық мақалын әрдайым жадында ұстаған Ахмет Байтұрсынұлы: «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік», – деп заман лебінен қалмауды халқына ескертеді [13. 179-б.].

Барлық ғылымның түбінде таза білімнің жатқандығы, білім-ғылымсыз халықтың биік шыңдарға шығып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарында көрінуі мүмкін емес жағдай. Қазіргі уақыттағы жастарды ғылымға тарту, ұлттың атын әлемге ғылым арқылы жеткізу мәселесін XX ғасыр басында қазақ оқымыстылары да қозғады. Әлихан

Бөкейхановтың 1915 жылы «Қазақ» газетіне басылып шыққан «Рухани мәдениет қарауылынан» атты мақаласында: «*Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу...*», – деп жазуы өзін қазақ халқының өкілімін дейтін әр адам үшін маңызды позиция болмақ [14. 173-б.]. Бұдан біз сонау Х ғасырда Әл-Фараби бабамыз айтып кеткен, «*тәрбиесіз берілген білімнің өзі қауіпті*» деген сөзімен астарлас екендігін байқаймыз.

Сонымен бірге «Білім күші» атты мақаласында Ә.Бөкейхан адам өміріндегі білім құдіретіне ерекше көңіл бөледі. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейтін қазақ мақалын айта отырып: «*Білім – алмас қанжар. Кім қолға алса, соның қолы, салып қалса, жақсы-жаманды айырмай басты алып түседі*», – деп білімнің бәрінен жүйріктігін, өткірлігін атап көрсетеді [15. 9-б.].

Жастардың білімді, көзінің ашық, қатарынан озық болуын қалай отырып, алаш қайраткерлері өздерінің саяси қызметінде ұлттық мүддені басты тұтқа ретінде ұстап, бүкіл ғұмырларын осыған бағыттады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается исследование о движении «Алаш» и ее представителей, таких как Ахмет Байтұрсынов, Аликхан Букееханов, Мырзахан Дулатов и многих других. Здесь рассматривается проблема о движении «Алаш» и обогащении знаний национального самосознания, сохранение, адаптация и развитие казахского народа в современных условиях как высоко интеллектуально развитой нации. Раскрыть самобытность казахского народа который сумел в потоке исторических событий сохранить свою национальную идентичность.

This article examines the study of the movement “Alash” and its representatives, such as Ahmet Bay-

tursynov, Alikhan Bukeikhanov, Myrzhakyp Dulatov and many others. The problem of the Alash movement, enriching the knowledge of national identity, preservation, adaptation and development of the Kazakh people in modern conditions as a highly intellectually developed nation is considered here. To reveal the originality of the Kazakh people who managed to preserve their national identity in the stream of historical events.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Әсіпұлы.** Пассионар. // Егемен Қазақстан. – 2003. – 24 қыркүйек.
2. Алаш Орда. «Қазақ» газеті. 1917. Алаш басылымдары. Арыс. – Алматы, Торғай облысының мұжық-қазағының сиезі. №229. – 86 б.
3. **М.Қойгелді.** Алаш қозғалысы дүниетанымдық тарихтың өзегі. // Қостанай таңы. – 2008. – 14 қазан.
4. **Т.Шонанұлы.** Қазақ жердің қадірін біле ме? // Ақиқат. – 2011. №7.
5. **К.Ілиясова.** Ақпан революциясы немесе «төңкерістік жарылыс». // Егемен Қазақстан. – 2017. – 27 ақпан.
6. Әлем. Әлем альманах. Алматы, 1991. – 317 б.
7. Краткий политический словарь. Политиздат. М., 1989. – стр. 410.
8. **Н.Дүйсенова.** «Алаш қозғалысы» идеясы және тәуелсіз Қазақстан. // Қазақ тарихы. 2014. №5.
9. **Х.Әбжанов.** Адамзат өркениетінің арнасында. «Бар болу» немесе «бордай тозу» дилеммасы. // Егемен Қазақстан. – 2017. – 14 наурыз.
10. **М.Дулатов.** Шығармалары. Алматы. «Жазушы». 2001. – 215 б.
11. **М.Дулатов.** Шығармалары. Алматы. «Ана тілі». 2010. – 279 б.
12. **А.Байтұрсынов.** Ақ жол. Шығармалар жинағы. Алматы. – «Жалын», 1991. – 214 б.
13. **А.Байтұрсынұлы.** Маса. Өлеңдер мен көсем-сөздер. Алматы. – «Раритет». 2005. – 179 б.
14. **Ә.Бөкейханов.** Шығармалар. – Алматы. «Қазақстан», 1994. – 173 б.
15. **Ә.Бөкір.** Уәде үдесінен шыққан ұлы тұлға. // Қостанай таңы. 2016. – 5 сәуір.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕТЕЛДЕРМЕН МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

(Соғыстан кейінгі кезең)

Әлібек АМАН,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Тәуелсіздіктің ширек ғасырын артқа тастаған Қазақстан – қазіргі таңда дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі. Оның дәлелі – еліміздің БҰҰ, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және т.б. халықаралық, аймақтық ұйымдардың беделді мүшесі болуы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «*Біздің басымдықтарымыз өзгермейді, көршілеріміз Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту мәселесі болып табылады. Біз Кеден одағын және Біртұтас экономикалық*

кеңістікті нығайтатын боламыз», – деп көрсетті [1].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы алыс-жақын шетелдермен ынтымақтаса отырып, бейбітшілікті, рухани-мәдени, ақпараттық-технологиялық, саяси-идеологиялық және нарықтық құндылықтарды жаңғыртуды басты ұстанымы етпек. Тарих сабақтастықпен дамиды десек, қазіргі таңдағы еліміздің сыртқы қарым-қатынастары өткен кезеңмен тығыз байланысты. Бұл кезеңде Қазақстан КСРО-ның сыртқы саясаты шеңберінде ғана сыртқы мәдени байланыстарын дамытты. Соғыстан кейінгі уақытта орын алған халықаралық қатынастардағы қос жүйе республиканың шетелдермен тек мәдени-гуманитарлық саладағы ғана байланыс жасауына мүмкіндік берді.

Соғыстан кейін мәдени байланыс тереңдеп, республиканың бірқатар өнер ұжымдары мен әртістері шетелге танылды. Қазақ жазушылары, суретшілері, сазгерлері, опера және балет шеберлері өз шығармаларын, орындау шеберліктерін Еуропа, Азия, Африка мен Америка елдерінде көрсетті.

Алайда шетелдермен байланыстардың көлеңкелі тұстары да болды. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстары барынша идеологияландырылды. Мәдени байланыстар барысында кеңестік Қазақстанның жетістіктері ғана насихатталып, көлеңкелі тұстары бүркемеленді. Бұл ретте Қазақстанның мәдениеті мен экономикасының «табыстары» мен «гүлденуі» дәріптелуі тиіс болды. Шетелдерде кеңестік интернационализмді насихаттайтын көркем әдебиеттің шығармалары насихатталып, қазақ ұлттық зиялыларының прозасы, публицистикалық және ғылыми еңбектері мәлім болмай келді. Шетелдерге жіберілетін өкілдер қатаң тексерістен, мақалалар мен хабарламалар қатаң цензурадан өткізілді.

1947 жылы құрылған шетелдермен мәдени байланыстар жөніндегі Бүкілодақтық қоғамның Қазақ бөлімшесінің негізінде 1959 жылы Қазақтың шетелдермен достық қоғамы құрылды. Оның құрамында 14 облыстық бөлімше, 240-тан астам мекеме, ғылыми, мәдени мекемелердің ұжымдары, шығармашылық одақтар және т.б. болды. Сонымен бірге республикада КХДР-мен, Моңғолия, Үндістан, Қытай, Араб елдерімен, Африка елдерімен достық ассоциациясы мен Кеңестік қоғамының 7 қазақстандық бөлімшесі және кеңес-чехословак қоғамының Қарағанды қалалық бөлімі де құрылады. Социалистік елдерде достастық елдермен тығыз байланыстың орнауына ықпал ететін осыған ұқсас бөлімшелердің құрылуына үлкен маңыз берілді [2, 10-п.].

Қазақтың шетелдермен достық қоғамының барлық іс-әрекеті республиканың шетелдермен мәдени және достық байланыстарын одан әрі кеңейту мен нығайтуға арналды. Сонымен бірге шетелдік қауымдастық Кеңестік Қазақстанның өмірдің барлық салаларындағы жетістіктерін таныстыруға және насихаттауға бағытталды. Осы мақсатта Қазақтың достық қоғамы өзінің адресаттарына ағылшын тіліндегі В.И.Лениннің еңбектерін, түрлі насихаттық, ақпараттық-анықтаушы материалдар, көркем әдебиеттің шығармаларын, мақалалар, очерктер, репортаждар, фотоиллюстрациялар, көрмелер және суреттер жіберді. 1965 жылы Қоғам әлемнің 65 елімен достық байланыс жасай отырып, бір жылда өзінің адресаттарына 123 суретті жинақ, 913 очерк пен мақала, қазақ халық музыкасының 53 грампластинкасын жіберген болатын [Сонда, 13-16-пп.].

Республикада әдеби байланыстар саласында шетелдік әдебиеттерді аудару ісі де қатар жүрді. Ағылшын, француз, неміс және тағы басқа әлемнің көптеген тілдеріндегі көркем шығармалар қазақ, орыс тілдеріне аударылып, көпшілік қауымның назарына ұсынылды. Бірақ көп жағдайда әдебиеттер орыс тілдеріне аударылып, сондай-ақ социалистік лагердегі елдердің әдебиеті көптеп аударылды. Ал капиталистік елдер әдебиеті үлкен цензура арқылы аударылып отырды.

1976-1980 жылдары «Қазақстан» баспасын-

дағы неміс әдебиетінің редакциясы 299,3 бет көлеміндегі 68 атауды 421,3 мың данамен шығарады. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысымен салыстырғанда неміс тіліндегі шыққан әдебиеттің көлемі 10-ға ұлғайып, көлемі бұрынғы күйінде қалғанымен, тиражы 80 мың данаға ұлғайды. Атеистік мазмұндағы, өзекті шығармалар, әскери басылымдар шығару ұлғайды, бұл, әсіресе, кеңестік неміс тұрғындарына арналған идеологиялық диверсия мен империализмге қарсы үгітке қатысты болды. Авторлар ұжымының «Құдай мен адам туралы әңгімелер», А.Н.Ипостовтың «Меннониттер деген кімдер», Л.Л.Вайдманның «Иудейді сүй», «Отан тек біреу» жинағы, «Ащы мойындау», В.О.Файттың «Өз бақытының шебері» атты кітаптар жарыққа шықты [3, 45-п.].

Қазақстан социалистік жүйедегі елдермен әдебиет саласындағы байланыстарды нығайтып отырды. Бұл ретте көркем шығармаларды аудару, жазушылардың кездесуі, мерейтойлар басты рөл атқарды. Сондай-ақ интернационалдық достық идеясы дәріптеліп, кеңестік идеологияға сай тақырыптар кеңінен қамтылды.

Социалистік елдердегі жазушылардың шығармаларын аудару ісі жолға қойылды. Мысалы, республикада 1918-1975 жылдары чех және словак жазушыларының 1 223 кітабы 65 миллион данамен шықса, осы уақытта польша әдебиетшілерінің еңбектері 63 миллион таралыммен 1 432 рет шықты [4, 96-б.].

Қазақстан көршілес Қытай Халық Республикасымен де әдеби байланыстарды орнатты. Кеңестер одағында Қытай Коммунистік партиясының тарихы, Қытайдағы азамат соғысының жеңісі, билікке коммунистердің келуі, Мао Цзе-Дун жөніндегі көркем әдеби шығармалар аударылып, насихатталды. Бұл да кеңестік идеологияның саясатынан туындаған шаралар болатын.

Қазақстан тарапы қытай жазушылары мен ақындарының еңбектеріне үлкен қызығушылық танытқан. Қазақстанда қазақ тілінде Лу Сиидің «Үш жауынгер», «Күн шапағы алды», Дин Линнің «Сангань өзені үстіндегі күн» повесі, Чжао Шу-ли, т.б. әңгімелері жарық көрді. Сонымен бірге қытай жағы да қазақстандық әдебиеттің дамуын жіті қадағалап отырды. Қытайда қазақ халқының ұлы ақыны Жамбылдың өлеңдері, жазушылар М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, т.б. шығармалары жарық көрді [5, 20-б.].

Қазақстан алыс-жақын шет елдермен өнер саласында өз байланыстарын дамытты. Өнер саласындағы байланыстар басқа да рухани өмірідегі ынтымақтастықтар секілді социалистік және капиталистік жүйе болып екі салада дамыды. Бұл екі сала бойынша байланыстарға тән ортақ сипат өнер саласындағы байланыстардың сол кездегі өмір сүріп тұрған идеологияның талаптарына жауап беруі болатын. Рухани өмірдің барлық салалары секілді өнер саласындағы байланыстарға да кеңестік Қазақстанның жетістіктерін, лениндік ұлт саясатын, халықтар теңдігін, интернационализмді насихаттау, буржуазияшыл идеологиямен күресті күшейту міндеті қойылды.

Өнер саласындағы байланыстарда театр жанрындағы байланыстар жолға қойылды. Театрларда

алыс-жақын шетелдер авторларының пьесалары мен опералары қойылды. Сондай-ақ қазақстандық театр ұжымдары да шетелдерде болып, өз өнерлерін көрсетіп жатты.

1955 жылы республикада поляк композиторы Ф.Шопеннің 140 жылдығы атап өтілді. Оның музыкалық шығармашылығы туралы баяндаманы белгілі қазақ композиторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ.Қожамиров жасап, ол республикалық радиодан берілді. Алматы консерваториясында оқушы-музыкант П.Аравин «Ф.Шопэн және поляк музыкасы» деген дәріс оқыды [6, 21-22-бб.].

Астаналық, облыстық театрлардың сахналарында В.Шекспирдің «Отеллосы», Ж.Б.Мальердің «Сырқат», «Тартюф», Ф.Шиллердің «Айуандық пен махаббат», А.Фредронің «Әйелдер мен гусарлар» атты пьесалары қойылды. «Республика астанасында Корей Халық Демократиялық Республикасының әртістері, Герман Демократиялық Республикасының гитарашысы, поляк әншісі Войтович, жапондық скрипкашы Цудзи, белгілі румын әншісі Карабихери, болгариялық эстрада ансамблі, аргентиналық оркестр «Танго», жас моңғол әншілері, белгілі перу әншісі Има Суман, Пәкстан, Судан әншілері, үнді би тобы, француз пианисті Жаклин Эймир ән шырқады» [7, 33-б.].

Ал қазақ халқының әндері Румыния, Венгрия, Польша Халық Республикаларында, Герман Демократиялық Республикасында, Бельгия, Үнді және тағы басқа елдерден К.Байсеитованың, КСРО Халық әртісі Е.Серкебаевтың, республика халық әртістері Р.Бағланованың, Жамал Омарованың, Байғали Досымжановтың, Жүсіпбек Елебековтің, Б.Төлегенованың, Ғарифолла Құрманғалиевтің, ағайынды Абдуллиндердің орындауларында шырқалды. Ал қазақ жігіттерінің «Көкпар» биі АҚШ-тың көптеген қалаларында зор құрметке ие болды. Бүкіләлемдік фестивальдің лауреаттары болып республика әншілері Р.Бағланова, Б.Досымжанов, Е.Серкебаев, Р.Мұсабаевтар танылды. Құрманғазы атындағы мемлекеттік қазақ халық аспаптары оркестрі Бухаресте жастар мен студенттердің Бүкіләлемдік фестивалінің Алтын медалін иеленді. Берлинде жастар мен студенттердің халықаралық фестивалінің лауреаттары болып қобызшы Фатима Балғаева мен домбырашы Әзидулла Есқалиев танылды [Сонда, 34-35-бб.].

Шетелдермен мәдени ынтымақтастықты театр, өнер ұжымдарымен қатар кино ұжымдары да байытып отырды. Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ киномотографиясы халықаралық сахнаға шығып, өз жетістіктерімен таңдай қақтырып жүрді. Кино саласындағы байланыстар түрлі халықаралық жарыстар, көрмелер, кинофестивалдар түрінде жүзеге асырылды.

Киномотографистердің шығармашылық ынтымақтастығы күндер мен апталықтар өткізу, делегациялармен алмасу, халықтар өмірінен алынған фильмдердің фестивальдары мен қойылымдарына қатысу, кинопрокат пен кино түсіру саласындағы тәжірибиелермен алмасу, т.б. болды.

Шығыс Еуропа елдерінде қазақстандық «Транссібір экспресі», «Атаманның ақыры», «Ине», т.б. фильмдер қойылды. Шығыс еуропа халықтарының кино өнерін насихаттауда маңызды рөлді Қазақстанда

өткізілген фестивалдар мен апталықтар алды. 1973 жылы Алматыда ГДР кинофильмдерінің апталығы өтті. Қаланың көптеген кинотеатрларында Шығыс Германияның киномотография Бас басқармасының өкілі О.Райнердің және киносценарист К.Грейфтің қатысуымен салтанатты кездесулер ұйымдастырылды. «Менің балалық шағымнан», «Мен енді ересекпін», «Менің қымбатты Робинзоным», т.б. фильмдер көрсетілді [4, 119-б.].

Қазақстанның шетелдермен сурет, қылқалам жанрлары бойынша да ынтымақтастықтары кеңінен дамыды. Бұл байланыстар негізінен көрмелер, халықаралық форумдар, шығармашылық іссапарлар түрінде болды.

Қазақстанның суретшілердің еңбектері халықаралық көрмелер арқылы танылды. 1960 жылы Бирма, Ауғанстан және Цейлонда өткен көрмеде О.Таңсықбаевтың «Тың», К.Телжановтың «Домбыра дауысы», Л.Леонтьевтің «Қазақстан композиторлары», Ә.Қастеевтің «Тау пейзаждары» атты картиналары көрсетілді. Ал К.Телжановтың «Бабалар жерінде» атты картинасы Пәкістанда, Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында көрсетілді [7, 36-б.].

1962 жылы Алматыға белгілі американдық суретші, бейбітшілік үшін күрескер, американ-кеңес достығы Ұлттық Кеңесінің төрағасы Роквелл Кент және оның әйелі Сэлли Кент келеді. Мемлекеттік көркем сурет галереясында Р.Кент және оның әйелі Қазақстанның суретшілерімен кездесті. Ол республиканың бірқатар суретшілерінің туындыларына жоғары баға берді. Оның ішінде, Р.Кент халық суретшісі Ә.Қастеевтің «Тау ағыны» еңбегіне назар аударып, оны жоғары бағалады [8, 126-127-пп.].

Қорыта келе Қазақстанның соғыстан кейінгі уақыттағы шетелдермен мәдени саладағы байланыстарының тарихы тағылымды да мазмұнды. Қарастырылып отырған кезеңде республиканың алыс-жақын шетелдермен мәдениет, өнер, әдебиет, ғылым мен білім салаларындағы байланыстары идеологиялық қыспақта болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Президент және халық, 14 желтоқсан, 2012 ж.
- 2.Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (бұдан әрі – ҚР ПМ), 708-қор, 48-тізбе, 502-іс.
- 3.ҚР ПМ, 708-қор, 97-тізбе, 200-іс.
- 4.**Бейсенбекова Н.** Экономические и культурные связи Казахстана со странами Восточной Европы (с начала 1970-х и до середины 1980-х гг.) Дисс. ... к.и.н. Караганда, 1993. -205 с.
- 5.**Джангалин М.** Зарубежные культурные связи Казахской Республики. //Слово зарубежных друзей о Советском Казахстане. Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. –С. 3-40.
- 6.**Л.В.Гойко.** Экономические и культурные связи Казахстана с Польской Народной Республикой (1944-1967 гг.) Автореф.дисс.на соиск. канд.ист.наук. Алма-Ата, 1970.-24 с.
- 7.**Шамжанова.** Живительный источник. Алма-Ата: Казахское государственное издательство. 1963. -52 с.
- 8.ҚР ПМ, 708-қор, 35-тізбе, 315-іс.

ҚАҺАРМАН ТҮЛҒА – ЕРМҰХАН

Анар КӘРІМОВА,
т.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің
тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі
Болатбек МҰЗАФАРОВ,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің
«MARGULAN CENTRE» орталығының кіші ғылыми қызметкері



Келбет-көркі ғана емес, бітім-жаратылысы да айрықша оқшаулана біткен, сары дала төсінде құтты бір арал сияқтанып өзгеше сомдалған, табиғат ана асқан шеберлікпен небір дәру қасиеттерді сый еткен, киелі Баянаул жерінен ауыз толтырып айтатындай тарихи тұлғалардың шыққаны ғажап құбылыс!

XX ғасырдағы қазақ тарихын зерттеу кезінде өзінің

бойына біткен ерекше дарындылығымен, есімі ғылыми ортаға таныла білген, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби тарихшы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ер тұлға Ермұхан Бекмахановтың өмір жолы мен ғылыми мұрасы келер ұрпақтың жадында мәңгілік сақталатынына еш күмәніміз жоқ.

Ермұхан Бекмаханов жайында Халық қаһарманы, академик Шапық Шөкин былай десе керек: «Ұлтымыздың аса көрнекті тарихшысы Ермұхан Бекмаханов уақыт бедеріне бағынбаған, шыншыл ғалым болатын. Ол докторлығын екі рет қорғады. Еңбегінің нашарлығынан емес, тыйым салынған Кенесары тақырыбына жазылғандықтан. 1947 жылы Қазан төңкерісінің 30 жылдығына байланысты Одақтық Академия бойынша үлкен салтанатты кеңес өтуі керек болатын. КСРО ҒА-ның басшысы Вавилов Сәтбаевқа телефон соғып, Қазақстан тарапынан баяндама жасайтын адамды айтуды сұрайды. Қаныш Бекмахановты ұсынады. Жиналыста қағазсыз сөйлеген жас баяндамашыға ғалымдар таң-тамаша болады» [1, 35-б.].

Хан Абылайдың отыз ұлының бірі Уәли ханнан тарайтын 14 ұрпақтың ортаншысы Тәукеден – Жанпейіс төре, одан Жанбабек. Одан туған үшеудің біреуі – Беген, оның баласы Бекмаханнан – Ермұхан... Демек, асылзада Е.Бекмаханов – ұлы Абылайдың жетінші ұрпағы.

Қазақ халқын саяси, экономикалық, демографиялық, рухани-моральдық және т.б. жағынан өте төмен жағдайға түсіруді көздеген кеңес үкіметінің қылышынан қан тамған сталиндік кезеңнің қитұрқы саясаты қаншама қазақ ұлыларының бетін тырнап, жүрегін жаралағаны белгілі. Ұлы ханның ұрпағынан тараған әкесі Бекмаханның тұрмыс-жайына күнкөрістік ғана дәулет бітсе керек. Әкесі кішкентай кезінде қайтыс болады да, бұдан кейінгі тәлім-тәрбиесі анасы Бәпіш Қоңырбайқызының қолында өтеді. Алғаш сауатын

болашақ тарихшы ауылдағы шала мектепте ашып, артынан 1926 жылы Баянауылдағы орыс мектебінде жалғастырады. Ғалымның жастық шағы туралы белгілі жазушы ағаларымыз Зейтін Ақышев, Дихан Әбілев өз естеліктерінде жазған. Олар болашақ тарихшының бала кезінен сезімталдығы, бірбеткей, өткірлігі, зеректігімен қоса тарих пәнін сүйгендігін, өнерге де бір табан жақын тұрғандығын және өз жанынан өлең жазатынын тілге тиек етеді.

Баянауылдағы орыс мектебін аяқтағаннан соң ол Семей қаласындағы жоғарғы оқуға дайындайтын жедел курсты аяқтайды. Сөйтіп, Воронеж педагогика институтының тарих факультетіне түсіп, 1937 жылы тәмамдайды. Көрнекті ғалымның бұдан кейінгі ғұмыры Алматыдағы ғылыми-зерттеу институттарында, Мемлекеттік университеттің тарих кафедрасында, Орталық Комитеттің лекторлар тобында өтеді.

Осы оқу орнында оқып жүргенінде Бекмахановтың қазақтың соңғы ханы Кенесарыны зерттеуге кірісуіне түрткі боларлық бір оқиға орын алады. Осы жөнінде ғалымның жұбайы Халима Адамбекқызының естелігі: «Воронежде жүргенімде үнемі бір қазақ кісіні көретінмін», – дейтін Ерекең. «Осы кісі шынында да қазақ болса ғой шіркін» дейтінмін. Шет жерде қандасыңды ұшырату қандай керемет! Көпке дейін бата алмай жүрдім де, бір күні ақыры жанына барып, «аға, сіз қазақсыз ба?» деп сұрадым. Ана кісі «Иә балам, мен қазақпын» демесі бар ма?!». Сөйтсе, ол Воронежге жер аударылған алаш ардақтыларының бірі Халел Досмұхаммедов екен. Солайша екеуі үнемі кездесіп, әңгімелесіп тұрады. Халел Досмұхаммедов өзі дәрігер болса да, тарихты жақсы білген зиялы адам. Ал, Ерекең ол кезде ауылдан енді ғана шыққан, өзі орысша оқыған студент. Сондықтан Ерекеңе Кенесары ханды зерттеуге бағыт берген де сол Халел Досмұхаммедов шығар деймін кейде...» [2, 4-б.].

1947 жылы жас тарихшы кейін өзіне үлкен даудай әкелген, десек те ғалымдық тұлғасын тарихта қалдырған ұлы еңбегі «ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты ғылыми монографиясын жарыққа шығарады. Осы еңбектің шығуы мұң екен, ғалымның соңынан қара бұлт үйіріліп, жас тарихшының алдына тосқауыл қойған теріс пиғылды әріптестері бірден қаралауға кіріседі. Осының басы-қасында М.Ақынжанов, Т.Шойынбаев сынды қара тобырлардың бел шешіп қарсылық көрсеткенін білеміз.

Ғалымның ғылыми ұстазы А.М.Панкратова Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы І.Омаровқа 1949 жылы жолдаған хатында: «... Я совершенно не понимаю, почему грузинские цари или узбекские ханы могут считаться при аналогичных исторических условиях прогрессивными деятелями, а казахи должны чернить Аблая или Кенесары Касымова? Я ни в коем случае не могу стать на антиисторический путь оценки этих виднейших деятелей казахской истории», – деп жазса керек [3, 72-б.].

Алайда, 1951-1953 жылдар аралығындағы кезекті науқанда қазақтың бетке ұстар әдебиеттанушылары

мен тарихшылары да қуғындалады. Осы тұста Е.Бекмаханов 25 жылға сотталса, ұлтымыздың маңдайалды ұлылары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, А.Жұбанов қызметтерінен алыстатылады.

Қоғамымызда жаңа сана қалыптасуына байланысты текті ұрпақтың тұяғы Ермұхан Бекмахановтың шынайы ерлігін, бүгінгі таңда кез келген қазақ баласы санасына мықтап сіңіре отырып, халқымыздың бүгінгі таңдағы қол жеткізген тәуелсіздігіне осындай ұлы тұлғалардың үлесі зор екенін мақтан тұтатыны анық. Десек те, осы еңбектің кейбір жақтары жас буынға беймәлім.

Әрі патша офицері әрі қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов Кенесарыны бүлікшілердің ішіндегі ең ержүрек деп сипаттаған. Ол патша үкіметіне қарсы көтерілген Қасым төре тұқымына қарсы пікірдегі Уәли ханның немересі бола тұра қозғалыстың басты себептері туралы былай деген: «хандық билікті жою, даланы округтерге бөлу, «қырғыздарды» басқару үшін сібірлік әкімшілікті кіргізу немесе жаңа тәртіптерді орнату толқуларсыз өтпеді» [4, 211-6.].

Ал белгілі тарихшы, қоғамдық қайраткер А.И.Левшин былай деп жазған: «Қырғыз-қайсақтар көшпелі жағдайын өзгертпей, бұрынғы қалпында өмір сүргені дұрыс. Ресей державасы да олардың кедей егінші болғандығынан, бай малшылар болғанын құптауы керек... Даланың өзі көшпенді өмірді қалайтын сияқты...» [5, 249-6.]. Қазақтардың шаруашылық жағдайына, әдет-ғұрпына кең пейілділікпен қарау күнделікті өмір талабы екендігін кейіннен, **1867 жылы, белгілі авторлардың бірі И.Завалишин де басып айтқан:** «...орыс шенеуніктері қырғыздарға менсінбей қарайды, олардың жабайлығына күледі...» [4, 250-6.].

Келесі пікір-талас тудыратын мәселенің бірі – Кенесары ханның майдандас серіктері жайлы. Кенесары әскерінің ішінде қазақтың үш жүзінен аса беделді, аты жұртқа әйгілі батырлар болды. Шұбыртпалы руынан шыққан Ағыбай (Орта жүз – Қарқаралы), Сүйіндік Жанайдар батыр (Орта жүз – Баянауыл), Қыпшақ (Орта жүз – Торғай) Иман Дулатов (Амангелді батырдың атасы), Табын Жоламан Тіленшиев (Кіші жүз – Сырдария), Дулат Бұғыбай (Ұлы жүз – Жетісу), Атығай Аңғал батыр (Орта жүз – Көкшетау), Қыпшақ Басығара батыр (Орта жүз – Ақмола), Арғын Жеке батыр (Орта жүз), Дулаттан шыққан Жәуке, Сұраншы, Байсейіт батырлар сияқты үзеңгілес жолдастары болды.

Кенесары батырларының әлеуметтік құрамы да біркелкі емес еді. Қара халықтан шыққан (Ағыбай, Бұқарбай, Жеке батыр, т.б.) батырлармен қатар, Кенесары батырларының арасында ақсүйектерден шыққан аты әйгілі сұлтан Наурызбай, Бопай ханым, Табын руының биі Жоламан Тіленшиев те болды.

Деректерде қарапайым бұқара халықтың көтеріліске қатысуы жайлы көбінесе экономикалық себептерге байланысты мәліметтер келтіріледі. Ал қандай мәселелердің психологиялық түрткі болғаны туралы ештеңе айтылмайды. Жалпы, қазақ халқы әдет-ғұрыпқа, рулық бірлестікпен тіршілік етуге бейім болғандықтан, дәстүрлі билік жүйесін бұзуға, жерден айырылып, отырықшылыққа көшуге, орыс әскеріне шақырылуына наразы болды. Қазақ халқының санасы болашаққа деген үміт пен шынайы өмірдің көрінісінен, діни наным-сенімдердің ықпалымен қалыптасып, ру, тайпа секілді бірлестіктерде өмір сүруге бейім болғандықтан, біреудің қайғы-қасіретін жұмыла көтерген.

Егемен ел болып, ес жиған кезде ғана алаштың осы азаматтарының елі үшін атқарған ерен қызметтері мен өнегелі өмірлері жөнінде толық біле бастадық. Қазақтың қамын ойлап қалам тартқан тарихи тұлға Ермұхан Бекмаханов еді. Көп жыл бойы бұрмаланып келген ақиқатты ашу, шынын айту оңай шаруа емес.

Халқы үшін, ұлт тарихы үшін қызмет істеп «қылмысты» болған Ермұхандай нар тұлғалы азаматтың артында қалған мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін алтынның сынығы ғана емес, нағыз асылдың өзі болмақ.

ӨДЕБИЕТТЕР

1. **Шөкин Ш.** Өмірдің төрт мезгілі. – А, 1975. – 480-б.
2. **Әбсаттар М.** «Кенесарыны зерттеуге Халел бағыт берген-ау...» // Ана тілі. – 2007- № 5 – 4 б.
3. **Бекмаханов Е.Б.** Жеті томдық шығармалар жинағы. 1-т. (Ғалымның өмірі мен қызметі және Қазақстан тарихы). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2005. – 214 б.
4. **Қасымбаев Ж.** Көтерілістің көзден таса беттерінен // Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
5. **Левшин А.И.** Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей ред. ак.М.К.Козыбаева). – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Айжан ТАЛМАН,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында (24 сәуір, 2013 ж.) сөйлеген сөзінде: «Қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс. Біздің тарихты тануымыз тұтас, оң сипатта болуға, қоғамды бөлініске салмай, біріктіруге тиіс. Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру үшін біздің шынайы тарихымыздың, мәдениетіміздің, дініміздің қандай екенін айқын сезінуіміз қажет», – екендігін де атап өткен еді. Әрине, бұл өскелең ұрпақтың бойына жаңа құндылықтарды жалпыадамзаттық және ұлттық негізде қалыптастырудың қазіргі таңда көкейкесті

мәселе екендігін байқатады.

Қазақ мәдениетінің өткенін түркілік дәуірден бөліп қарастыруға болмайды. Ендеше түбі бір түркі халықтарының ділі мен тілін, мұсылмандық дүние танымы мен әлемді пәлсафалық тұрғыдан игеру тәжірибесін бүгінгі дамуымызда өркениеттік бағытта жан-жақты ескергеніміз жөн. Рухани-мәдени өмірдің адамгершілік тұрақсыздығын еңсеру мен халқымыздың өзіндік санасын жаңғырту міндеттері философиялық ғылымдар, әсіресе, мәдениеттану ғылымы саласында бүкіл түркі әлемін жалпы дүниежүзілік мәдениетпен салыстыра отырып зерттеулер жүргізу қажеттігін туындатып отыр. Бүкіладамзатқа ортақ кемеңгерлердің, солардың қатарында тәрбиелік

тағылымдары түркі халықтарына ертеден таныс және жоғары бағаланатын ежелгі грек данышпандары Аристотель, Сократ, Платон, т.б. және мұсылман ойшылдарымыз Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иасауи, т.б. даналардың мәселен, тәрбиенің мәнін жоғары бағалаған ойлары сабақтасып жатады. Қазақтың ұлы даласы жалпыадамзаттық өркениеттің дамуына сүбелі еңбектерімен атсалысқан әмбебап ғұлама ғалымдардың үлкен шоғырын берген [2].

Ортағасырлық түркі ойшылдарының түркі дүниесінің әлемдік ғылым қазынасына қосқан ұлы еңбектеріне қатысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Махмұд Қашқаридің «Түркі сөздігі», Ахмет Иасауидің «Даналық кітабы», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» секілді ұлы шығармалары, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбунасыр Фарабидің бұған дейін біршама игерілген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мәуесіндей...» [3], – деп баға береді.

Отансүйгіштік, ұлтжандылық тәрбие мәселесіне қазақ халқы қоғамының барлық даму кезеңдерінде аса зор мән берген. Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір-қасиет тұтуды Ұлы дала ойшылдары Қорқыт Ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, т.б. айтқан болатын. Ортағасырлар кезеңіндегі түркі ойшылдарының бірі – Жүсіп Баласағұнның әдепнамалық ілімдерінің қазіргі білім беруде айрықша маңызы бар. Себебі, халқымыздың бізге аманат етіп қалдырған мұраларының ортағасырлық сипаты, этникалық ділі, құндылықтық бағдарлары оның шығармашылығы мен танымдық түсініктері арқылы анық байқалады. **Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі» – түркі тілдес халықтардың ішінде бізге жеткен алғашқы еңбектердің бірі.** Бұл еңбек түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ жеке ұлт болып қалыптасқанына дейінгі ортақ мәдени мұра болып есептеледі. Ж.Баласағұн адамгершілік пен іскерлік аясын кеңейтуде, тұлғалық және халықтық сананы қалыптастыруда өзіндік қайталанбас рөлін атқарды.

Түркі халықтарына ортақ классикалық көне дәуір туындысында халқымыздың рухани жан дүниесі мен өмір салты терең ашып көрсетілген. Жүсіп Баласағұнның атақты дастанында адамгершілік, философиялық тәмсілдер, парасат пен ақыл-ой сұлулығы, жар таңдау, бала тәрбиесі, елдік құру, мемлекет түзу, ел басқару, тәлім-тәрбие мен білім-ғылым сияқты өмірлік, әлеуметтік мәні зор көкейкесті мәселелер жырланған және осы дастаннан біз Баласағұнның сыни көзқарастарын байқаймыз. Жүсіп Баласағұнның бұл кітабы арқылы қарахандар дәуіріне барлау жасап, тарихи-этнографиялық, ақиқаттық-эстетикалық, тіл ерекшеліктеріне қатысты орамдарға байланысты құнды пайымдаулар түйіндеп, пікір қорытуға болады. Шығармада ел басқарудың, экономиканы, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Сол заманғы ғылым мен мәдениеттің жетістіктері де аңғарылып отырады. Дастан көне түрік өркениетінің мәуесі болғанымен, жалпыадамзаттық, адамгершілік-имандылық мұраттарды терең толғап, күллі адам баласына тән ізгі қасиеттерді ұлағат етіп ұсынады. «Құтты білік» дастанын тек қана әдеби мұра деп қарау біржақтылық болар еді. Оның жалпы түрік тілдес халықтар тарихындағы әдебиеттану, тілтану, тарих, мәдени-тарихи қатынастар саласындағы алатын орыны, маңызы мен мәні аса зор. Бұл тұрғыда қазақ халқының да рухани-кәметтену жолының күретауы Жүсіп Баласағұнның эстетикалық әлемінде жатыр [4]. Оның еңбегінде дүниетанымдық идеалдар, педагогикалық ой-тол-

ғаулар баяндалады. Оның пікірінше, адалдық, әділдік, жақсылық жасауға құштарлық тек дұрыс тәрбие арқылы қалыптастырылады [5]. Ғұламаның тәлім-тәрбиелік мәні бар ойлары күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған және озықтығы мен жаңашылдығына байланысты өскелең ұрпақтың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызды құрал ретінде қарастыру уақыт талабы болмақ.

